Бұл процестің барысынан үлгі боларлық – декларациялар мен ниеттерден нақты істерге көшудің тұрақты үрдісі байқалды. Белсенді интеграциялық процестердің аймақтары пайда болды деп айтуға негіз бар. Олардың арасында Ресей – Беларусь, Ресей – Беларусь – Қазақстан өзара байланыстарын айтуға болады.

Бұл процестер Орталық Азия аймағында – Қазақстан, Өзбекстан және Қыргызстан арасында белсенді дамуға ие болды.

Откен жылдың нақ аяғында дерлік, Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастарды дамыту жөніндегі бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Олар азаматтық, әскери ынтымақтастық, кеден кеңістігі, басқа да аса көкейкесті саяси және экономикалық проблемаларды шешу жолдарын өзара келісе отырып белгіледі. Бұл жұмыс, атап айтқанда, азаматтық бойынша атқарылған жұмыс. Бұкіл ТМД шеңберінде екіжақты және көпжақты қатынастарда осындай проблемаларды шешудің үлгісі ретінде пайдаланылуы мүмкін деп ойлаймыз.

Соңғы жылдары қол жеткізілген нәрселердің бәрі халықаралық құқық нормалары мен принциптеріне, екіжақты және көпжақты қатынастарға түсіп отырған елдердің тәуелсіздігі мен егемендігін, аумақтық тұтастығын өзара қолдау, қорғау жөніндегі міндеттемелерін сақтау жолындағы жауапкершіліктеріне негізделгенінің айырықша оң маңызы бар. Мұның өзі саясатшылар-

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 11 ақпан 1995 жыл.

ға да, халықтарға да бізге таяу болашақта экономикамыздың ойдағыдан қызмет істейді, адам ресурстары мен болашақтың технологиясына қаржы көбірек жұмсалады, өзара тиімді сауда кеңейтіледі, өлеуметтік сала көтеріледі, кең көлемді ғылыми және мәдени алыс-беріс жасалады деген сенімді молайтады.

Достастықтың ішінде жүргізілген жұмыс оған кіретін әрбір елге дүниежүзілік қоғамдастыққа белсендірек енуіне, халықаралық экономикалық және саяси байланыстарды кеңейтіп, нығайтуына, өз мемлекеттерінің қауіпсіздігін күшетуге көмектесуде. Таяуда Будапеште өткөн кездесуде Ресей, АҚШ және Ұлыбритания тарапынан Беларуське, Қазақстанға және Украинаға қауіпсіздік кепілдіктері берілді. Сондай-ақ Қытай күні кеше Қазақстан жөнінде осындай кепілдік беретінін ресми түрде мәлімдеді. Осының бәрі Еуразия кеңістігінде өркениетті, демократиялық қатынастар жүйесін түзеудегі айтарлықтай прогрестің айғағы.

Бірақ бүгінгі өмірдің ақиқат шындығы мынадай: шешілменген проблемалар өлі де көп және олар белсенді практикалық іс-қимылдардың жандандырылуын төжеп отыр. Біздің бәрімізге өз халықтарымыздың алдында біздің елдеріміздің әрқайсысындағы реформалардың тағдыры үшін, прогресс, демократия және тәуелсіздікті нығайту бағытын сақтау үшін айырықша жауапкершілігіміздің ауыртпашылығы жүктеледі.

Бүгінгі кездесудің күн тәртібіне енген барлық мәселелер іс жүзінде осы мақсаттарға бағышталған. Олардың бәрі бірлескен жағдайда білікті мамандар командаларымен жасалды.

ТМД-да бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы құжат, бұл, әлбетте, саяси акті, бірақ мұндай бағытта күш-жігерді топтастыру процесін бастау, ортақ кеңістігімізде тұрақсыздық аймақтарын жоюға, келісімді қамтамасыз етуге, адамдардың ертеңгі күнге деген сенімге ие болып, ол сенімін нығайтуына көмектесуге деген ұмтылысымызды белгілеу – біздің тікелей міндетіміз.

Бұл құжат жалпы алғанда, ТМД-дағы біздің ынтымақтастығымыздың ғаламдық проблемаларын шешуге және өлі де болсын орын алып отырған алауыздықтарды жеңуге көмектесетіні еш күмәнсіз. Оның саяси маңызы мынада: ол – кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктे тұрақтандыру жөніндегі қосымша шараларды қолдану үшін белгілі бір үлгіге айнала алады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты жүзеге асыру мәселелеріне байланысты құжаттар жиынтығы аса маңызды – мұнда нақты арнаға көшетін уақыт жетті. Әңгіме Еуразия аумағында қорғаныс одағын құру туралы болып отыр, ол келешекте ғаламдық қауіпсіздік жүйесінің бір бөлігіне айналады. "Ұжымдық бітімгершілік құштер және оларды материалдық техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы" келісіміне хаттама дер кезінде істелген. Әуе шабуылынан қорғанудың біріккен жүйесін құру туралы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің және оған кірмейтін мемлекеттердің шекарасын қорғау ісіндегі ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізу

Достастықтың әрбір елінің өз құқықтық базасын нығайтудың негізіне айналады, шекара мәселелері бойынша ұлттық зандарды жақындастыруға мүмкіндік береді.

Ол ТМД шеңберінде ортақ ғылыми кеңістікті жаңғырту және сақтау жөніндегі келісілген шаралар осы салада үйлестірілген ынтымақтастықты қамтамасыз етеді, алғыс болашақта емес, ең таяудағы мезгілдің өзінде сүбелі нәтижелер әкелетін болады.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ЗАСЕДАНИИ СОВЕТА ГЛАВ ГОСУДАРСТВ И СОВЕТА ГЛАВ  
ПРАВИТЕЛЬСТВ СТРАН СНГ\***

---

Алматы, 10 февраля 1995 года

**НОВЫЙ ШАГ НА ПУТИ ИНТЕГРАЦИИ СОДРУЖЕСТВА  
НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ**

За годы существования Содружества нами пройден нелегкий путь. Несмотря на многие, наверное, неизбежные трудности, мы все-таки добились существенного прогресса в нашем движении. Особенно плодотворным, отмеченным сильными интеграционными импульсами был прошлый год. Это очень отчетливо обозначилось в области экономического сотрудничества, практическим проявлением которого стало создание Экономического союза. Приступили к работе Межгосударственный экономический комитет и Межгосударственный экономический суд, сформированы и начали функционировать другие институты Содружества.

Показательна динамика этого процесса – наметилась устойчивая тенденция перехода от деклараций и намерений к реальным делам. Можно сказать, что возникли зоны активных интеграционных процессов. В их числе взаимосвязи: Россия – Беларусь, Россия – Беларусь – Казахстан. Активное развитие получили эти процессы в Центрально-Азиатском регионе – между Казахстаном, Узбекистаном и Киргызстаном.

Буквально в конце прошлого года принят ряд важнейших решений по развитию отношений между Казахстаном и Россией. К обоюдному согласию ими определены пути решения таких актуальнейших политических и экономических проблем, как гражданство, военное сотрудничество, таможенное пространство и других. Представляется, что эти наработки, в частности по гражданству, могут быть использованы как модель решения подобных проблем в двусторонних и многосторонних отношениях в рамках всего СНГ.

Очень важное позитивное значение имеет то, считает Президент Казахстана, что достигнутое за последние годы базируется на нормах и принципах международного права, ответственности за соблюдение обязательств по взаимной поддержке, сохранению независимости и суверенитета, территориальной целостности стран, вступающих в двусторонние и много-

---

\* Газета "Казахстанская правда", 11 февраля 1995 года.

сторонние отношения. Это прибавляет уверенности как политикам, так и народам в том, что в недалекой перспективе удастся обеспечить успешное функционирование наших экономик, больше вкладывать средств в людские ресурсы и технологии будущего, расширять взаимовыгодную торговлю, поднимать социальную сферу, вести широкий научный и культурный обмены.

Проделанная внутри Содружества работа помогает каждой из входящих в него стран активнее внедряться в мировое сообщество, расширять и укреплять международные политические и экономические контакты, безопасность своих государств. На недавней будапештской встрече со стороны России, США и Великобритании предоставлены гарантии безопасности Беларуси, Казахстану и Украине. Буквально на днях Китай также официально заявил о таких гарантиях по отношению к Казахстану. Это свидетельствует о значительном прогрессе в выстраивании системы цивилизованных, демократических отношений на евразийском пространстве.

Но сегодняшние реалии таковы, пока еще нерешенных проблем достаточно много, и они сдерживают активизацию практических действий. На нас всех возлагается бремя особой ответственности перед своими народами, перед историей за судьбу реформ, за сохранение курса на прогресс, демократию и укрепление независимости каждой из наших стран.

На это и направлена постановка практически всех вопросов, внесенных в повестку дня нынешнего саммита. Все они готовились совместно квалифицированными командами.

Это, конечно, политический акт, но начать процесс консолидации усилий в таком направлении, обозначить общее стремление к ликвидации зон нестабильности, обеспечению мира и согласия на общем пространстве, помочь людям в обретении и укреплении уверенности в завтрашнем дне мы просто обязаны. Вне всякого сомнения, этот документ будет способствовать в целом решению глобальных проблем сотрудничества в СНГ и преодолению имеющихся еще разногласий. Его политическое значение и в том, что он может служить некой моделью для применения дополнительных мер по стабилизации постсоветского пространства.

Очень важен пакет документов, связанных с вопросами реализации договора о коллективной безопасности, – пора перейти здесь на практические рельсы. Речь идет о создании оборонного союза в Евразийском регионе, который в перспективе станет частью глобальной системы безопасности. Своевременен и протокол к соглашению Совета глав государств Содружества "О коллективных миротворческих силах и совместных мерах по их материально-техническому обеспечению".

Достижение договоренностей о создании объединенной системы противовоздушной обороны, сотрудничество в охране границ государств – участников СНГ и государств, не входящих в него, станет основой укрепления собственной правовой базы каждой страны Содружества, позволит провести сближение национальных законодательств по пограничным вопросам.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ОСТАНКИНО" ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ  
"ПУБЛИЦИСТ" СТУДИЯСЫМЕН СҰХБАТЫ\***

Мәскеу, 11 ақпан 1995 жыл

**"ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК  
АДАМДАРДЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТУҒА  
ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИС"**

11-інші ақпанды "Останкино" телеарнасының "Публицист" студиясы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен сұхбат жүргізіп, ол тікелей эфирде "Останкиномен" қатар Қазақ теледидары арқылы да көрсетілді. Республикалық телеарна оны сол күні кешке қайталап берді. Қазақстан жүртшылығы үшін айырықша маңызды мәселелер сөз болған осы хабардың жазбасын газетте жариялауды жөн көрдік. Мәскеудегі телестудияда хабарды "Останкино" телеарнасының шолушысы Андрей Скрябин (А.С.) жүргізіп, оған "Московские новости" газетінің шолушысы Людмила Телень (Л.Т.) және "Маяк" радио стансансының шолушысы Юлий Семенов (Ю.С.) қатысты.

**Андрей Скрябин:**

– Сөлеметсіз бе, Президент мырза! Егер Сіз қарсы болмасаңыз, бүгінгі әңгімені еki бөлімнен құрсақ: бірінші – мемлекет басшыларының Алматыда кеше ғана аяқталған кездесуінің қорытындыларына байланысты, ал екіншісі – Қазақстанның ішкі және сыртқы проблемаларына қатысты болмақ.

Біз бәріміз Алматыдағы бұл кездесуден интеграция салтанатын күткен едік. Сіздіңше, қалай, интеграция мейрамы бола алды ма?

**Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Мұның алдында, Мәскеудегі бас қосуда келесі кездесуді бізде, Қазақстан астанасында 10 желтоқсанда өткізу белгіленген болатын. ТМД аумағындағы түрлі оқиғаларға байланысты ол сосын 23 желтоқсанға жылжытылып, ақырында, міне, 10 ақпанда сол кездесу өтті. Мен бұрын да айтқанмын, бұл – былайша айтқанда, жоспарлы, қалыпты кездесу. Оған барлық мемлекеттер әзірленіп, өз ұсыныстарын енгізді, сөйтіп күн тәртібі қалыптасылды. Егер кездесудің мазмұны туралы қысқаша айттар болсақ, "Фашизмді талқандаған женістің 50 жылдығына байланысты Достастыққа

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 14 ақпан 1995 жыл.

қатысушы мемлекеттердің халықтарына және дүние жүзінің жүртшылығына үндеу атты" өте маңызды құжат қабылданды деп санаймын. Бұл құжатты қарастырғанда біз Ұлы Женісті мерекелеудің барлық мәселелерін сөз еттік. ТМД елдерінің басшыларының бәрі Президент Борис Ельциннен шақыру алды. Ол бұл мерекеге алыс шетел мемлекеттерінің 52 президенті қатысуға келісім бергенін хабарлады. 9 мамырда Мәскеуде үлкен мереке өтпек. Мұның өзі өте әділ де, қазір көзі тірі ардагерлер бір окопта жатып, Мәскеу астанасы болған бір елдің – Кеңес Одағының туы астында шайқасты. Барлық республикаларда да осындай салтанаттар өтеді.

Мен осыған байланысты екі ұсыныс енгізгенімді айтқым келеді. Маршал Жуков ордені тағайындалғаны белгілі. Мұндай орденмен Ресей ардагерлері ғана атап өтіліп, басқа республикалардағы соғыс ардагерлері онымен наградталмаса, түсінбеушілік туады. Мұнымен Ресей басшылығы келісті. Екінші, біз ардагерлердің ұрыс орындарына барып, өз қаруластарымен кездесуі жөнінде ұсыныс енгіздік. Әр елдің үкіметі бұл шығындарды өз мойындарына алуға тиіс. Бәлкім, бұл біздің ардагерлеріміздің соғыс кездесуі шығар. Бұл да келісілді. Мұның өзі, ұлы оқиғаның 50 жылдығын мерекелеу барлық мемлекеттер мен туысқан халықтар үшін бірігудің бір факторы болатыны анық.

Қазақстандық келесі ұсыныс – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы пакт. Мен бұл жобаны ұсынғанда пакт деп айтқанмын. Алайда, біршама пікірталастан соң дауыстың жеті де бес болып бөлінуі жағдайында оны "меморандум" деп атадық. Бұл оны парламенттер арқылы өткізіп, созбас үшін қажет болды. Біз оны жариялаймыз, оның өте маңызды құжат екені белгілі. Онда бір мемлекет қандай да болсын қан төгістерді тоқтату жөнінде, туындастын барлық проблемаларды саяси келіссөз, саяси жол арқылы шешетіні жөнінде міндеттеме алды. Осы екі құжатты саяси тұрғыда Алматыда қабылданған аса маңызды құжаттар деп санаймын. Өзгелері экономикалық мәселелердің үлкен ауқымын қамтиды. Мемлекеттердің ортақ ғылыми кеңістігін қайта құру және сақтау шаралары туралы Леонид Кучма ұсынған құжат бәлендей талқылаусыз-ақ қабылданды. Одан соң ТМД мемлекеттері шекара әскерлерінің сыртқы шекараны құзету тұжырымдамасына, Украинаны қоса есептегендеге, бәрі қол қойды. Мемлекет басшылары ұсынып, қол қойған 13 мәселеден басқа ұжымдық қауіпсіздікке қатысты проблема талқыланды. 1993 жылды Ташкентте 6 мемлекет Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі туралы шартқа қол қойғанын білесіздер. Осы жолы мемлекет басшылары Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы, әскери ынтымақтастықтың негізгі бағыттары туралы, және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік туралы декларациясы секілді құжаттарға және осы тұжырымдамадан туындастын тағы да 10 құжатқа қол қойды. Үкімет басшылары да 13 экономикалық құжатқа қол қойды. Ал, енді біртұтас кеден кеңістігі жөніндегі жалпы концепцияны біз де, үкімет басшылары да талқыладық. Алматы кездесуі, қалай десек те интеграциялық процестерді нығайту жолындағы қайырлы да жақсы қадам болды деп сеніммен айта аламын.

**Людмила Телень:**

– Мен, кеше Алматыда болғанымда журналистер арасында чешен дағдарысының салқыны сезілді мө, жоқ па деген талас туды. Ал, Сіз қалай санаар едіңіз?

**Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Еш жерде де чешен проблемасы басты өзек болған жоқ. Чешенстандағы бүгінгі істік жағдайы туралы және бұдан Ресейдің қалай шығатындығы жөнінде Борис Николаевич Ельциннен жалпы мәжілісте хабардар етуді сұрағанымыздан басқа бұл тұрғыдан ешқандай сөз қозғалған жоқ. Ресей Президентінің хабарламасы еске алынды және бұл осы тақырыпты қозғаған бірден-бір жағдай болды.

**Людмила Телень:**

– Президент мырза, егер қарсы болмасаңыз, мен осы тақырыпты жалғастырап едім. Қөптеген, соның ішінде Ресейдің, бәлкім ең алдымен Ресейдің болар, құқық қорғаушылары чешен дағдарысына байланысты Батыс елдерінің үкіметтері тым сырлыбыр, тым бұлыңғыр бағдар үстанды деп жүр. Сіз қалай санайсыз, осы айыртты ТМД елдерінің басшыларына да бағыттауға болмай ма? Оның үстінен Сіз осынау кездесуде, біздің елдеріміздің арасындағы ең жоғары мәртебелі кездесуде бұл тақырып іс жүзінде талқыланбады деп отырсыз.

**Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Осынау соғыстың деуге болар ма еді, осы оқиғаның қызу шағында мен Давостагы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатыстым. Онда қөптеген елдердің мемлекет және үкімет басшылары, сондай-ақ журналистері болды. Мен онда баяндама жасап, баспасөз мәслихатын өткіздім. Онда бұл мәселеге баса назар аударылмады. Батыс елдері мұны Ресейдің ішкі іci деп, оны өзі шешуі керек деп санайды. Эрине, барлығы да Чешенстанда бейбіт халықтың көп мөлшерде қаны төгілуіне үлкен өкініш білдіреді.

Осы қақтығыстың алғашқы күндерінде-ақ Ресей басшылығына келіссөз жүргізудің қандай да мүмкіндігін табуға болмай ма деген ұсыныспен шықтым. Бұл жөнінде бірнеше рет Ресей Президентімен және Премьер-министрімен сөйлестім. Қазақстанның Президенті ретінде, егер қажет болса, ара-агайындыққа даяр екендігімді айттым. Ал, Ресей басшылығы онда болған басшылармен, әсіресе генерал Дудаевпен ешқандай келіссөз жүргізуге болмайды деп санады. Бұл тұрғыда осыны айттар едім.

**Людмила Телень:**

– Қосымша шағын бір сұрақ. Чешенстан басшылығымен ешқандай келіссөз жүргізуе жөніндегі бұл айқындаға жемісті болды деп санайсыз ба? Сіз, мәселен, генерал Дудаевпен келіссөз жүргізуге өзір болдыңыз ба?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Біз Виктор Степановичпен осы тақырыпта сөйлестік. Баяғыда чешендерді жер аударғанда олар негізінен Қазақстан аумағына әкелінген болатын. Олардың дені кейіннен еліне қайтты. Алайда, қазірге дейін бірнеше ондаған мың чешендер бізде тұрады. Міне, солар осы мәселе жөнінде маған өтінішпен шықты. Егер Ресей басшылығы тарапынан ондай келісім болған жағдайда, Қазақстандағы чешендердің жаңағындаи үйымдары арқылы байланысуға әрекет жасар едім. Алайда, бұл мәселеде кесіп пікір айту қыын. Мен Ресей басшылығының айқындаамасы сол кездегі жағдайға байланысты қалыптасты деп ойлаймын.

### **Андрей Скрябин:**

– Жауабыңызға үлкен рахмет. Бұл мәселенің осылай қойылуын дұрыс түсінуізді өтінеміз. Өйткені, бұл телекөрмермендерді қатты алаңдатып отырған мәселе. Дағыстаннан, Сіздердің Семейден, Воронеж облысынан түскен сұрақтардың барлығы Чешенстанға байланысты Сіздің пікірінізді білгісі келеді. Дегенмен, қарсы болмасаңыз Алматы кездесуіне қайта оралайық.

### **Юлий Семенов:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы кездесуде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға, Достастықтың сыртқы шекараларын бірлесе құзетуге, әуе шабуылынан бірлесе қорғану жүйесін қалпына келтіруге байланысты әске-ри-саяси мәселелердің тұтас кешені талқыланады. Алайда, осының бәрі қыын талқыланғандай әсер қалыптасты. Мұндағы мәселенің мәнісі неде?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Сыртқы шекара проблемасы жөнінде мен өз айқындаамады айтайын. 20 қаңтарда Ресей мен Қазақстан біртұтас Кеден кеңістігін құру туралы құжатқа қол қойғанын сіздер білесіздер. Біртұтас кеден кеңістігі мемлекеттердің кеден заңнамалары, төлемдер мен тарифтер мөлшерінің жақындастын қажетсінеді. Бұл тұрғыдағы Қазақстан заңнамасы Ресей заңнамасымен өте жақын болып шықты. Кейбір айырмашылықтарды біз тез жоямыз деп ойлаймын. Осыған байланысты сыртқы шекара мәселесі туындейтыны анық. Өйткені, біз ортақ кеден кеңістігін құратын болсақ, осындай кеңістік құратын мемлекеттердің сыртқы аймағында да тәртіл болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда шекара мәселесінің үлкен маңызы бар. Сондықтан да шекара жөніндегі мәселеде көп қайшылықтар бола қойған жоқ. Ал, негізгі талас әуе шабуылынан қорғанудың ортақ кеңістігі туралы сөз болғанда туындаады. Бұл мәселенің ерекшеліктері көп, сондықтан да жүрттың бәріне түсінікті бола бермеуі мүмкін. Қазіргі жағдайда, бүгінгі таңда әрбір мемлекет шекараны қорғау ісі сол мемлекеттің нақты шекарасынан басталады деп санайтын болса, онда өте қателескені. Кенес одағында әуе шабуылынан қорғану ісі өте құрделі құрылып, Қазақстанның аумағынан Тынық мұхитына

дейінгі аралық бір аймаққа жатқызылған. Оңтүстіктеі аймақ, өлбетте Ауғанстан мен Тәжікстанның шекарасынан басталмағаны анық. Осының бәрін жүргізетін тиісті техникалық құралдар түрлі мемлекеттердің қарамағына көшіріліп кетті. Егер осының бәрін біртұтас етіп құрмасақ, әскери мәселелерді айтпағанның өзінде, азаматтық ұшақтар мен тікүшақтардың ұшып өту проблемасы алға тартылады. Бұл техникалық құралдар тіпті де арзан емес. Олар Қазақстанда да бар болатын. Олар ортақ игілікке пайдаланылмақ, сондықтан да біз ешқандай қарсылық білдірген жоқтыз. Негізгі сөз Әзіrbайжан мен Түркменстан аумағындағы қондырғылар туралы болғанда шықты. Олардың біреуі өз ескертүін жасай отырып, келісімге қол қойды. Мениң пікірім мынадай: егер біз Достастықтың мүшесі болсақ, бұл проблеманы бірлесе шешуге тиіспіз, яғни әуе шабуылынан қорғаныс кеңістігі баршаның игілігі үшін сақталуға тиіс.

### **Людмила Телень:**

— Президент мырза, неғізгі кездесуден кейін Кіндік Азия елдерінің басшылары өздерінің ерекше кездесуіне жиналғаны белгілі. Онда аймаққа қатысты бірқатар ерекше проблемалар талқыланды. Сіз жоғары дәрежедегі осындағы кездесулер ТМД жүйесінде кейбір жіктеліске, ТМД-ның ішінде екі жеке блоктың: бытайша айтқанда, славян республикалары блогының және кіндіказиялық мемлекеттер блогының туындауына соқтыруы мүмкін деп қауіптенбейсіз бе? Мұның өзі интеграциялық процестерді қынданатып жібермей мө?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

— Мұндай сұрақ маған жиі беріледі. 1991 жылы үш славян мемлекеті оңаша жиналған Беловежск келісімін еске түсірейікші. Сол кезден бастап менің айқындаам бұрынғы Кенес Одағының аумағында қандай да бір этникалық ұлттық немесе діні белгілер бойынша жіктеліске жол бермеуді көзdedі. Беловежск кездесуінен кейін Кіндік Азия мемлекеттерінің басшылары Ашхабадқа жиналып, осыған байланысты мәселені шешуге отырды. Сіздерге ашығын айтайын, бұл өте қыын шешім болды. Өйткені келіссөз үстеліне Кіндік Азия мемлекеттерінің конфедерациясын құру туралы Түркіменстанның жобасы қойылды. Алайда, біз сол кезде парасатты да дұрыс шешім қабылдай алдық. Кенес Одағы тарап кеткен жағдайда да бірге боламыз деп шештік. Мен нақ осы бағытты берік ұстанамын. Егер сіздер ТМД жарғысын, қол қойылған шарттарды мұқият қарайтын болсаңыздар, олар аймақтық экономикалық байланыстарды жоққа шығармайды. Қазақстанның, Өзбекстанның, Қыргызстанның шекаралары ортақ, сондықтан да мұнда интеграция өте құшті. Тасымал жолының қысқалығы нарық жағдайында өте тиімді болып отыр. Қазақстанның солтүстік аймақтары үшін, мәселен, Ресейдің Батыс Сібір және Орал аймағындағы әріптестері өте тиімді саналады.

Біз Алматыда ТМД кездесуін өткізгендікten де, арнайы уақыт алып жатпас үшін, мүмкіндікті пайдаланып, бұрыннан атқарып жатқан істерімізді әрі

қарай дамыттық. Біздің кездесуімізде үш мемлекеттің басшыларының кеңесі туралы, Қазақстан, Өзбекстан және Қыргызстан премьер-министрлерінің кеңесі туралы ережеге қол қойылды. Яғни, ТМД басшылығында бар мәселелерді шешіп жатырмыз. Бұл үш мемлекеттің бір де біреуі қандайда бір оқшаулану туралы сөз қозғаған емес.

Мен қалай болғанда да, интеграциялық процестің екі түрлі жеделдігі болуы керек дегенді ұстанамын. Етепе интеграциялық бастамаларды қажет ететін және қабылдайтын мемлекеттер бар. Сонымен бірге бүгінгі таңда, былайша айтқанда, алшақтықты ұстанатын мемлекеттер бар. Соңғысы ТМД-ның жалпы тұжырымдамасымен келіседі, ал нақты жағдайда өз саясатын ұстанады. Тәуелсіздігіне егемендігіне нұқсан келмесін дегенді айтады. Сондықтан да мен әрбір аймақтық келісімдерді қалыпты деп білемін, олар ТМД-ны нығайта түседі. Мәселен, неге Украина мен Беларусь, Украина мен Молдова өзара сауда-саттық жасамасқа? Олар бір-біріне жақын және мұндай сауда-саттық олар үшін тиімді болар еді. Мұнда әңгіме жақын орналасқан мемлекеттердің өзара тиімділік негізіндегі экономикалық интеграциясы туралы ғана болып отыр.

### **Андрей Скрябин:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, тағы да екі сұрақ. Бірінші сұрақ егемендікке байланысты. Сіз егемендікті қалай түсінсіз, сіз үшін егемендіктегі негізгі ең басты нәрсе не? Бірден екінші сұрақты да айтайын: Сіз интеграцияны қызу жақтайдысыз. Айтыңызы, сіздіңше, интеграция мәселесі көбіне-көп кімге байланысты болып отыр?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Егемендік туралы сұрақ берілген кезде, телекөрмермендерге түсінікті болу үшін айта кетейін, мен Батыс Еуропада не болып жатқанын мұқият қадағалауға тырысамын. Әрине, кімнің де болсын тәжірибесін қаз қалпында бізге көшіре салуға болмайды. Оларда бұл интеграция 50 жылдан бері жүріп келеді. Алайда, мен әрдайым мынаны ескеремін: Кеңес одағының мемлекеттері арасында болған нәрселер олардың арасында жоқ еді. Яғни, бізде біртұтас экономика, интеграция болды, өзара үлкен коопeração болды, бір жерде шикізат бар еді, ал бір жерде машина жасау зауыты бар болатын және сол сияқты.

Қазір, олар Майстрах келісімінен кейін Еуропа Одағы атанып, өзара жақындаудар жүріп жатыр. Олар біртұтас ақша құралы, бірыңғай үкіметтер болмақ, бұдан ешкім егемендігін немесе тәуелсіздігін жоғалтқан жоқ. Айталақ, Франция немесе Германия интеграциядан егемендігі мен тәуелсіздігін жоғалтты деп айта алмаймыз. Ол ол ма, қазір енді 15 мемлекеттен тұратын Еуропалық Экономикалық кеңес елдерінің арасында ұлы сенім пайда болды. Және олар басшы органдарға ұсынған кезде кімнің аға, кімнің іні екенін, аумағы жағынан кімнің үлкен, кімнің шағын екенін есептеп жатпайды. Мұның

жарқын дәлелі ретінде Люксембург Премьер-министрінің КЭС-ті басқаралынын, ал Бельгия Премьер-министрінің НАТО-ның Бас хатшысы болғанын айтқан жөн. Әңгіме барлық мемлекеттерге тиімді саналатын қалыпты экономикалық интеграция туралы болып отыр. Оған егемендіктің не қатысы бар? Ал, жалпысында мемлекеттер үшін тәуелсіздік пен егемендік адамдардың тұрмысын жақсартуға қызмет етуге тиіс. Меніңше, бұл кез келген елдегі мемлекеттіктің негізгі мақсаты болса керек.

### **Юлий Семенов:**

– Жаңағы сұрақтың екінші бөлігіне қосымша сұрақ қойсам. Президент мырза, Сіз, бірде интеграция процесі көп ретте Ресейге және Ресейдің айқында�性на байланысты болады деген едіңіз. Біз Сізді Ресейдің досы деп білеміз. Бұл сұрағымды Сізге Ресейдің досы деп қойып отырмын. Интеграция процесіндегі Ресейдің рөліне қатысты екі түрлі пікір бар екенін Сіз білесіз. Біреуі – ТМД кеңістігіне Ресей билігін орнатудың астырытын формасы десе, екінші керекар пікір интеграция Ресейдің есебінен жүреді деген қауіп білдіреді. Өйткені, көбісі салыстырмалы түрде арзан энергия көздерін алғысы келеді, қарыздарын кешіруін қалайды және сол сияқты. Сіз интеграция процесіндегі Ресейдің рөлін қалай бағалайсыз?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Мен бұрын да айтқандын, барынша ашығын айттайдын: мұнда Ресейдің бірінші дәрежелі рөл атқаратыны сөзсіз.

Бұрынғы айтқандарымды қайталап жатпас үшін мына мәселелерге на-  
зар аудартайын: алғаш рет Мәскеуде, нақтырақ айтсақ, профессор-оқыту-  
шылар құрамымен және студенттермен кездескен кезімде Мәскеу  
Мемлекеттік университетінде жария еткен Еуразия Одағы туралы менің  
жобам жақсы жеделдеткіш тетікке айналды. Мен былтыр жаз бойы осы жоба  
туралы тынбастан айттып, оны тынбастан күн тәртібіне ұсынумен болдым.  
Сөйтіп, ол Мәскеуде талқылауға түсті. Мен әрбір Президенттен осы мәселе  
жөнінде өз пікірін айтудың сұрадым. Тіпті кейбіреулері неге әрқайсымыз пікір  
айтуымыз қажет, деп те кейістік білдірді. Сендер журналистердің сұрақта-  
рына да әрқайсың жауап беріп жатасындар. Маған, өз әріптеріне де жау-  
ап беріндер дедім. Бұл жоба жөнінде ТМД мемлекеттерінің басшыларының  
арнайы келісімі қабылданып, оның бірінші пунктінде Назарбаевтың ұсыны-  
сы интеграция арнасына келетін жақсы ұсыныс деп көрсетілді. Ал, екінші  
пунктінде оның идеялары интеграция процесінде негізге алынуы тиіс  
делінген. Осыдан кейін біз тіпті ТМД-да интеграцияны терендету бағдарла-  
масын қабылдадық. Бұл мәселеде қазір үлкен ілгерілеу бар. Интеграция  
барған сайын үдеп келеді. Бұған байланысты менің пікірім мынадай: біздер  
саясаткерлер бұл мәселеде біздің халықтарымыз қажет етіп отырганнан  
арта қалып келеміз.

Сондықтан бұл мәселеде Ресей өзінің айқын бағытын ұстанатын болса... Әрине мұнда кейбір көпірме сөздердің көтерілеттінін мен түсінемін. Ресей осы мәселелерді қарастыра бастаса бітті. Міне, үлкен ағамыз баяғы әдетіне басты, тағы да империялық шамшылдығын көрсетті, деген әңгімелер басталады. Сіздер Ресейдегі жағдайды менен гөрі жақсы білесіздер. Өлбетте түрлі саясаткерлер, түрлі адамдар бар екенін мен де көріп отырымын. Тіпті бір күннің ішінде бәрін қайтадан жина, бұрынғы Кеңес Одағына қайтадан оралғысы келетіндегі де бар. Мәселенің мәнісін толық білеттін адам ретінде мен мынаны айтқым келеді: бұрынғыға қайта оралу болмайды. Осы төрт жылдың ішінде біз әрқыл бола түстік, өз экономикамыздың әртүрлі екенін көрдік, жалпы әртүрлі дамыдық. Сондықтан қазір әр мемлекет егемен, әр мемлекет тәуелсіз екенін тани отырып, бірлескен алғашқы қадамдарды жасау иғі болар еді. Айта кетейін, бейбітшілік пен тұрақтылық жөніндегі меморандум біз бір-бірімізге шекаралар мен аумақтардың тұтастығы туралы кепілдік берген жағдайда туындастын ең күрделі деген, соның ішінде қақтығыс мәселелерін де шеше алатындығымызды атап көрсетіп, көнілімізді орнына түсіреді.

### **Андрей Скрябин:**

– Бізге телефон арқылы келіп түскен екі сұрақты оқып берейін. Мәскеулік Григорьев Александр Григорьевич былай дейді: Қазақстандағы орыстарды шектеу қашан тыйылады? Жүргізушилерді, мениңше бізді айтып отыр, Ресей аз алаңдататын сияқты. Олар бірінші орынға – шиеленіс нүктелерін, ал екінші орынға – Ресейді қояды. Ал, бұл аймақтағы орыстардың жағдайы өте қыын. Осымен бір мезгілде, ақтөбелік Халықбаев былай деп сұрақ қойыпты: Ресеймен интеграция деп атаптатын жолмен жүремін, деп Сіз Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін орыс шовинистерінен ұстаратып жіберген жоқсыз ба? Міне, осындағы екі түрлі пікір.

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Егер бірінші сұрақ жөнінде айттар болсақ, оған жауап беру ғана емес, туындаудың өзі ынғайсыз. Қазақстанда ұлттық белгісіне қарай қандай да бір шектеу жөнінде айту керек болса, мен мұның нақты қандай тұрғыда көрініс беретіндігін өте білгім келеді.

Осындағы сөз басталған кезде, мәселен, мен ұзақ уақыт алмас үшін біздің бас прокурорға былай деп сұрақ қоямын: Қазақстанның қалаларындағы, аудандарындағы, елді мекендеріндегі прокуратураға қандай да болсын адамнан өзінің конституциялық құқығын тілге, балаларына, қызмет алуына байланысты мәселелерде адамдық құқығы бұзылғаны жөнінде келіп түскен арыз бар ма? Ондай арыз жоқ. Алайда осындағы мәселелерде от жағып, қолын жылдытқысы келеттін саясатшылар көптеп пайда болуда. Қазақстандағы барша адамдардың көнілін орнына түсіріп, біздегі миграциялық процестерді дөғару немесе қысқарту үшін мен Ресей басшылығымен үнемі кел-

іссөздер жүргізіп келемін. Біз екі арадағы қабылдауды жөніндегі келісімді тұтас бір жыл бойы талдап, жасап, келісумен болдық. Қос азаматтық, мемлекеттік қос тілділік мәселелері қойылып отырғанын сіздер білесіздер. Қазақстанның жағдайында қос азаматтық дегеніміз не? Айтальық, қазіргі таңда Қазақстан тұрғындарының жартысын қазақтар, айтальық 30 пайызын орыстар және 20 пайызын басқалар құрайды. 120 ұлт пен ұлыс тұрады, егер халықтың 30 пайызының қалтасында екі төлқұжат болса, қалған 70 пайызы бұл адамдарға қалай қарап еді? Мұндай әдіспен біз бұл проблеманы шеше аламыз ба?

Сондықтан егер біз Ресеймен стратегиялық, одақтастық қатынаста болсақ онда біздің қатынастарымызды неге шын мәнінде ерекше етпеске деген сұрақ қоямын мен. Ашығын айтайық, Ресеймен біздің қатынастарымыз стратегиялық одақтастық деп санаймын. Стратегиялық тұрғыда Қазақстанмен Ресей қатар, Ресеймен бірге және дамудың сенімділік қатынастарында болу керек. Бұл біздің перспективамыз және даму стратегиямыз. Егер Қазақстанның азаматы Ресейге келетін болса, ешқандай кедергісіз азаматтық алсын, егер Ресей азаматы Қазақстанға келетін болса, азаматтық алсын. Яғни оның өз орнын табуына мүмкіндік берейік. Мұны мен мәселенің дүрыс шешімі деп санаймын, дипломатияның әлемдік практикасында азаматтық мәселесін осылайша шешу бірегей құбылыс болып шықты.

Қазақстан кеңестік кезеңнен кейін орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі деп таныған бірден-бір мемлекет болып табылады. Конституцияда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі деп көрсетілген. Келесі пунктте мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмегендік себептері бойынша азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге тыыйым салынатыны жазылған. Қазақстандағы қазақ тілінің аянышты жағдайы баршаға мәлім. Сондықтан біздің республиканың барлық азаматтары қазақ ұлтының, біздің интеллигенцияның өз тілін нығайтып, оны өзінің балалары мен немерелеріне жеткізуге деген ниетіне құрметпен қарауы тиіс. Қазақстан үшін орыс тілі өте қажет, негізгі және басты құрал деп санаймын, орыс тілі арқылы қазақтар әлемдік мәдениетке, ғылыми-техникалық прогрессе шықты. Біздің қазіргі қолда бар әлеуетіміз осыған негізделіп отыр. Сондықтан да Қазақстанда орыс тілінің болуы обьективті қажеттілік.

Ал енді көші-қонға, миграцияға келейік. Жағдайдың қалай қалыптасқаны белгілі. Кеңес Одағы бар еді, ортақ отан, тәбемізде ортақ шатыр бар еді, қазір ол жоқ. Бұның үстінен Қазақстанға негізгі қоныс аудару тыңды игеру кезінде, 60-жылдары болды. Еліміздің түкпір-түкпіріне комсомолдық құрылышы деп келіп, 40-50 мың адам жұмыс істеп жатқан Қазақстан магниткасы бар және сол сияқты. Демек, мұнда ол 20-30 жылдан бері тұрады екен. Мұнда біреулердің туысқандары бар. Жалпы осындай "жұмыспен" айналысып, Ресейден тыс жерлердегі барлық орыстарды қорғау қажеттігін айтЫП, шақырып жүрген Ресей саясатшыларына бұл мәселеде абай болуды айттар

едік. Ал егер басқа барлық мемлекеттерде жүрген 20 миллион орысты қалыпты өмірмен қамтамасыз ететін Ресейдің бағдарламасы бар болса, бұл басқа мәселе. Мені басқа үлт өкілі болса да менің азаматтарымның онда бараганнан кейін қандай күй кешетіндігі аландатады. Сондықтан да мұнда көршілерге, достарға және стратегиялық одақтарға тән көзқарас танытайық. Ал енді екінші сұрақ жөнінде. Шынында да мұндай сұрақтар маған ылғы беріледі. Бұдан кейін менің жағдайымды түсініп көріңіз. Неге Назарбаев үнемі Ресей дейді, орыс саясатын жүргізеді. Назарбаев мұны мемлекет мұддесі тұрғысынан жүргізіп отыр. Турасын айтайық, мемлекет пен халықтың мұддесі аяқталған жерде қандай да болсын достық аяқталады. Ал қазақ халқының, қазақ мемлекеттің мұддесіне Ресеймен етене де сенімді қатынасы сай келеді және мұның өзі алдағы ұзақ перспективаға қатысты деген үміттемін.

### **Людмила Телень:**

— Президент мырза, тәуелсіз Қазақстан өмір сүргелі бері солтустік Қазақстан туралы этникалық проблемалар барынша өткір тұрған аймақ ретінде айтылып келе жатқаны белгілі, тіпті кейбір саясаттанушылар нақ осы аймаққа этникалық қақтығыс болады деп болжап қойған, осы тұрғыдан алғанда айтыңызы, қазіргі таңда солтустік Қазақстан проблемасы бар ма, әлде оны жою мүмкін болды ма?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

— Осы немесе басқа мәселелер арқылы өз беделін қалыптастырысы келетін жекелеген саясатшылардың проблемасы бар екені рас. Сіздер білесіздер, Ресейдегі түркі тілдестердің немесе мұсылмандардың жағдайы туралы бізге неге айтпасқа. Ресейде бізben шекаралас аймақтарда миллионнан астам қазақ тұрады. Онда бірде-бір қазақ мектебінің жоқ екендігі, қазақ тілінде бірде-бір газет шығарылмайтындығы, олар тұратын жерлерде бірде-бір қазақ аудандық деңгейдегі басшылыққа жоғарылатылмауы жөнінде бізде де деректер баршылық. Егер бұл принциппен жүрер болсақ біз тым шығандап кететінімізді түсінерсіздер. Мен бізге ондай жол да, мұндай әңгіме де қажетсіз деп ойлаймын. Ал Қазақстанда ешқандай да шиеленіскең жағдай жоқ деп санаймын.

Сіздер білесіздер, біз аумағына 104 баллистикалық континентаралық ракеталар орналасқан мемлекетпіз, бұл мындан астам жауынгерлік зарядтар деген сөз. Біз ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа ядролық қаруыз мемлекет ретінде қосылдық. Бірақ мұның есесіне тиісті кепілдік беруді сұраймық. Естерінізде болар, 5 желтоқсанда Будапеште АҚШ, Ресей, Англия Қазақстанның аумақтық тұластығы, Қазақстан шекарасының бұзылмайтындығы, Қазақстанға экономикалық қысым жасалмайтындығы туралы кепілдіктерді берді. Алдыңғы күні Қытай Үкіметі Синхуа агенттігі арқылы Қазақстанға берілетін дәл осындай кепілдік туралы мәлімдеді. Яғни, саяси тұрғыда

ешкімге ешқандай – территориялық та, саяси да талабы жоқ біз өз айналамызда бізге деген қатынас дәл сондай болуын қалаймыз.

Қазақстанның өзінде ішкі мәселелері баршылық, оларды мүлдем жоқ деу дұрыс болмас еді, бірақ оларды біз өзіміз шешуге тиіспіз. Біздің қоғам, біздің парламент және Қазақстанның басшылығы біздің елімізде тұратындардың бәрі үшін Қазақстан отаны болатындаш шешімді таба алады деп ойлаймын.

### **Юлий Семенов:**

– Президент мырза, менің Сізге Каспий проблемасы, ең әуелі, оның табиғи ресурстарын пайдалануға және Каспийдің экономикалық қауіпсіздігіне байланысты екі сұрағым бар. Біріншісі, қаншалықты экологиялық қауіптілігін айқындау үшін сіз Каспий шельфтерін пайдалану жобаларын халықаралық сараптан өткізуге келісер ме едіңіз? Екінші сұрақ: Сіз Давосты еске алдыңыз, мұнай мен газды тасымалдаудың мүмкін болатын онтүстік маршрутына қатысты Қазақстан мен Түркияның арасындағы байланыс туралы хабар айттылды. Осы рас па?

### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Сіз өте қызық сұрақ қойдыңыз. Егер бұл істегі саясатшылдықты серпіп тастантын болсақ, Каспий теңізі мен оның айналасы энергия көздеріне өте бай болып шықты. Осыған байланысты Каспий арқылы шекараласатын ТМД мемлекеттерінің баршасына осынау байлықтың бәрін бірлесіп пайдалану туралы, оны игеруге бірлесіп қатысу туралы келісу ең ізгі қадам болар еді. Бұл сөздің өзі біз Каспий теңізінің шельфін зерттей бастағанда, Әзіrbайжан зерттеуін бастап, оны игеру туралы келіссөз жүргізе бастағанда шығып еді. Сол тұста сонау 21 жылды Иран мен Кеңес Одағы арасындағы келісім болғанын айта бастады, басқа келісімдер жоқ екен. Каспийді теңіз дейміз бе немесе ішкі су айдыны дейміз бе? Егер ішкі су айдыны десек, әлемдік ережелер бойынша, шекара оның табанымен өтіп, былайша айтқанда бөлінеді. Ал егер оны теңіз десек, 200 милдік экономикалық аймақ ережесі басшылыққа алынады. Кез келген жағдайда мәселе қалай шешілсе де шельфтің қазақстандық бөлігіне мұның қатысы жоқ.

20 қантарда мен Ресей басшылығымен келіссөз жүргізгенде бұл мәслені жеделдете шешіп, оған бірлескен көзқарасты қалыптастырамыз, ал осыдан кейін өзге мемлекеттермен келісеміз, деп шештік. Қазір американдық "Шеврон" компаниясы алынатын қоры миллиард тоннаға жететін теңіз кен орнын игеруде. Үлкен мұнай бар жерде, қашан болсын үлкен саясат және түрлі әңгімелер жүреді. Бұл түсінікті де. Қазір Ресей, Қазақстан және Оман Каспий құбырының құрылышы жөнінде келісті. Осындай консорциум құрылды. Барлық мәселелер шешіліп жатыр, біз бұл мұнай құбырын тартатын болдық және ол таяудағы 20-25 жылдың проблемасын шешіп береді. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі және жалпы Қазақстанның миллион шаршы шақырым дерлік аумағы, болжамдарға қарағанда, мұнай мен газдың

қорына бай болғандықтан балама мұнай құбыры, газ құбыры туралы мәселе әлбетте болады. Әрине, біз үшін ең ыңғайлысы бірден Парсы шығанағына шығу болар еді. Жалпы ұзындығы жағынан да ол тиімді және инвесторлар да табылып отыр. Қазір әртүрлі 9 жоба бар, Түркіменстан, Иран және Түркия аумағы арқылы газ құбырын жүргізу қарастыруда. Әзіrbайжан да осындай жолдарды іздестіруде. Олар, бәрі де, егер бұл іске Қазақстан қосылатын болса ғана инвестор табылатынын түсініп отыр. Өйткені көп миллиард доллар мұнай құбырын салғаннан кейін, онымен тасымалдайтын байлықтың да болуы керек қой. Біз Түркия Премьер-министрі Тансу Чиллермен осы жобалар туралы сөйлестік. Әзірше сөзден әріге барған жоқтыз. Ал Қазақстанның мұнай мен газдың дүниежүзілік рыногына шығудың мүмкін болатын балама жолын іздестіріп, оған қосылатыны сөзсіз.

#### **Андрей Скрябин:**

– Телекөрмөндердің көптеген сұрақтары кеденге байланысты болып отыр, Қарағандыдан Музавең "Назарбаев мырза, кеденде алып тастады, ал Ресей неге алмай отыр?" деп сұрайды. Солтүстік Қазақстандан Лариса Львовна Дорощенко "Қазақстан жағынан да, Ресей жағынан да кедендер сол күйі тұр, қашан алып тастайды?" деп сұрайды. Павлодардан Жуков деген азамат "кедендер қашан жойылады?" деп сұрайды. Ал енді Ресейдің кеден басшылығы оны алуға әлі ертерек деген пікір айтады. Сіз бұл проблемаға қалай қарайсыз?

#### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Жалпы, Қазақстан мен Ресей арасында 3 500 шақырым ортақ шекарымызда осындай тосқауылдар қою мүлдем түсініксіз. Ресей жағынан автомобиль жолдарына осындай 65 тосқауыл салынған. Біз 20 қаңтарда Кеден одағы туралы құжатқа қол қойдық. Олар міндетті түрде алынады, бірақ әлі техникалық жағынан шешіліу керек. Біздегі кеден салығы қандай екені, қандай шарттар қойылатынын, тауар айырбасы қандай болатынын қарап көру керек. Саяси тұрғыдан Қазақстан мен Ресей арасындағы бұл проблема шешілді деп санаймын. Бірақ бұл кедендерді бір күннің ішінде алып тастауға болмас. Оның үстіне қару-жарақ, есірткілер және сол сияқтыларды алып өтпеуін қадағалау үшін олар тұратын да болар. Шартқа қол қойылған, енді үкіметтердің белсене жұмыс істеп оны жүзеге асыруы керек.

#### **Андрей Скрябин:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің бағдарламамызға қатысқаныңыз үшін үлкен рахмет айтап, алдағы кезде де Сізben сұхбаттасатынымызға сенім білдіреміз.

#### **Нұрсұлтан Назарбаев:**

– Сіздерге де рахмет, кездесуге мен әрқашан да әзірмін.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӘЗІ\***

*Алматы, 15 ақпан 1995 жыл*

**ҚАЗАҚСТАН ДҮНИЕЖҰЗІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТА  
ЛАЙЫҚТЫ ОРЫНФА ИЕ БОЛСЫН**

Біздің еліміздің халықаралық қатынастардың жаңа да дербес субъектісі ретінде дүниежүзілік аренада шыққаннан бері үш жылдан сәлғана астам уақыт өтті. Жас мемлекеттікі қалыптасуы, республиканың әлемде өз орнын алу үшін өткен жылдар принципінде маңызды да жемісті болды.

Нақосы кезде, екі жүйенің егесі мен тайталасуы аяқталғаннан кейін, сенім мен қауіпсіздікті сақтауға, барлық елдер арасында мазмұнды диалогқа негізделген шынайы жаңа әлемдік тәртіп орнату мүмкіндігі пайда болды. Осындағы процестердің Қазақстанның қатысуымен өткені біз үшін өте маңызды.

ТМД-ның құрылуды туралы Алматы декларациясы, республика егемендігінің өзіндік бір бастауына айналды. Ол ортақ экономикалық кеңістікті көңейту және интеграциялық процестерді тереңдету тұрғысынан алғанда өршіл дамып, барған сайын зор өміршендейдікке ие болып келеді.

1991 жылдың аяғында Қазақстан БҰҰ-ға қабылданып, дүниежүзілік істерге тікелей қатысты болу мүмкіндігін алды, адамзаттың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, гуманитарлық және басқа салаларындағы жетістіктері атаулының бәріне қол жеткізді, халықаралық қолдауға ие болды.

Біздің еліміздің Хельсинки процесіне қосылуы, СШК-1 шартына, Лиссабон хаттамасына қол қоюы және одан кейін ядролық қаруды таратпау туралы шартқа кіруі оның халықаралық беделін айтартықтай нығайтты, төуелсіздігі мен қауіпсіздігін баянды етті, аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығын қамтамасыз етті. АҚШ-пен "Демократиялық серіктестік туралы хартияға" қол қою, НАТО-ның "Бейбітшілік жолындағы серіктестік" бағдарламасына қосылу, Қазақстанға ядролық державалар – АҚШ, Ресей, Ұлыбритания және Қытай тарапынан қауіпсіздік кепілдігінің берілуі осыған жәрдемдесті.

Республиканың негізгі валюта-қаржы ұйымдары – Халықаралық валюта қорына, Бүкіл дүниежүзілік банкке, Еуропалық қайта құру және даму банкіне кіруі принципті болып табылады. Олардан қазірдің өзінде біздің экономика-

\* "Егemen Қазақстан" газеті, 16 ақпан 1995 жыл.

мызды реформалау үшін 2 миллиард АҚШ долларына жуық қаржы алынды. Сондай-ақ Еуропа Одағымен серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Қазақстанның Азия даму банкіне мүше болуы рәсімделіп жатыр. Біздің еліміз Экономикалық ынтымақтастық үйымына қатысады.

Республика тиісті халықаралық институттармен, ең алдымен ЮНЕСКО-мен гуманитарлық және мәдени салаларда мазмұнды байланыстарға ие болып отыр. Ұлы Абайдың алдағы 150 жылдығын мерекелеу ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен өтеді.

Қазақстан көптеген елдер мен екіжақты негіздегі ынтымақтастықты белсенділікпен дамытып келеді. Оны дүние жүзінің 111 мемлекеті таныды, олардың 92-сімен дипломатиялық қатынас орнатылды. Шетелде 18 елшілік ашылды, ал Алматыда 36 елшілікпен миссия, халықаралық және ұлттық үйымдардың 9 өкілдігі жұмыс істейді.

Белгілі себептер бойынша Ресеймен орталық Азиядағы көршілермен, Қытаймен қатынастарға бірінші дәрежелі маңыз берілді. Бірақ, аймағымыз-бен ғана тұйықталып қалу қате де көрсоқырлық болар. "Аймақтық ойлау жүйесі" республиканың әлеуетіне сай келмейді, оған тек нұқсан ғана көлтірген болар еді. Міне, сондықтан да Қазақстанның халықаралық байланыстарының географиясы іс жүзінде барлық құрлықтарды қамтиды, дүние жүзінің жетекші мемлекеттері оның серіктегі қатарында.

Біздің саясатта "провинциализмге" ұрынбауымыздың, дүниежүзілік дамудың негізгі үрдістеріне сай келетін сыртқы саясаттағы ірі бастамалар деңгейіне шығуымыздың сәті тусты. Мәселен, біздің Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы ұсынысымыз құрлықтың жетекші елдерінің тарапынан да, сондай-ақ ықпалды халықаралық үйимдар тарапынан да кеңінен қолдау тапты.

Жалпы алғанда, үш жыл ішіндегі сыртқы саяси қызметтің қорытындылары оның инфрақұрлымы мен шарттық құқықтық базасы құрылғанына, республиканың байсалды да сенімді серіктес ретіндегі халықаралық беделінің қалыптасқанына, Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына интеграциялануы үшін алғышарттардың жасалғанына айғақ болады.

Алайда, бізде әзірше көптеген үағдаластықтар ауда "қалықтап" түр, мұның өзі елдің беделіне салқынын тигізетіні сөзсіз. Ол министрлер кабинетінен, аралас екіжақты мемлекетаралық комиссиялардың басшыларынан қолда бар шарттық негіздерді жүзеге асыру жөнінде нақты күнделікті жұмысты жолға қоюды талап етті.

Қазір республиканың сыртқы байланыстарын дамытуда жаңа кезең туып келеді. Сондықтан да, біздің бүкіл саясатымыз жүргізіліп жатқан түбегейлі нарықтық реформалар негізінде Қазақстанның серпінді экономикалық және мәдени дамуы, елдің ішіндегі шаралардың оның халықаралық міндеттемелерімен үйлесім табуы, сыртқы саяси бағыттың нақты ақиқат шындықтарға байланыстырылуы мұдделеріне бағындырылуға тиіс.

Республиканың Азия мен Еуропа түйіскен тұсындағы геосаяси орналасуы, оның экономикалық және әскери-саяси мұдделері, сондай-ақ қолда бар

әлеуеті қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстанның өз айналасында бірдей қауіпсіздік принциптерінде тату көршілік аймағын белсенділікпен құрып жатқан ортадағы аймақтық держава ретінде орнын айқындалап беруде.

Қазақстанның БҰҰ деңгейіндегі өкілдері бұдан былай да біздің мемлекетіміздің өткір экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларын дүниежүзілік жұртшылыққа жеткізе беруге міндетті. Бұл проблемалардың шешімі көп ретте донор елдердің және халықаралық ұйымдардың жәрдемдесуіне байланысты.

Республика бұрынғысынша қауіпсіздік пен алдын алу дипломатиясының халықаралық және аймақтық құрылымдарының қызметіне белсенділікпен қатыса беруге, өз аумағымызда ядролық қаруды ажыратып, бөлшектеуде және ядролық құштер қызмет еткен кездің зардаптарын жоюда уәде етілген қаржы-техникалық көмектің келіп түсүіне табандылықпен күш салуға тиіс. Аймақтық тұрғыдан алғанда ТМД елдерімен және АҚШ-пен қатар Еуропа мемлекеттерімен, әсіресе Еуропа Одағымен ынтымақтастық қатынастары стратегиялық бағыт ретінде ерекше қаралуы керек. Нарықтық өзгерістер жолына бізден бұрынғырақ түскен Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесін барынша ұтымды пайдаланған жөн. "Улken жетілікке", ең алдымен ГФР мен Францияға, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым мен ынтымақтастыққа басым назар аударылуы тиіс.

Азия бағытында, Қытайға байланысты саясат өзекті басымдық болып табылады. Аймақтың елдерімен интеграциялық экономикалық процестер мен серіктестікті дамыту тұрғысынан алғанда нақ ҚХР аумағы арқылы Қазақстанды онымен байланыстыратын коммуникациялық желілерді тиімді пайдаланудың маңызы зор. Біздің Жапониямен, Оңтүстік-Шығыс Азиямен, Үндістанмен және Пәкстанмен байланыстарды жандандыруымыз ірі саяси және экономикалық пайда bere алар еді.

Сыртқы саясат саласында әлемдік отын-энергетикалық балансында үлкен рөл атқаратын және ірі валюта-қаржы мүмкіндіктеріне ие Таяу Шығыс, сондай-ақ, Парсы шығанағының мемлекеттері, Солтүстік Африка және әлбетте, аймақтық халықаралық ұйымдары тиісті орын алады. Әлеуеті өлі де толық пайдаланылмаған Израильмен белсенді сауда экономикалық және технологиялық ынтымақтастық, Түркиямен, сондай-ақ Қазақстанның әлемдік коммуникацияға шығында мүдделілік туғызып отырған Иранмен қарым-қатынасты нығайту бағыты одан әрі дамитын болады.

Дүниежүзілік қауымдастық елдерімен экономикалық серіктестікте республика өзінің табиғат ресурстарына және шаруашылық қызметінің барлық түрлеріне тұрақты да жан-жақты егемендігін, шикізатқа бастапқы өнімдер мен өнеркәсіп бұйымдарына, экспорттық және импорттық бағалардың әділетті де тенденстірліген арасалмағын сақтайдын болады. Экономикалық реформаларды ілгерілету, өзінің ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту үшін нақты қаржы ресурстарының келіп құйылуын ұлғайту қажет.

Сыртқы экономикалық қызметтің басты міндеттеріне тоқталатын болсак, бұл – ең алдымен шетелге бәсекеге түсे алатын өнімді, сондай-ақ, мейлінше

жоғары деңгейде өндөлген өнімді шығаруын қамтамасыз ететін салаларды мемлекеттік қолдау негізінде елдің экспорттық әлеуетін дамыту және өнім түрлерін көбейту. Сырттан өнім әкелуде технологиялар, кешенді жабдықтар, лицензиялар, ноу-хау басым бағытқа ие болуы тиіс. Коммуникацияларды, байланыс пен информатиканы дамыту, әлемдік рынокқа мұнай мен газдың тасымалдануын қамтамасыз ету, Каспийге байланысты ахуал – өткір проблемалар. Трансазия теміржол магистралін іске қосуды жеделдету, Қытай мен Пәкстан арқылы Үнді мұхитына автокөлік тасымалын бастау, Түрікменстанмен және Иранмен көлік жүйелерін түйістіруді міндетті түрде аяқтау міндеттері түр.

Осылайша, сыртқы саясат – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясын ойдағыдай жүзеге асыруға қолайлы жағдайларды қалыптастыру мен қолдауға бағытталуы тиіс.

Тәуелсіз мемлекеттердің шекаралары мен территориялық біртұастығының мызығымастыры жөніндегі тұжырым біртіндең белен алғандастырылған жағдайда оның барлық кемшіліктеріне қарамастан сақтау қантегісті жанжалдардан гөрі жақсы екендігінен туындалады. Осы тәсілдің орнығына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуға кірісу үшін мүмкіндік алдып, алғашқы табыстарға қол жеткізді. Өткен кезеңде өздерінің өзара талаптарын жеңе алмаған басқа елдер осындай жанжалдарда күш-куатын кемітіп, үлттық ресурстарын азайтуда және сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтып отыр. Міне, сондықтан, егемендіктің сабактастығы принципіне, яғни шекараларды сол күйінде қабылдау және оларды күштеп қайта бөлуден бас тарту принципіне ешқандай балама жоқ.

Қазір әлем социалистік жүйенің күйреуімен байланысты үшінші кезеңде бастан кешіріп отыр. Кенес Одағының тарауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-тенгісіздік пайдада болып, ол ТМД-даған емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне әкеп соқты.

Әр елдің өз болашағын тандауға деген құқығы даусыз. Алайда, осы құқықты жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мұдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар және кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің кейбір аймақтарындағы қасиетті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпulerге әкеліп соғатын, бірліктен айыратын, күретуші тенденциялардың бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең шетін көрінісі этникалық және территориялық негіздегі үлкен және шағын соғыстардан байқалуда. Мұның өзі Әзіrbайжан мен Арменияда, Босния мен Тәжікстанда, Грузия мен Молдовада орын алдып отыр.

Үлтаралық шиеленіс пен әртүрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтан социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сәзсіз еді. Мұның өзі көптеген халықтардың өздерін бір-бірінен шеттетудің кезеңнен өтуіне байланысты. Мен осы қақтығыстардың бұл кезеңі де біраз уақыттан кейін тұрақтылықтың жаңа сапасына әкелетініне – бір-бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар бөлінудің пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына оралатынына сенемін.

Өкінішке орай, халықаралық қоғамдастық бүгінгі таңда шағын бөлектенуді жеңе алмай отыр. Ол бір сәтте өршіген проблемалардың тасқынын тоқтата алар емес. Бұл проблемалар кейде соғыстарға үласуда. Барлық "ыстық" нұктелерде, қазір сөнген, сондай-ақ соғыс өрті өршіп жатқан нұктелерде нақ осылай болды. Қарабақтың, Тәжікстанның, Днестр өнірінің, Осетияның, Абхазияның және ақыр соында Чешенстанның қасиеті бұларды мекендеңен халықтардың ғана емес, сонымен бірге біздің де ортақ қасиетіміз. Таудағы Қарабақта босқындар мен еріксіз көшкен адамдардың саны бүкіл

Әзірбайжан халқының кем дегенде 10 пайзына жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 миллион халқы бар Тәжікстан соғыс қымылдары кезінде 300 мыңдан астам адамынан айрылды. Мұнда да босқындар мен көшіп кеткен адамдардың жалпы саны кейбір бағалаударға қарағанда бір жарым миллионнан астам адамға жеткен. Олардың жартысы елден еріксіз кеткендер. Абхазиядағы жанжалдың нәтижесінде бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Биылғы қантардағы деректер бойынша Чешенстандан қашып шыққан адамдардың саны 130 мың адамнан асып отыр. Ал құрбандардың санын айқындау өзірге қыын.

Бұлдіргіш тенденциялар бұдан бұрын ешқашанда ұлтаралық жанжалдарға байлланысты болмаса керек. Африкада апатты ұлтаралық соғыстар болып өтті.

Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы қактығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған жоғары дамыған елдер үшін де белгілі бір шиеленістер тән, мұнда да шетін жағдайлар жетіп жатыр. Бұл Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы Ольстер, Франциядағы Корсика, Испаниядағы Баск елдері, Канададағы Квебек проблемалары және тағы да басқалары.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетеді. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ашы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, біз нәзік те тұрақсыз әлемде әмір сүріп отырмыз. Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, біз өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін қандай да көмектің еш қайраңы болмайды. Сондықтан осындай қайшылықтарды жоюдың тұтқаларын өзіміз талдап жасауымыз қажет.

Д. И. Менделеев өз кезінде жердегі зұлымдыққа жауап беретін космостың, "әлемдік эфирдің" бар екені туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның айтқаны дұрыс. Өйткені, кінесіз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде ең ауыр табиғат апаттары болып жатады.

### Қазақстан тарихының тағылымдары

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеу және ой елегінен өткізуінің принципті маңызы бар. Егер бүгінгі таңда кеңестік заман біржолата өткенге айналып, біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз деп ойласақ – қателесер едік.

Біздің тарихи түсініктеріміз, өсіреле жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз обьективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрлайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. Міне осыдан барып тұжырымдаудағы үшқарылықтар – "Ақтаңдақтарға" тек қана қара бояу жағудан бастап, таяудағы өткенді мінсіз етіп көрсетуге дейін орын алды. Осының

екеуі де жаңарып жатқан қоғам үшін бірдей қауіпті, өйткені адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештең де бермей, олардың жауапты шешімдер қабылдауына бөгет жасап, неше түрлі саяси ойынның негізіне айналады. Оның үстіне демократиялық институттарды енгізуіндегі өзі жағдайды өздігінен түзеп, ұлтаралық қатынастардың проблемаларын шешеді деп есептей қате болар еді.

Бұрынғы жүйенің басты тарихи кемшілігі неде? Меніңше, оның себебі тоталитарлық мемлекеттің аясына, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында бүтіндей халықтардың күшпен көшірілуінде жатыр. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезімнің серпінін ширіктыруға әкел соқты. Қоғам капиталистік немесе социалистік даму жолын таңдал алса да, қорғау институттарын нығайту және ұлттық сана-сезімді дамытпайынша, мемлекеттік құрылыштың сөзсіз жөнелетінін тарих көрсетіп отыр.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орын алғанын көрсетеді. Бұл миллиондаған азаматтар қаза тапқан 20-30-шы жылдардың аштығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адад енбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айрылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең тандаулы өкілдерін жаппай құфынға салу мен ату болды. Бұл халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және "ғасырлар жобаларын" жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Мұның өзі біз үшін Семей полигонының проблемасына, Арас тенізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасиretтіне айналды. Мұндай саясат кәдімгі қарсылықты туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игіліктің, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық тенденция жету болатын.

80-ші жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленісken ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар халықтардың сана-сезімін ұзақ жылдар бойы қанаудың нәтижесінен туған болатын. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен проблемалардың бүкіл терендігін көрсеткен неғұрлым сезімтал барометр болып шықты. Мұның өзі бірқатар республикандардың тоталитарлық жүйеге ашық қарсы тұруына жағдай туғызды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік тенсіздігі аса үлкен мемлекеттің саяси бөлінуінің басты негізіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген етене ұмтылысына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алушымыз керек. Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының ұлттық құрамын және жеңіл де онай

өте қоймаган оны құрудың процесін ескеруіміз керек. Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруалық отарлау барысында революцияға дейінгі кезекте Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 миллион 150 мың адам келген. Коллективтендіру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың конфискеленген шаруалар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда әнеркәсіп құрылышы үшін елдің барлық тұкпірлерінен, әсірелеу европалық бөлігінен 1 миллион 200 мың адам көшірілді.

Қазақстанға әр жылдарда 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың әкілдері зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың әкілдері Қазақстанға өз еркімен келген жоқ.

Халықтарды құштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тынға 1,5 миллион адам келді, ал жабық әскери-объектілер мұның үстіне 150 мың адамды қабылдады. Осының бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін "ұйымдастырып жинауын" және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде.

Соның нәтижесінде ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5 миллион 600 мың адам көшіріліп қондырылды, соның ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегендеге, 3,5 миллион адам соғы 40-50 жылдың ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты коллективтендірудің қасиетті салдарынан бір жарым миллионға таяу қазақтар қаза тапты, 1930-32 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО-дан шет елдерге оралмастан көшіп кетті. Қазақстан халықтары үшін жаппай жазалау саясатының қасиетті сипатын көрсететін екі деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын. Сонша адам осында көшірілді.

Ал 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адамға кеміп кетті.

### **Құрметті делегаттар!**

ХХ ғасыр қазақтарды өзінің Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың ғасырына айналғаны үшін қазақтардың еш кінәсі жоқ. Соңдықтан бүгінгі таңда осы халықтың мемлекеттікке деген құқына күмән келтірушілер оның қасиетінің терендігін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазір ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттікке лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен көз жеткізіп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес. Соңдықтан қазіргі көшіл-қонудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге құштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және басқа халықтардың ұрпақтарының тарихи отанына оралуды қалайтында, ұлттық мемлекеттік құрылышына қатысуға деген ынтасында жатыр.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (оның үстіне мұның негізінде көпте-ген халықтардың қасіреті жатыр) Қазақстан бірін-бірі қырып жатқан ТМД елдеріндегі біздің жақын көршілеріміздің қайғылы жағдайына жол берген жоқ. Сондықтан мен мемлекетте бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға сенімдімін. Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар деп есептеймін. Біріншісі – кейбір елдер ұлты басқа халықты "куштеп көшіру" саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туысқандықпен қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез-келген талаптары еш машинасыз және өзінің салалары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мындаған адам құрбанына өкеліп соғады. Екіншісі – ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп, бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл да оңтайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл түйісу нұктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын көнектізу жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты бағыттымыз мәмілеге келу және біріктіретін бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуге тиіс. Біздің қоғамды біріктіретін тұтқалардың бірі – Қазақстан халықтарының ассамблеясы болуға тиіс.

Мен, еліміздің Президенті ретінде, қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндеттім деп санаймын. Ол аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мені де, сіздер сияқты кейбір жауапсыз саясатшысымақтардың экономикалық қызындықтарды пайдалана отырып, қоғамды бөлуге тіпті ашықтанашық шақыратыны қынжылтады. Кейбіреуі тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек деп көпіреді. Иә, мен біздің жеріміздегі татулық пен тыныштықты жақтаймын. Және ең алдымен мұны миллиондаған қазақстанның отбасыларына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, ал балалардың мүгедек болмауын, қарт адамдардың өзінің күйрекен үйінің алдында жыламағанын қалаймын. Осы жасымда талайды көрген адам ретінде билікке ұмтылған саяси сұрқиялардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталатынын айтқанымда маған сеніңіздер. Ал оларды адамның көз жасы да, не құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелеріне, республикамыздың барлық парасатты азаматтарына, ақыр-сонында қоғамды ұлтаралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірлерін ашық айтуда шақырамын. Қолына қару алып, туысқанның – туысқанға, көршінің – көршісінеге қарсы қол көтеретіні үшін халықтар емес, қайта нақ осындай "қайраткерлер" кінелі.

Біз өрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымысқы әрекеттер ұлтаратық қана емес, сонымен қатар ішкі ұлттық жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек. Өйткені қазіргі қасиеттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты екенін көріп отырымсыз.

Бұл халықты бір ұлттық құрамының өзі барлық қырсықтан құтқармайтынын көрсетеді. Түрлі кландардың, аймақтық топтардың арасындағы курс кейбір ұлттардың өзін-өзі қырып жатқан соғыстарға әкеліп отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстанда, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып жатыр. Белгілі бір белгілері бойынша біздің халқымызды бөлгісі келетіндерге, бүкіл халық сайлаған Президент ретінде, мұндай әрекеттерге батыл да сенімді түрде тойтарыс беретінімді мәлімдеуге тиіспін.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықтың, чиновниктік мейірімсіздіктің, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінуі мүмкін, бірақ ол ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін.

Біз өзіміздің күнделікті жұмысымында сүйенуге тиісті тарихтың оң тағылымдарының даусыз басымдығын атап көрсеткім келеді. Мен бұдан бұрын өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін айтқан болатынмын. То-талитарлық режимнің біздің халықтарымызға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан, тіпті сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін-бірі байыту процесі жүріп жатты. Біз халықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды өрқашан есте ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Прибалтиканда білім алды.

Мен сондай-ақ, сталиндік жаппай қүштеп көшіру жылдарында қазақ халқы қуғынға түскен орыстарға, україндықтарға, немістерге, корейлерге, чешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын ұмытпайды деп сенемін.

50 жылдығын біз биыл атап өткелі отырған фашизмді тас-талқан еткен Женіс халықтардың жанқиярлығы мен адамдар ерлігінің аса жарқын көрінісі болды. Олар өзінің бостандыққа және адами қадір-қасиетіне деген құқығын және елімізді қорғап қалды. ТМД мемлекеттері басшыларының соғыс кенесінде осы даңқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде соғыс ардагерлерін – Достастық азаматтарын Жуков орденімен және медалімен наградтау туралы шешім қабылданды. Мен ардагерлерге үкімет тарарапынан өткен шайқастардың орындарына, полктастарымен кездесуге тегін барып-қайтуды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгіздім. Сондай-ақ ТМД-ға қатысушы елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің тобын 1995 жылғы ма-мырдың 9-ында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан біздің

адамдарымызға құрмет көрсету үшін Германия Федеративтік Республикасына жіберу ұсынылды. Достастық мемлекеттері басшыларының кенесі бұл идеяны қолдады. Ортақ жеңісті бөлмей, ардагерлерге толығымен құрмет көрсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

### **Құрметті делегаттар!**

Ішкі мәселелермен, соның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Басқа мәселелермен қатар, менің Еуразия одағын құру жөніндегі идеям ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Өрес-келдікке жол бермеу керек. Және, меніңше, саясаткердің ең жоғары парызы өз еркінен тыс кенеттен түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін түсінуде деп ойлаймын.

Егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этникалық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі – Еуроазиялық кеңістікті бейбіт да-мудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы.

Еуразиялық одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жанда-на түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасында ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар маңызды шешімдер қабылданғанын өздерініз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, біртұтас кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елде тұрақты тұратын біздің азаматтары-мыздың құқықтық мәртебесі туралы, азаматтықты қабылдауды жөнілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдастықтың принциптеріне сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрган проблемаларды өркениетті жолмен шешеді. Енді қазір әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа жерге көшіп келгенде өз қалауы бойынша құрделі зандық бұлталақсыз осы мемлекеттің азаматы бола алады.

Аймақ бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз – Өзбекстанмен және Қыргызстанмен бірігуді дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Біз олармен Біртұтас экономикалық кеңістік құрып жатырмыз. Оның үстіне Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал өніріндегі экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

Алматыда ТМД мемлекеттері басшыларының ақпандарғы кездесуі ба-рысында міндеттердің бүтіндей кешені шешілді. Біздің республика ұсынған "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қол-дау туралы меморандумың" қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе қантегіс-лен, адамдардың қаза табуымен, шаруашылықтың қүйреуімен, бейбіт халықтың қасіретімен байланысты проблемалардан бойды аулаққа салмауға тиіспіз деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдар мен ықтимал жан-жалдардың алдын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің территориялық біртұтастықты және шекаралардың

бұлжымастығын, қазіргі қоғамдық-саяси құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез келген көріністерінің жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға деген ұмтылышын тағы да бір дәлелдеп отыр.

Біз бірігүе батыл барып отырмыз. Біздің мемлекеттігіміздің бұлжымастығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгінгі танда кез келген экспансияға, тіпті ол әскери арапасу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл-шовинизм болсын, қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі тарихи фактіге айналып, халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқық актілер мен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізді, территориялық біртұтастығымызды құрметтеп, оны қорғай аламыз.

### **Қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы**

#### **Құрметті делегаттар!**

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жарияладап, тәуелсіздік алғаннан кейін өткен уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілеуге, экономикалық дағдарысты жоюдың шебіне шығуға, дүниежүзілік қоғамдастықтың тануына қол жеткізуға мүмкіндік берген көптеген нақты істерге және оқиғаларға толы болды. Әрине, кейбір олқылыштардың да орын алғаны рас.

Бірақ ең бастысы біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастаңақ ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтуды ерекше бөліп алдық. Бұл идеология саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптерін тұжырымдаған "қоғамның идеялық бірлігі – Қазақстан прогресінің шарты" концепциясында бекітілген.

Сол кезде мениң баяндамамда осы концепция бойынша қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілетті Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру идеясы ұсынылған болатын. Бүгін міне ассамблея құрылды, сейтіп ол барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саясатымызды одан әрі жетілдіруге, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де барынша белсенді қатысуға тиіс. Осыған байланысты ассамблеяға Президенттің жаңындағы, ал облыстық бөлімшелерінде әкімдердің жаңындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің тереңдігін де сезіне білу керек.

Осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер ассамблеяның пікірлерін ес-

кере отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мұдделерін ескере отырып, сараптан өткізуі керек. Бұл орайда біздің республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл тұста осы құрылымның үйіткышына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқаруға тиіс. Менің тарапымнан әкімдерге жергілікті жерлерде сіздердің қызметтеріндің проблемаларына жіті зер салу және осы қызметке тікелей қатысу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Біздің жұмысымызды жетілдіруге жағдай туғызатын шаралардың арасында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жаңындағы Тіл жөніндегі комитетті ұлт және тіл саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке айналдырған жөн болар деп есептеймін.

Ұлтаралық қатынас саласындағы кейбір нақты проблемалар және оларды шешуге сіздердің қатысуларының туралы әңгіме қозғамастан бұрын, мениңше, маңызды екі жағдайды атап өтсем деп едім.

**Біріншіден**, көбіне екі ұлтты – қазақтар мен орыстардың, өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы орайда 20 пайызға таяу қалған қазақстандықтардың мұдделері ұмыт қалады. Ал олардың да осы жағдайда өз мұдделеріне қысым жасалды деп сезінуге барлық негіздері бар емес пе? Қазақстанның, осы сөздің толық мағынасында, көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етіліп қана қойылатын тұжырым емес, шындықтың өзі. Міне сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан – "кіші" немесе олар "ұлken" болсын – барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау біз үшін өте маңызды міндеп. Олардың әрқайсысының өз тұп-тамырлары, біз бағалауға тиісті өткеннің бай тарихы, ұлы бабалары бар.

Біз Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге ЮНЕСКО-ның аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор шабытпен қабылдадық. Сонымен бірге біз пірәдарлар Кирилл мен Мефодийдің енбегінен туған, славян жазуының 1100 жылдығын да атап етеміз.

Осыған орай әрбір ұлттың дүниежүзілік өркениеттің қазынасына өзінің үлесін, оның рухани әлеуеті үшін ұлы үлесін қосқанын және мұны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да осы әлеуетті сақтау және қебейту жөніндегі республика халықтарының ұмтылысын қолдайтын боламыз.

**Екіншіден**, Қазақстанның тек көп ұлтты ғана емес, сонымен бірге көп дінді мемлекет екенінің де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, еліміздегі халықтардың 60 пайызы өздерін соған қосады, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, дүниежүзілік басқа да діндердің әкілдері өмір сүреді.

Бұл қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені, барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей иманды-

лық принциптері – адамдарға деген сүйіспеншілік, теріс қылыштарды айыптаң, жолдан тайғандарға кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей тең, иманды және бейбітшілік сүйгіш жандар.

Жауықтан атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер бірдей жағдайда мемлекеттің қатаң қысымында болып келді. Сондықтан өз дінінің қағидаларына көз жеткізе, өз уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндердің құқықтарының кемсітілуіне және қудалануына соншалықты ішкі түсіністікпен қарап келді. Міне, өзіне жақын адамды қолдау, оның қындықтарды жеңе білуіне көмектесу жөніндегі ұмтылыш осыдан туындалап отыр.

Қазақстан басшылығының конфесиялардың жоғары басшыларымен ізгі өзара құрметке толы қатынасы қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық берместен, біз барлық дінге сенушілердің қажеттері мен талаптарына жауап беруге тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас аймақтық деңгейге де орнатылса жақсы болар еди.

Осының бәрін өз жұмысымында ескеруіміз керек. Бұл жағдайларды Қазақстан халықтарының ассамблеясы да ескеріп, қазіргі кезеңде аса маңызды міндеттерді шешуге барынша пәрменді қатысуға тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен кеңінен ынтымақтастық орнатуы қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге:

- Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға;
- ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;
- бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;
- ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан гөрі егжей-тегжейлі айтатын болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз. Бұл бағдарлама оқытындардың қабілеті мен ықтимал мүмкіндіктерін толық ескеруге, ойдан туған емес, қайта нақты мақсаттарды алға қоюға, қомақты материалдық-техникалық базаға сүйенуге тиіс. Бұл орайда азаматтардың екі немесе бұдан көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.

Сондай-ақ, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұл салалар аса шетін бюджеттік тапшылық жағдайына тап болып, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отыр. Өйткені бұл экономика салалары емес, қайта азаматтардың тұрмысын қамтамасыз ету саласы болып табылады. Ал ол қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі зандарға өмірдің өзі талап етіп отырған езгерістердің енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының нысандарын елеулі түрде жаңарту жұмысы алда түр. Сіздердің өз ұлттық мәдениеттерінізді, дәстүрлерініз бен салттарыңызды насиҳаттай отырып, жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз біріктіруші бастау қызметін атқаратыны сөзсіз. Алайда, қазір тек қана эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, бұл орайда ұлттық білім беруді, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын да, ұлттың жалпы интеллектілік әлеуетін де түсіну керек.

Егер Ассамблея өздері үшін және өздерінің облыстық бөлімшелері үшін жоғары оқу орындарына тусу үшін квотаны қайта қарау керек деп ойлайтын болса, Министрлер кабинетіне және облыс әкімдеріне тиісті тапсырмалар берілетін болады.

Бізде Қазақстанда газеттер сегіз тілде шығатын, төлерадио хабарлары жеті тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде Ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық теледидар ассамблеямен бірлесе отырып, Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтқандайын, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің "Українські новини" – Украинадан шет жердегі украиндық емес үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ, біздің байырғы басылымымыз "Коре ильбо" туралы да осының айтуға болады. Алматыдағы корей театры – корейлердің тарихи отанынан тысқары жерлерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен тарап жататын кез келген ізгі бастаманың мемлекеттік деңгейінде қолдау табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары Ассамблеясы қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Өкінішке орай, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде орын алып отырмаған ұлттық белгілері бойынша көмсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, оның үстінен ТМД-ның басқа да елдері бүгінгі таңда барлық көшіп барғандарды қабылдауға экономикалық тұрғыдан әзір емес. Сейтіп көшіп кеткендер ол жақта қындықтарға тап болады. Ал бұл қыншылықтарды олардың елеулі мемлекеттік қолдаусыз женуге жағдайлары келмейді.

Міне, нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс – қайтадан көшіп келу пайда болып отыр. Бұл орайда көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерде өмір сүруге үйрене ал-

май, Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған таңдануға болмайды: біз ішкі азаматтық соғысқа жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сортты азаматтарға белетін қатаң заңдар, оппозицияны тұтқынға алу, цензура жасау жоқ. Парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адаптацияның да бір дәлелдеп берді.

Біз тоталитарлық мұраны және оның жаппай жазалау идеологиясын жеңе отырып, демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та жеткілікті. Бірақ, демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін тасаға айналмауға тиіс.

Ал таяудағы уақыттың өзінде-ақ бәрі де басқаша болатын. Көптеген белгілі ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері өз кінесінен емес, республиканы тастап шығып, одан тысқары жерлерде бағын сынауға мәжбур болған еді. Жүйенің идеологиялық қарсы әрекеттерін бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін толық көрсетуге мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сез шықкан емес. Қайта керісінше, жылы лебізben және алғыс сезімімен республиканы еске ала отырып, олар өздерінің қазақстанның тұп-тамырларын әрқашан атап отырады. Ал сонымен бірге біздің кейбір саудашысымақтарымыз, қолда өсken саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыны аяқ кофе үшін өзінің туған анасын, бұл орайда біз Отанымызды да анамыз деп есептейтінімізді еске алсақ, сатып кетуге әзір.

Ал кең ауқымда айтатын болсақ, Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркіядығы, Ирандағы, Қытайдағы, жақын және алғыс басқа да шетелдердегі қазақ диаспорасымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарды қолдауы тиіс. Өйткені, 12 миллион қазақтың 4 миллионнан астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері саясатқа ықпал жасай алмаса да, олар адами қызметтің ең сан алуан салаларында қолайлы табыстарға қол жеткізген адамдар. Сөйтіп, Қазақстанның оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылықтың алдындағы беделі де көп ретте соған байланысты болады.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отанына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанның байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпарат және мәдени алмасуға ұмтылуда. Мұның өзі қуатты, бейнелеп айтқанда, тұрақтылықтың күшті белдеуін құрады. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ұмтылысты барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені біздің еліміз туралы шындықтың таяу және алғыс шетелдерге тарауы Қазақстанның достарының, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушылардың қатарын объективті түрде көбейте бермек.

Бұл жұмысқа Сыртқы істер министрлігі, біздің бүкіл дипломатиялық корпусымыз белсененді ат салысуға тиіс.

Қазір "Халықтық дипломатия" туралы да көп айтылып жүр.

Ассамблея мүшелерін ұлттық саясатты жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу үшін шетелдерге шығуын ұйымдастыруды, сондай-ақ, оларды Қазақстанның ресми делегацияларының құрамына қосуды өте пайдалы деп есептеймін.

Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңше ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің бүгінгі таңдағы зерттеулеріндің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этникааралық қатынастардың қалыптастырының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізуңдің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет. Өзірге мұндай зерттеулер өте аз, ғылыми ой өткеннің таптаурындарынан, бізді өміріміздің күрделі құбыльстырына үстіртін және жай ғана атап өтетін тәсілдерден әлі де арыла алмай отыр. Ал өмірдің өзі осындағы ой-пікірлерге көптеген негіздер беріп отыр.

Ұлттық саясат проблемаларын қорытындылай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптерге құрылатынын айтпақпын. Олардың ішінде ең бастылары:

- мемлілеке келу жолын іздестіру;
- ұлттық мәселені әділетті шешудің базасы ретінде қоғамдық тұрақтылық;
- заңның үстемдігі;
- мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді бірігу саясаты.

Біздің қазіргі өмірімізде, бүгін жетіп отырған қоғамды реформалаудың қазіргі кезеңінде еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблемалар жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халықтарының Ассамблеясы тәрізді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін аса қөкейкесті міндеттерді шешуге қатыса алды және қатысуға тиіс деп санаймын.

## Реформаларды ілгерілету – ортақ міндет

Парламенттің жана құрамы сайланғанға дейін маған, сондай-ақ, облыс әкімдеріне заң қосымша өкілеттіктерді бергені белгілі. Мен бұл өкілеттікіті ең алдымен экономикалық проблемаларды шешу үшін, реформаларды ілгерілету және елді дағдарыстан шығару үшін пайдаланбақпын.

Қазақстанның барлық аймақтарынан өкіл бола отырып, сіздер басқаралардан ғері жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы әлеуметтік-экономикалық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін жақсы білесіздер. Оның үстінен сіздер мемлекеттің жоғары өкімет құрылымдары мен халықтың арасындағы екіжақты байланыстың қазір өзіндік бір арнасына айналып отыр-

сыздар. Сондықтан мен экономикалық саясатты жүзеге асыруға сіздердің тікелей атсалысатындарыныңға сенемін.

Біздің таяудағы міндеттіміз – әрбір отбасына, республиканың барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін жеп, өзін толық көрсете білу үшін барлық жағдайларды туғызу керек. Біз осы жұмыспен айналыса отырып, отандастарымызға еңбек жолын таңдауға ерік береміз. Мұның өзі әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбegen қоғамда, кедейлер мен байлардың арасында тұнғиық болмайтын, ал адамдардың басын көпшілігінің орташа игілігі бір-бірімен салыстыруға келетіндегі қоғамдаған мүмкін.

Біз реформалар жолын саналы түрде таңдал алдық. Мұның өзі біздің тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғаныңдай, нарық әлеуметтік қиял емес, қайта нақты өрі пәрменді жүйе. Ол көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың тіпті шағын бөлігі де жоқ халықтарды өркендеуге жеткізді.

Бұны таңдауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертуеудің өзі біздің қоғамымызды тұралау мен құлдырауға әкеліп соғар еді. Ортағасырлық философ Фома Аквинский дәл атап көрсеткенідей: "Теніз капитанының ең биік мақсаты кемені сақтап қалу болса, онда ол кемені айлақта мәнгі ұстар еді".

Мемлекет басқаруды менің мәндайыма жазған болса, сенімді жолды басшылыққа аламын. Ал, бұл жол кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Осы орайда көшбасшысының жүгі сырттан қарағандағыдан жеңіл емес екенін айтпақтын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, өсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тұра келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан мен батыл, тіпті, қатаң шаралар қолданбақпын.

Мұндай айқындағы өзін ақтап, қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр: жоғарыда айтып өткенімдей, Қазақстан түбебейлі реформалардың ең күрделі кезеңінен өтті, экономикада жаңданудың алғашқы белгілері анғарылып отыр.

Әділетті түрде прагматиктердің үкіметі деп аталып жүрген жаңа Министрлер Кабинеті істі сауатты жүргізе, оқиғалардың алдын ала жұмыс істеп отыр деп есептеймін. Мұны берілген өнім үшін селомен есеп айрысу, өнеркәсіп өндірісінің біраз өсімі, инфляция қарқынының төмендеуі көрсетіп отыр.

Үкімет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кешенді саясаттың негіздерін талдап жасап, халық шаруашылығының осы аса маңызды салаларын басқарудың экономикалық тұтқаларын дәйекті түрде іске қосуда.

Таяу күндерде мен барлық тұтынушылар үшін энергия шығынының тарифтерін едәуір төмендету туралы тиісті құжатқа қол қоймақпын. Мұның өзі инфляцияны тежеп, экономиканың өрлеуіне жағдай жасайтын болады.

Біз салық жүйесін жетілдіруге тиіспіз. Ол өзірге тауар өндірушілерді ешқандай да ынталандыра алмай отыр. Салық қысымын таяудағы уақыттың ішінде едәуір азайту көзделіп отыр.

Женілдіктер беруге аяnbай-ақ, Қазақстан экономикасына инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін жағдай туып отыр. Оның үстіне құрделі қаржылар өзінің табиғаты бойынша инфляцияға түспейді. Ал өзірге капитал негізінен сауда-делдалдық салаға жинақталуда.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайы қазір жақсартуды қажет етеді. Және бұл қыындықтарды саяси проблемалардың шиеленісін есебінен қолдан шиеленістірудің қажеті жоқ. Өйткені экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін бұл проблемалардың бірқатарын кейін де шешуге болады. Біз бүтінгі таңда айтысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыс пен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды шешетін болады.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалар процесі экономикалық істерден мұндай былдық, өндірістің құлдырауы және жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды сөзсіз шетке шығаруға тиіс екенін атап өтпекпін. Егер реформа жасаушылардың маскасын бүркеніп, олар үкімет басына келетін болса, өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға келтірілетін зиян айқын жалдаптық тенденцияны күшайте түсетінін айтып тусіну керек. Ал, мұның өзі барлық өзгерістерді толық тоқтатуға әкеліп соғумен бірдей.

Құрметті сессияға қатысушылар, мен сіздерді өзімнің одақтастарым деп санайтын болғандықтан барлық осы проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамын.

## Конституциялық реформа жолында

Экономикалық өзгерістерді, сондай-ақ, саяси, әлеуметтік өзгерістерді жүргізуі бізде әлсіз заң шығарушылық база жетілдірілмей сот жүйесін, аса өткір қылмыстық жағдай тежеп келгені және әлі күнге дейін тежеп отырғаны ешкімнен де құпия емес. Осы салалардың әрқайсысында жеке мәселелерді шешумен қаншалықты айналыссақ та, біз ең басты қадамды жасамасақ – конституциялық реформаны жүзеге асырмасақ – бәрібір қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Бұл, шынында да, біздің мемлекеттігімізді нығайтудың аса маңызды міндеттерінің бірі. Әлбетте, қазір ең алдымен парламенттің тағдыры жүртшылықты толғандырып отыр.

Тек екі палаталы жүйесі бар парламент қана заң шығару қызметімен білікті айналысуға, тыңғылықты сарап жасаудың және мәміле жолдарын іздестіруден кейін бәтуаға келуге қабілетті деп ойлаймын. Өкіметтің әрбір тармағы өз ісімен айналысып, бірін-бірі "қыспаққа" алмауға тиіс. Осының алдында шақырылған Жоғарғы Кеңестер туралы мұны айта алмайсың. Олар депутаттардың өзін-өзі көрсетуінің саяси аренасы болған төрізді. Осы сөздің толық мағынасындағы заң шығарушы орган бола алған жоқ. Парламентшілердің күш-куаты заң жобаларымен қунделікті, дәйекті жұмысқа бағытталмай, атқарушы өкімет пен қарым-қатынасты айқындаудың ұсақ-түйек мәселелерінен аса алмады. Бұл киқілжіндерді туғызып, ол үкіметтің парламентке деген қысымы ретінде көрсетілді. Шын мәнінде бәрі көрісінше болды: атқару өкіметі заң шығарушы өкіметтің қол сұғынан өзін қорғауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдарда біздің Жоғарғы Кеңестерімізде жұмсартып айтқанның өзінде елдің мұдделерінен алыс, шамадан тыс шамшыл және аса сәзшеш адамдар белең алғаны жүртшылыққа белгілі. Оның үстінен атқару өкіметінің қарсы тұруда парламенттік көпшілікке бүкіл оппозиция тұрақты турде қосылып отырды. Ал бұл оппозиция саяси ағымның мұлдем қарама-қарсы жағында болатын. Бұдан оның ерекше қасиеті – бұлардың үқастығы және саяси одақты таңдай білмеуі айқын көрінді. Ұлтшыл-патриоттар, шовинистер мен коммунистер өздерінің топтық немесе жеке мұдделері туралы әңгіме болған кезде бір одаққа бірігуде. Мұның өзі бізде демократизм мен парламенттік мәдениеттің мұлдем жоқтығынан ғана мүмкін болып отыр.

Шын мәнінде парламентарийлер атқару өкіметін таптап, оны өзіне бағындыруға, сейтіп, осы нақты билік арқылы несиelerді, инвестицияларды, қаржыны, қысқасы ақшаны бөлуге зор ынтамен кіріспін кетті. Сонымен қатар, сот билігін де бағындыру басталды. Әрине, әңгіме барлық бұрынғы депутаттар туралы болып отырған жоқ. Қайта шағым жасауға жатпайтын Конституциялық соттың шешімімен де келіскің келмейтін жанжалқұмарлар туралы болып отыр.

Егер өкілетті өкіметтің тікелей қызметі туралы айтатын болсақ, онда Францияның тәжірибесіне сілтеме жасаған жән. Осы елдің Конституциясымен парламенттік заң шығару қызметі айқын белгіленген. Ал бұдан тысқа-рының бәрі атқару өкіметінің нормативтік ерекше басымдығы болып табылады. Егер Қазақстанда осылай болатын болса, біздің қолымызыда өскен сарапшылар бұдан демократиялық нормалардың бұзылуын табар еді. Ал олардан Франция туралы сұрайтын болсан, осы Еуропа мемлекетіндегі демократияның салтанаты туралы өршелене айттар еді.

Сот реформасы конституциялық өзгерістердің маңызды бөлігі болып табылады. Еріктен тыс мәмілелердің жемісіне айналған біздің Конституциямыз сот билігін, Конституциялық сотты қоса алғанда, қоғам мен өкіметтің мемлекеттік институттарының, соның ішінде Президенттің де бақылауынан тысқары қойды. Әрине, билікті құрылымдардың сот ісіне араласуына жол беруге болмайды.

Конституцияда сондай-ақ, тежеу мен қарсы салмақ жүйесі жоқ, бірақ бұл принцип онда жарияланған. Әңгіме белгілі бір жағдайларда парламент мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатуға және керісінше Президент Жоғарғы Кеңесті тарат алатыны туралы болып отыр. Ата Занды өзірлеу процесінде осы принциптерді кіргізуі талап еттім, бірақ XII-ші шақырылған парламент оны қабылдамай тастанды. Ал мен қазірдің өзінде мемлекет пен қоғамның мүдделері осындай тежеу мен қарсы салмақты талап етіп отырғанына сенімдімін.

Аймақтарда мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы әкімдер болып табылады. Бірақ олардың жағдайына толық айқындық енгізу керек. Олардың қазіргі мәртебесі Президент шын мәнінде атқару өкіметін де басқарған кездегі жағдайға сай келеді. Қазір бұл жағдай түбірінен өзгерді. Соның нәтижесінде облыс әкімдері құқықтық бос кеңістікте болып шықты: бір жағынан, олар Президенттік жоғарыдан тәмен басқарудың жалғасы бола отырып, екінші жағынан, жергілікті жерлерде жоғары атқару билігінің өкілі емес.

Жергілікті мәслихаттарға деген көзқарасты да қайта қарау талап етіліп отыр. Қазақстан – біртұтас мемлекет, мұның өзі Конституциямен бекітілген. Демек, жергілікті өкілетті органдардың заң шығару өкілеттігі жоқ, сондықтан олар шын мәнінде атқару өкіметінің қызметін орындаиды.

Сондықтан белгіленген процедура бойынша халық алдындағы бүкіл жауапкершілікті әкімге тапсырып, сонымен бір мезгілде мәслихат басшысы қызметін соған жүктеу қысынды болар еді.

Осы демократиялық норма қалыптасқан шындыққа сай келер еді. Халық жергілікті жердегі жағдай үшін жеке басымен кімнің жауап беретінін, аймақтық саясатты кімнің талдап жасайтынын және оны жүзеге асыруға кімнің жауап беретінін білуге тиіс. Айтқандайын, мұны азаматтардың өздері де талап етіп отыр.

Қысқасы, жергілікті жерлерде тәртіп орнату керек және оны тездеткен жөн. Өйткені күшті аймақтық билік болған жағдайда қазіргідегіден түрлі жылпостар мен қылмыскерлер өздерін еркін сезіне алмас еді. Ал қазір өкімет құрылымдарын бірін-бірі алмасырып, тіпті, кейде бір-бірімен келісе алмай жатады.

Жалпы алғанда Конституциялық реформалар орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де тұрақты әрі тенденстірілген өкіметті құруға әкеlei жеткізуге тиіс. Қоғамның мүддесі үшін, атап айтамын, қазақстандық қоғамның мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек, ал басқа мемлекеттерде қолданылып жүрген бетен, өздеріне ғана тән ерекше практиканы еш ойланбастан әрі көзсіз көшіріп алмауымыз керек.

Барлық осы проблемаларды ассамблеяның келесі сессиясы талқылайтын болар деп ойлаймын.

Оның үстінен жаңа парламентті сайлауға дейінгі кезеңді мен мемлекетте құқық тәртібін нығайту, қылмыспен қресті қүшайту үшін пайдаланбақын.

Мен осы шараларды бұрынғы парламентке енгізбек болған едім. Ал бірақ оның сіздерге белгілі заң күшін "өнімділігі" кезінде оны қашан қабылдайтыны белгісіз еді. Және де өзінің баяулығымен және сөзбүйдаға салуымен қылмыстық жағдайды одан әрі шиеленістіре түсер еді. Енді құқық тәртібі Президенттің Жарлығымен бекітілетін болады және бұл жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті. Таяуда Жарлықтардың бірімен жемқорлықты жоюға бағытталған қазіргі заңға елеулі өзгерістер енгізілді.

Қылмыскерлікті ауыздықтау үшін мен қолымнан келгеннің бәрін жасауға сендіремін. Біз қоғам қылмыстық дүниеден қорғау жөнінде кепілдік беруге тиіспіз. Ал бүгінгі таңда жағдай шегіне жетіп отыр. Сондықтан жағдайды жедел әрі батыл түрде өзгерту керек.

Кезінде византиялықтар былай деген: мақсатқа жетудің екі жолы бар: бірі – заң жолы, екіншісі – жыртқыштық жол. Сіздер мен біздер және ең алдымен менің өзім алғашқы жолды – заңның салтанат құрып, басым түсүі жолын орнықтыруымыз керек. Азаматтар занды құрметтемейінше, ешқандай қоғам тұрақты болып, гүлдене алмайды. Заның жарияланған емес, қайта нақты басымдығы демократиялық қоғамның бүлжымас атрибуты болып табылады.

Митинглік қызбалықтар мен тұрақсыздандыруши саяси ұрандар емес, билігі барлардың жеке еркі емес, қайта азаматтардың қоғам талдап жасаған және қабылдаған ережелерін қадағалау болып табылады.

Конституциялық соттың шешімдерімен байланысты соңғы оқиғаларға орай әр түрлі үндер естілуде: диктатура орнағалы жатыр дейді. Иә, диктатура, бірақ бұл Конституция мен заның диктатурасы. Ал мұның өздеріне қатерлі салдары болатынын сезгендер байбалам салуда.

Егер жалған демократиялық ұрандармен елде былық басталып, қылмыстық жүгендіздік белен алатын болса, шынында да диктатураның орнауы мүмкін.

Олар көбіне үлттық мұдделерді қорғауды тілге тиек етеді. Үлттық идеяны бұрмалай, адамдардың ширықан азаматтық сезімдерімен ойнай отырып, кейбір саясатшысымақтар мен кәдімгі қылмыскерлер осы картаны өздерінің жымысқы мақсатында пайдаланғысы келеді. Жаңа Өзенде, Өскеменде, Есікте болып өткен нағыз қылмыстық әрекеттерді талдап жатпастан оған үлтаралық жанжалдар бояуын жаққысы келген талпыныстар да болды.

Жаңадан пайда болған қазақтардың бірін "үрлап кетумен" байланысты оқиға да солардың қатарынан. Қысқасы, қылмыстық әлемнің үлтаралық жанжалдарды қолдан туғызығыс келетін әрекеттерін жоққа шығаруға болмайды.

Құқық қорғау органдарының назарын расизмнің, шовинизмнің, үлтшылдықтың, антисемитизмнің ең болымсыз деген көріністерінің өзіне бірден және ең қатан түрде тыйым салу қажеттігіне аудармақтын. Соңғысын ерекше атап етемін. Өйткені бірқатар басылымдар қазірдің өзінде антисемиттік өзара сөз сайысына түскен тәрізді. Қазақстанда ешқашан да мұндай болып көрғен

Тәуелсіздікпен қоса есімі ел тарихына кірер алғашқы қазақ Прези-дентінің де билік құзырын өз қолына алған осы бір соңғы онжылдық кезеңі келе-келе талай зерттеулер мен тарихи монографиялардың арқауы бо-лары ақиқат. Әрине, уақыт өз бағасын өзі бере жатады. Дей тұрсақ та, бүгінгі Елбасы замандастары, біздер, сол ертенгі тарихтың негізін өз қолымызбен қалап жатқанымызды естен шығармайық.

Күні кешеғана ел билігінің тізгіні қолына тиген шашы мойылдай, жанары от шашқан қазақ жігіттің Қазақстан Президенті дәрежесіне көтеріліп, самайын боз қырау бояған бүгінгі кемел қалпы аралығында жатқан қай-раткерлік пен басшылықтың кедір-бұдыры, алыс-жұлысы көп өмірбаяны халқының алдында өтіп келеді.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 наурыз 1995 жыл.

Өз тағдырын ел тағдырына теліген екі онжылдай уақыт – адам үшін едәуір ұзақ болғанымен, тарих үшін көзсі ашыл-жұмғанмен бірдей – қыл-қысқа, қамшы сабындаі келте мерзім. Осы бір келте уақыт ішінде Нұрсұлтан Назарбаев есімді қазақ азаматтың уақыт салған азабы мен мекнаты мол жүкті үйгімен қалай арқалап келе жатқаны, ел үшін, елдік тұмастығымыздың түбегейлі орныгуы үшін "тұн үйқысын төрт бөліп", қалай тыным көрмей жүргені көп дәлелді қажет етпейді.

Бүгінгі шағын сұхбатта жарты өмір Қазақстан тілеуін арқалап ұшақ қанатында, ел ішінде, тұған халқының ортасында өтіп келе жатқан Елбасы республика өмірінде соңғы айлар ішінде болған оқиғалар туралы өз ойын бөліседі.

Мемлекетіміздің өмірінде тұнғыш рет өткелі отырған бүкілхалықтық референдум қарсаңдағы Елбасы ойлары оқырман қауымының көкірекінде жүрген біраз сұрақтарға жауап береді деген сенімдеміз. Сонымен әңгіме арқауы тағы да ел туралы, елдік мінез-қалпымыз бен тұмастығымыз, ынтымағымыз бен бірлігіміз туралы.

#### **Н. Оразалин:**

– Тарихқа кірер тағылымды күндерді бастан кешіп жатырмыз. Әр басқан қадамымыз, өгемендік жолындағы аумалы-төкпелі күндеріміз ел жадында. Тәуелсіздігімізді бекітіп, елдігімізді айғақтай түсестін атқарылған иgi шаралар қаншама мол болса, атқарылары да соншама. Бұл орайда, ел мен Елбасыға жүктелер тарихи міндепт жеткілікті. Соның қай-қайсысын атап айтқан болар едіңіз?

#### **Н. Назарбаев:**

– Қазақстан секілді көп этности елдің қайталанбас тарихын, қалыптасу жолын әлемдегі бірде-бір елге телуге, ұқсатуға болмайды. Бұл әншайін айтыла салған мақтангершілік сөз емес, шындық. Тамыры тереңде жатқан, екі түрлі ұлы құрлықтың мінезін тел еміп өскен жаңа тұрпатты жас мемлекеттің жанғанын өшіріп алмай, осы күнге аман жеткені үшін ата-бабаларымызға алғыс айтамыз. Аруақтары бәрімізді де жебеп, желеп жүрсін! Сол аман жеткен елді, жерді жаңаша түрлендіріп, өз билігі өзіне тиғен дербес мемлекет ретінде сақтай отырып, замана төрінен өз орнымызды алуға ұмтылу – сіз бен бізге сын. Менің ойымша, елге, Елбасыға жүктелер міндептің ең ауыры мен қының да осы.

Мен бұл туралы талай рет айтқанмын. Қазір де айтамын. Дербес болуды, тәуелсіз өмір сұруді көксемейтін ел болушы ма еді? Жоқ, адамзат тарихында азаттық үшін алысып, қан төгіп, жан қиғандар аз ба?! Алысқа барудың қажеті шамалы. Ондай көзсіз ерліктің талай үлгісі біздің төл тарихымызда да жеткілікті...

Құдайға шүкір, бүгін Қазақстан әлем таныған мемлекетке, дербес билікті елге қан төкпей жетіп отыр. Көрші-қолан, ағайын елдердің алауыз тіршілігі

мен көрі ауыз саясаты қандай кесір мен кесапатқа ұрындырып отырғаны белгілі.

Міне, көгімізде көк жалау желбірегелі тәртінші жылға аяқ басты, еліміз қан-қырғыннан аман. "Ақымақ бас – аяқтың соры" демейтін бе еді халқымыз. Өзірге көпүлттү Қазақстан өркениет әлеміне үлтаралық келісім мен үйлесімнің өзгеше үлгісін көрсетіп келеді. Бұл ненің арқасы деп ойлайсыз? Ең әуелі, адамды түрі мен түсіне, тілі мен дініне қарап белмейтін өрісті саясаттың өміршендігіне байланысты. Өз жерінде өз саны азайғаны үшін қазақ ешқашан ешкімді айыптаған емес. Өз ата-бабасының қонысынан ауып, осынау ұлы далаға әр заман, әр кезеңде келгені үшін өзге үлт өкілдерін де кінәлауға болмайды. Арғы аталарымыз қанымен қорғаған Еуразия кеңістігін жайлаған кең-байтақ өлке – қазақ жеріне оларды тағдыр әкелді. Тағдыр бізді табыстырыды. Жиырма бірінші ғасырды сол тағдырластар қазақ халқының маңына топтасып, жаңа түрпатты мемлекет құруға ниет танытқан ыңғайда аттағалы отыр. Біз осыған шүкіршілік айтуда тиіспіз!

"Ала қойды бөле қырықпай", "алтыбақан алауыздыққа бармай" ел ішін өзара келісімнің ордасына айналдыру ешқашан оңай олжадаған емес. Бұл тұста жеткен жеңістеріміз бен жетістіктерімізді қайсыбір ағайындар тым атусті, арзан бағалауға өуес. Бұл Қазақстанның тарихи дамуы мен өсүін мойындағысы келмейтіндердің үшқарылышы дер едім. Қазақстанның әлемдік интеграцияға еркін енуі, ертеңге батыл қадам жасауы, ең әуелі, қазақтардың өзіне байланысты болса, екіншіден, Қазақстанның адал, ақ жүргімен Отаны санайтын ондаған үлт өкілдерінің, яғни тағдырластардың ынтымағына, бірлігіне байланысты. Экономикамыздың өсуі де, елдігіміздің сақтаулыы да, өміріміз бен тіршілігіміздегі адамгершілік нысандарының тұрақтаулыы да, айналып келгенде, осы екі нәрсенің дұрыс бағаланып, жүзеге асуына тіреледі.

### **Н. Оразалин:**

– Осы арада соңғы уақыттар да өзініз жиі айттып жүрген қазақ үлттының тарихи жауапкершілігі туралы белгілі тұжырымдамаңыз еске түседі.

### **Н. Назарбаев:**

– "Сыбырлағанды құдай естімей ме?" деген ежелден келе жатқан сөз бар. Жасыр-жасырма, айт-айтпа мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де қазақтікі. Ел болудың ұтты да біздің жүрттың мойнында. Осыған дейін жан-жагымызға қарайлап, жалтақтаумен ғұмыр кешіп келгеніміз де өтірік емес. Енді, міне, жаңа ғасыр босағасын жаңа қазақтар жаңа, жас мемлекеттің тұсауын кесіп, аттағалы отыр. Әлгінде айттым. Осы күнге жеткенімізге шүкіршілік.

Қысқа мерзімде көп іс бітті. Әлемдік беделді-беделді қауымдастықтардың біразына мүше болдық. Айы мен жұлдызы жарық елдердің біразымен

елшілік қарым-қатынас орнаттық. Жеріміздің тұтастығын, еліміздің абырой-намысын қорғайтын тарихи шарттар мен құжаттарға қол қойылды. Осыған дейін дүние жүзінің саяси картасынан Қазақстанның қай арада екенін таба алмай шарқ ұрып іздептін талай-талай мемлекет, қоғам қайраткерлері елімізді өлемге танытар есті сездер айтты. Қазақ жерін көруге, Қазақстанмен экономикалық қарым-қатынас орнатуға ұмтылуышылар молайды. Осындай мақсаттан байланысқа шыққан елдер мен жекелеген атышулы, аузын айға біле-ген компаниялар мен фирмалардың қатары құн санап көбейе түсуде. Осының бәрі, түтеп келгенде, тәуелсіз еліміздің ертеңі мен болашағы үшін жасалып жатқан ықпалды шаралар.

Елдігімізді, тұтастығымызды сақтай алар саясат ұстансақ, қажет жерінде замана талабына орай ыңғайлана білсек, уақыт шабысынан қалмасақ, жас мемлекеттің тамыры терендері ақықат. Ол үшін айлар, жылдар керек, елге, еңбек еткен жұрттымызға тыныштық керек. Өндірген затынды – саудаға, кірісінді айналымға сала білер қабілет-қарым, ақыл-парасат, білім-білік аудадай қажет. Осының бәрі қазақ ұлтының иғына ауыр жүк артады. Уақыт емтиханынан жаңылмай өту ұлттымыздың мойнына киілген жауапкершілік қамыты десе де болады. Ысырапшылдық пен жалқаулыққа бой алдырмау, жер үстін жайлаған жұмыр басты пәндердің барлығы игерген нарықтық қарым-қатынастарды жатсына бермей, соған мейлінше тезірек бейімделу, өз базарының билігін өз қолыңа алу, ұрпақты өркениет үлгісіндегі талапшылдыққа, еңбекке баулу – жаңа мыңжылдық пен жаңа жүзжылдықтың халқынызға қояр талабы.

Міне ұлттың тарихи жауапкершілігін жүзеге асырап, өмірлік қажеттілікті анықтатының қадау-қадау факторлар осы. Әрбір қазақтан, қазақстандықтан заман осыны талап етеді. Ол үшін не керек? Қайталап айтамын, қайтымды еңбек пен қайырлы тыныштық, тұрақтылық керек.

Бір мемлекеттің аясындағы ғұмыр кешіп, тең құқықты өмір сүрге тиіс азаматтардың қай-қайсысы да ұлтына, нәсіліне, жынысына қарай өзін тәменшік сезінбеуі керек. Мұндай құбылыс бой көрсеткен қоғамда тенденция туралы да, ұлтаралық келісім туралы да сез болуы мүмкін емес. Шүкіршілік айтудымызға болады. Әзірге бұрынғы Кеңестер Одағы дейтін алып империяның орнында қалған тәуелсіз елдер ішінен отқа оранбай, аман отырған санаулы елдердің бірі – қазақ елі, Қазақстан! Иә, жалпы адамдар мен адамдардың, ұлттар мен ұлыстардың арасын алшақтатар нәрсе – үстемдік пен астамдық сезімнің бой алуды. Бұл мәдениетсіздік пен біліксіздіктің нышаны. Жетекшілік пен жауапкершіліктің ноқта-тізгіні қолына тиген қазақ ұлты осы бір жайды ешқашан есінен шығармауды тиіс. Тыныштық пен тұрақтылық тек Назарбаевқа ғана керек дегендегер жаңылады; ол әуелі халыққа, елге керек. Әрбір азаматтың өзі үшін, өзінің ертеңі ұрпағы үшін алаңсыз өмір сүргендеге ғана мәндай тер, табан ақымыздың нәтижесі өз жемісін береді. Ұлт жауапкершілігі сонда ғана өз міндеттін атқарады.

## **Н. Оразалин:**

– Іштегілер мен сырттағылардың, алыс-жақын тілеуқорларымыздың дені еліміздегі осы бір жарасымдылықтың жемісіндей саналар тұрақтылық пен тыныштықты Елбасы саясатының оң нәтижесі деп қабылдайтыны да сондықтан болар?

## **Н. Назарбаев:**

– Тек Елбасынікі деуге болmas... Еңбектің үлкені – қанша қиналса да, тұрмыс тауқыметі мен қысталанаң көрсе де тағдырының тізгінін өзі сыйлаған Президентіне сеніп тапсырып, соңыма өрген халқымдікі. Елім, халқым болмаса, мен кіммін? Қазақ халқы, барша қазақстандықтар, Қазақстан болмаса мені үлкен саясат әлемі тани қояр ма еді?! Мен жеткен жеңістерім мен алған асууларымды, ең әуелі туған халқыммен байланыстыруға дағыланған адаммын. Сондықтан болар, қиналсам да, қуансам да бар-жоғымның сыйншысы, ар-намысымның өлшемі тек халқым болсын деп ойлаймын.

Рас, етек-жеңін енді-енді жинап, жаңадан қатарға қосыла бастаған жас, тәуелсіз елдің ауы мен бауы көп. Дауы жеткілікті, жауы да жоқ емес. Сыртты бүтіндеп, оны-солымыздығы, батыс-шығысымыздығы ұлы елдермен елдік қарым-қатынастарды реттеп жүргенде, қайсыбір сеніп тапсырган азаматтарымыздың іштегі шаруашылықтардың тізгінін босаңсытып жібергенін жасыруға болмайды.

Жаупкершіліктің жүгі – ортақ. Дегенмен, экономикамыздығы оң нышандарға көз жүмбайық. Соңғы жеті-сегіз ай тәңірегіндегі күрт өзгерістер, дағдарысты тізгіндеу бағытындағы атқарылып жатқан шаралар, инфляция мөлшерінің төмендеуі сол жаупкершілік салмағын сезінудің нәтижесі екени даусыз. Қалай дегенде де Қазақ елін қалыптастырудың бүгінгі таңдағы сара бағыты – қысқа мерзімде томаға-тұйықтық пен кенжеліктің құрсауынан құтылып, әлемдік өркениеттің кеңістігіне шығу.

Бұл мениң жатсам-тұрсам есімнен екі елі шықпайтын ой-мұратым, арманым. Мен ушін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ. Бұл жолдан Назарбаевты ешкім тайдыра алмайды. Тауымды биіктетер досым да, қиналған кезде ой-мұнымды төрбетер сырласым да осы мақсат. Ол қазақстандықтарға да етене деп білемін. Мақсаттың жүзеге асуына кедергі жасаушылармен ғана емес, тіпті орындалуына сенбейтіндермен де жолымыз бөлек. Ондай азаматтардың ел билігі мен іс көзінен тыс болғанын қалаймын. Назарбаевтың жерлесі де, туысы да, бауыры да – бар ынта-ықыласымен өзін осындаі ұлы мақсатқа арнағандар. Іс жүрген жерде ұлттық ой мен күмілжудің тар аясына тығылу қауіпті нәрсе. Бұған көпжылдық республика шаруашылығын басқарған, қын, қысталан, күндерде ел көшін бастаған тәжірибем көзімді әбден жеткізіп келеді...

### **Н. Оразалин:**

– *Үмітсіз елдің ертеңі – тұл. Иншалла дейік, Нұреке, өзіңіз айтқандай, қанша қиналғанымыз ертеңге деген үмітін, Елбасыға деген сенімін көзінің карашығындаі көріп сақтап келеді.*

### **Н. Назарбаев:**

– Менің де табан тірерім, арқа сүйерім – сол елдің, халықтың үміті мен сенімі. Жар қулағымыз жастыққа тимей, күндіз – құлқі, түнде – ұйқыдан айырылып, неғып тыным көрмей жүр дейсің... Сол ел қамы ғой ойлағаным... Ел қамы... Елдік мұраттар... Біреулер сырттан сүріндіргісі келсе, енді біреулер ауыл-аймағымыздың басынан өткеріп жатқан қындықтарын көлденен тартқан болып, іштен шалады. Халыққа жандары ашығансып, "бұрын бұлай еді, енді міне, азып-тозып бәрадыны" айтқан болады. Болар істі бордай етпек ниетпен етегінен тартады. Талайының қолына билікті беріп те көрдік. Өндіргені шамалы. Солардың көбі тілдері сайрағанымен, іске келгенде шаруашылықты мандыта алмады. Іс жүргізе алмайтындардың көбі "саясатшылдыққа" өуес. "Аязби әлін, құмырысқа жолын білуғе" қалыптасар кез келді ғой. Әркім өз шамасы келер іспен айналысадар тұс – нағыз бүгін. Барынды базарға (кең мағынадағы) шығар. Ойың мен қиялышыңды жүзеге асыр. Қорықпай қымылда. Тек ел есебінен күн көріп, халықтың арқасынан нәпақа табуға үмтүлма. Талап осы. Меншіктің қай түрі де осы талап үдесіне еңбек етуі ләзім.

### **Н. Оразалин:**

– *Меншік түрі дегеннен шығады. Енді-енді қанат жая бастаған кәсіпкерлерімізді екі нәрсе қатты мазалайтын секілді. Біріншісі – кәсіпкерлер мен жекеменшік иелерінің құқын қорғайтын заңдардың өлі де толық пісіп-жетілмегені де, екінші – біраз уақыттан бері жұртшылық көкейін мазалап жүрген жерге деген меншік құқығын орнату мәселесі. Қайсыір кәсіпкерлер тіпті ақшамызды үлкен өндіріске салуға батылымыз бармайды деп ашық айтатынды да шығарды.*

### **Н. Назарбаев:**

– Меншіктің қандай түрі болмасын заң жүзінде қорғалады. Ата Заңымызда анық жазылған. Бұрын айналыспаған, көрмеген, білмеген дүниеміз. Азды-көпті кемшіліктер бар болса, бар да шығар. Түзеледі. Соған бола даруғудың қажеті жоқ. Ұяты, ары, намысы бар кәсіпкерлер олай сөйлемеуге тиіс.

Қазір Қазақстан өндірісіне өз капиталын қорықпай салып жатқан шетелдік инвесторлар баршылық. Сенбейтін болса, солар бізге неге келіп жатыр? Ешқайсысының бұл елде нағашы, жиендері жоқ. Іс жүретін болғандықтан олар капиталын іске қосып жатыр. Қайталап айтамын, бұл арада әңгіме несие-қаржы жайлы емес, әңгіме таза үлестік мақсаттағы капитал

туралы болып отыр. Менің ойымша, башпайының басын көзімен шұқыған ондай жасқаншақ қесіпкерлерге жалынудан құдай бізді сақтасын. Қесіпкерліктің басты мақсаты жеке қалтаны ғана қалындуату емес, елдің тұрмысын, әл-ауқатын көтеруге, мемлекетті қүшетуге бағытталғаны керек. Қесіпкерліктің бағы сонда ғана жанады. Бұл да ұлттық сананың дәреже-денгейін танытар биік өлшемдердің бірі.

Жер туралы әңгіменің басы ашық. Жерді ту-талақай етіп, қызыл сауда-ның көзі етуге болмайды. Бұл туралы ала-құла пікірдің бары рас. Әлемдегі талай-талай үлгілермен, мысалдармен таныстым. Тіпті зерттедім деуге де болады. Сондағы көзімнің жеткені бүгінгі жер туралы жүргізіп отырған саясатымыздың дұрыстығы. Жердің тек мемлекет меншігінде болғаны тиімді. Алыс-беріс, сауда-саттыққа түсер жердің түрлерін құжат жүзінде анықтап бергенбіз. Үйді, оған іргелес үй маңындағы учаске мен саяжайды, зауыт, фабрика қонған жерлерді саудаға салу қожайынның еркінде. Ешкім оның қолын қақпайды. Жалға берілетін жердің де өлшем-мөлшерін, мерзімін белгілейтін құжаттар, шүкір, жеткілікті. Бұл мәселені де қесіпкерлеріміздің орынды-орынсыз сылтау еткені жараспайды. Қысқасы, Қазақстанда қазір жекеменшік пен қесіпкерліктің қанат жаюына тиісті алғышарттар толық бар. Тек іске кіріс дейік!

### **Н. Оразалин:**

– *Үстіміздегі жыл ел еңсесін көтеруде бетбұрыс әкелер жыл болады деген сенімді дауыстар жиі-жиі естіле бастады. Бұл – қуанышты жағдай. Дағдарыс бетін тоқтатудағы алғашқы нышандарымыз да байқала бастаған төрізді. Осы орайда не айтар едіңіз?*

### **Н. Назарбаев:**

– Нарықтық қарым-қатынас – бүгінгі дамыған елдердің экономикалық әлеуетін ашық танытқан үлгі. Қай-қайсысы да бұл жолға соқпай өтпеді. Еліміздің осы үлгіге көшуі оңайға түсіп жатқан жоқ. Осыған дейінгі сүйегімізге сіңген жоспарлау үлгісі мен жоғарыдан түсер нұсқауға қалыптасқан экономикамен қоштасу, сана атаулыны жаңаша ойлауға көшіру қыынның қыны екенін аңғарып келеміз. Ұмтылыс болса, игерілмейтін нәрсе жоқ. Ел санасы осыдан үш-төрт жылғымен салыстырғанда түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жекеменшік деген сөз бен "қалталы кісі", "дәулетті адам" деген ұғымдарға бойымыз үйреніп қалды. Халқымыз нарыққа бейімделудің алғашқы асу-соқпақтарын игере бастады.

Бұрынғы Кеңестер Одағының орнында қалған елдердің ішінен өркениет дүниесі әзірге екі елді осындағы қатынастарға бейім деп танып, мүмкіндіктерін дұрыс бағалап отыр. Ол екі ел – Ресей мен Қазақстан.

Экономикалық реформаны дұрыс жүргізу үшін сыртқы дүниеден келер шаралар оң шешімін табуда. Енді соған еліміздің толық қолдау көрсетіп, түбегейлі бет бүрғаны керек.

**Н. Оразалин:**

– Жуық арада болар өзгерістер бар ма? Болса қандай?

**Н. Назарбаев:**

– Жуық арада болар өзгерістер дегендे, тіл ұшына ілігер бірінші мәселе – халықтың әл-ауқаты мен тұрмысына қатысты жағдайлар ғой.

**Н. Оразалин:**

– Әрине, қалың ел жауап күтер негізгі сұрақтардың бірі екені ақиқат. Референдумнан кейінгі кезеңде...

**Н. Назарбаев:**

– Референдумнан кейінгі кезеңде, алдыға қойып отырған ең үлкен міндеп – бюджет қызметкерлерінің жалақысы мен зейнетақыны мерзімімен төлеуді жолға қою. Мүмкіндіктің бәрін пайдалануымыз керек. Аман болсақ, осы жылдың қазан айынан бастап зейнетақы мен бюджетте отырғандардың айлық мөлшерін 20 пайызға көтеру жоспарланып отыр. Бағытталған көмекті, атап айтқанда, зейнеткерлерді, көббалалы отбасыларын, мүгедектерді, жесірлер мен жетімдерді, студенттерді материалдық тұрғыдан қолдап отыруды күштепкіз. Жұмыссыздықты азайту үшін мемлекет мамандық ауыстыру, өзгертуге қатысты қаражат шығынын өз мойнына алатын болады. Уақытша жұмыссыз қалғандардың жәрдемақысы үш есеге өседі. Жуық айлар ішінде инфляция қарқынын мүлдем тоқтату кезеңі болады деген сенімдеміз. Енді ай сайын болар тұтыну бағасының өсуі 1-1,5 пайыздан аспайтын болады. Тенге тұрақтылығы орнығады. Банкілерден берілетін қаржынесиенің пайыздық қайтымы азайып, оның негізгі мөлшері өндірісті дамытуға бағытталады.

1992 жылдың қаңтар немесе тамыз айларына дейінгі жинақ кассаларында сақталған ақшаларды индексациялау жоспарланып отыр. Әрине, мұндай ұлан-асыр қаражатты халыққа қайтару үшін уақыт керек. Бірер жыл аралығында қайтарып бітеміз бе деген сенімім бар. Тұрғын үй мәселесін шешудің де жолдарын іздестіріп, қаражатын қарастырамыз. Үй салу мен сатып алуға бағытталар қаражатты да табамыз. Үстіміздегі жылдың ішінде өндіріс көзін ашар жаңа салық жүйесі іске қосылмақшы. Осы орайда, жаңа зандар қабылданады. Экономиканы етегінен тартар коррупциялық қимыл-әрекеттерге, озбырлық мінездерге тыйым салынады. Аңқау елді алдап-арбап, әртүрлі алып-сатарлық женіл жолмен ақша табушылар, атап айтқанда, "Смағұлов және К" компаниясы секілділер қатаң бақылауға алынады. Әртүрлі шетелдік арзанқол тауарларды, мерзімі өткен тауарларды қымбатқа сатып, адам өміріне қауіп төндірушілермен, жасырмаймыз, сөзіміз қатал болмақ.

**Н. Оразалин:**

– Кешіріңіз, осы арада тіл ұшына тағы бір әңгіме оралып отыр. Ол – өзініздің қылмысқа қарсы жаппай күрес жариялаган Жарлығыныздың орын-

далуы. Ел ішінде осы әрекет "науқандық" қана сипат алып жүрмес пе де-ген күдік бар. Мына сөздеріңізге қарағанда, қылмыспен курс жуық арада біте қоймас тұрақты процеске айналатын сыңайлы.

**Н. Назарбаев:**

– Құқықтық қоғам құрып жатқанымыз рас болса, онда қоғам үшін де тастай тәртіптің қажет екеніне көзіміз соңғы жылдары, анық жетті. Занға жүгініп өмір сұру, тәртіпке мойынұсыну болмаған жерде имандылығызыңдың да, демократияныздың да құны қек тиын. Жүргенсіздікті ауыздықтап, қылмыскерді лайықты жазаға бұйырту – республика азаматтарының тыныш өмір сүріп, еңбек етуінің кепілі. Көзіміз соған анық жетті. Заңдылық пен тәртіл болмаған жерде мемлекеттік құрылымның іргесі де шайқалары анық.

**Н. Оразалин:**

– Бұл әрекетініздің астарынан диктаторлық қимыл көретіндер де бар.

**Н. Назарбаев:**

– "Көрмес – түйені де көрмес" дейтін бе еді дана халқымыз... Жекелеген топтарға ұнау, ұнамау міндеп емес. Ең бастысы, жаппай курс қалың жүртшылықтың ойынан шыққан тәрізді.

**Н. Оразалин:**

– Халық ашық қолдау көрсөтіп отыр.

**Н. Назарбаев:**

– Демек, демократияны демагогиямен шатастыруға болмайды. Демократияның әдемі тонын жамылып, айнала бере өзгенің қолымен от көсеп, өтірік өзеуреп, жүргенсіздікке жол беру, қоғамды бейберекеттік пен қылмыстың қек тұмандына батыру өзін отырған бұтақты балталаумен бірдей. Иә, мен тәртіп диктатурасы, дәлірек айтқанда, ұлы мәртебелі Заңның диктатурасы салтанат құрганын қалаймын! Дамудың жаңа сатысына өткен еліміздің тұтастығын сақтау үшін, бұл орайда, бәріне баруымыз керек. "Жауды аяған – жарапы" деген сөз бар. Қазіргі таңда қылмыс – қоғамның қас жауы болып тұр. Оны аяуға болмайтындей дәрежеге жетті. Заң алдында бәріміз бірдейміз. Заңмен өмір сүріп, қызмет етуге үйренуіміз керек. Өміріміздің сәнін алып, тынышын кетіргендер де, ел есебінен есепсіз байлыққа кенелгендер де өз жазасын тартуы – әділдік. Әділдікті сақтау, елді әділетсіздіктен қорғау – менің конституциялық міндетім.

**Н. Оразалин:**

– Нүреке, соңғы ай жарым мезгіл ішінде республиканың саяси өмірінде болған үлкен оқиға – Конституциялық соттың шешімімен Парламенттіміздің заңсыз деп танылуы, үкімет құрамының қайта жасақталуы.

*Ел құлағы – елу. Әртүрлі пайым айтушылар болды. Бұрын-соңды мұндай жағдайды бастан кешіп көрмеген ел де, Елбасы да тығырыққа тіреліп қалғандай болғанын ешкім жоққа шығара қойmas...*

**Н. Назарбаев:**

– Тосын шешімнің бәрімізді де қобалжытқаны рас, Елбасы ретінде елді артық әнгімендем сақтандырып, мәселені саяси парасатқа жүгіну арқылы Конституция нормаларын бұзбай шешүге шақырдым. Араға уақыт түскен соң, айтуға болады. Ал дәл сол кезде қатты қиналысқа түскенім рас. Алдында екі жол тұрды: біріншісі, Парламентті сақтау үшін тоталитарлық құрылымның кезінен қалған ескі әдіске салып, Конституциялық соттың шешімін тізеге салып бұзу; екіншісі, ондаған пікірлес әріптестерімнің көніліне қаяу түсіре отырып, Конституция алдындағы адалдық сертін аяқасты етпеу. Уақыт өтер, тарих өз бағасын берер. Мен Конституция алдында бас идім. Мұндай шешімге бару ауыр еди. Бірақ ауыр болса да баруға тұра келді. Лайым Конституция бұдан былай да бәрімізден биіктегі тұрганын қалаймын. Құқықтық қоғамда бәрі заңға жүгініп, заңмен шешілуі тиіс.

**Н. Оразалин:**

– Жаңалықтың жолы қашанда қыын. Сіз бастау-құлағында тұрган тәуелсіз елдің тағдыр-талаіын шешер өлдігіміздің ұлан-асыр істерін аяқтау – елге де, Елбасыға да сын. 1996 жылғы сайлауға дейін жайбарақат отырып-ақ ел басқара беруге болар еді ғой.

**Н. Назарбаев:**

– Әрине, болғанда қандай...

**Н. Оразалин:**

– Ендеше, Сіздің қысқа мерзімде шұғыл шешім қабылдап, референдумға шығуыңыздың сырын қалай ұғуға болады?

**Н. Назарбаев:**

– Өзің айттың емес пе, бастаған істі абыраймен аяқтау – елге де, Елбасыға да сын. Сын мұраты – қара қылды қақ жарып, шындықтың бетін ашу. Әрине, сайлауға түсіп, азды-көпті баламалы кандидаттардың арасынан суырылып келуге де болар еди. Екі жыл ішінде экономиканың беті де түзеліп, ел тұрмысы да оңалып қалары анық қой. Ал, бүгінгідей дағдарыстың сынырлап тұрган кезінде референдумға шығу тәуекел болып көрінуі әбден мүмкін. Оны кім қалай жориды – өз ісі. Мениң тәуекелім – елдің Елбасыға деген сенімінің басын ашып алу. Ал егер сенетін болса, мақсат – басталған істі тиянақтай отырып, елдіктің ұлы жолына түсіру. Әрине, қарақан басының қамын ойлаған адамның мұндай іске бармасы анық. Мен барып отырымын. Бұл – бір. Екіншіден, мені мұндай іске итермелеген Қазақстан халық-

тарының ассамблеясы болды. Шынымды айтсам, бұл ой маған осы ассамблеяның алғашқы сессиясы кезінде келді.

**Н. Оразалин:**

– Қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы, ел қекейінде жүрген тағы бір сұраққа тоқталмай кетуге болмады. Қалай ойлайсыз, ауыл өмірі мен тұрмысына он өзгерістер әкелер қадамдар бола ма?

**Н. Назарбаев:**

– Ауыл мен ауыл шаруашылығын жалпы елдегі іргелі өзгерістерден бөле-жара қарауға болмайды. Жер-жерде жүріп жатқан жекешелендіруге халық тарапынан ауық-ауық наразылықтың барын білемін. Бұл орайда, жүйелі тәртіп орнайды. Ауылды тұралатып отырған басты себептердің бірі – ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын жоғарыдан қысып отыру принципі. Бұл принципке тосқауыл қойылады. Ауыл өзі – өндіретін астыры мен басқа да өнімдерінің бағасын өзі белгілейтін болады. Мемлекет сатып алған өнімдерінің де есебін айырысуды кешіктіру тоқтатылады. Шопандарымыздың ауыр өмірін жеңілдету жолдарын – шаруа қожалықтарына қамқорлық көрсетуді қарастырамыз. Қайсыбір шалғай аудандарды тікелей өзім қадағалап, тиісті жерлерден жауап алып отыруды міндеттіме аламын. Осы орайда үйымдастыру шаралары атқарылады. Жергілікті басқару органдарының бәріне мектеп, аурухана, тағы басқа мәдениет ошақтарын сақтап қалу турасында тапсырма берілмекші. Кей жерлердегі орынсыз жекешелендірілген клубтар мен ауруханалар, мектептер қайтарылады. Ауылдағы тегін орта білім беруді жетілдіру жолдары қарастырылады. Қысқасы, бәріміз де ауыл алдындағы парыз-қарызымызды ұмытпауға тиіспіз. Ауылдың амандығы – елдің амандығы. Мен мұны өзімнің ең қасиетті борышымның бірі деп санаймын.

Бүгін қиналса да, күні ертең-ақ ауылдың көністік айдынына шығарына сенемін. Қазақстан сияқты ауыл шаруашылығы басым дамыған, малға тағдырын теліген елде тұрып, ауылдың жағдайын ойламау ешкімге опа бермейді.

**Н. Оразалин:**

– Құрметті Елбасы, Сіз халқынызға, халқыныздың Сізге сенетініне әлем жұртшылығының көзі әлденеше рет жетті. Қазақстандықтар бұл жолы да өз Президенттің шығар тауын биіктеттер деген сенімдеміз. Әңгіменізге рахмет! Елге амандық, Сізге саулық және сәттілік тілейміз!

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
С ГЛАВНЫМ РЕДАКТОРОМ "КАЗАХСТАНСКОЙ ПРАВДЫ"  
ГРИГОРИЕМ ДИЛЬДЯЕВЫМ\***

---

Алматы, апрель 1995 года

**"ПРИШЛО ВРЕМЯ ВНОВЬ ПОСОВЕТОВАТЬСЯ С НАРОДОМ,  
ПОЛУЧИТЬ ЕГО МАНДАТ. КАК СКАЖЕТ НАРОД, ТАК ОНО И БУДЕТ"**

**Г. Дильдяев:**

– Нурсултан Абишевич, начать, видимо, необходимо с принципиальных оценок сложившейся ситуации. Ощущается дефицит не чьих-либо комментариев, а Ваших личных выводов, намерений и прогнозов. Лавина событий многих сбивает с толку, накануне первого в истории Казахстана референдума чувствуется некоторая растерянность. К слову сказать, не растерялись чиновники: редакцию захлестнул вол "откликов", мол, единодушно поддерживаем и одобляем. Старая стилистика накладывается на сегодняшнюю очень непростую и совершенно новую ситуацию.

**Н. Назарбаев:**

– Важно понять, что мы пережили этап, надо осмыслить все его достижения и потери. Что на поверхности, осязаемо, о чем судят? Выборы на выборах, нет четкой политики и программы реформ, парламенты один за другим уходят. А жизнь тем временем ухудшается. Вот, мол, к чему пришли...

А к чему, собственно, пришли? Настало время посоветоваться, как говорится, всем миром.

Казахстанцы оказали мне доверие в 1991 году, оно помогало мне все это время. Благодаря ему мы решили много проблем, не так просто было начать создавать свою собственную государственность, учиться жить самостоятельно. Приходилось взвешивать, сомневаться, принимать трудные решения. Но я всегда знал, что за мной народ, его доверие. Что мы имеем? Главное, мы сохранили мир и межнациональное согласие. Это был сложный процесс, через что мы прошли – все помним и знаем: страны единой не стало, люди почувствовали дискомфорт, были попытки спровоцировать межнациональный конфликт. Но мы пошли по единственному

---

\* Газета "Казахстанская правда", 14 апреля 1995 года.

пути, не ограничивая гражданские свободы. Можно ли было другую политику проводить? Да, можно. Какую? В разных странах мира проводятся три типа национальной политики. Есть примеры выдавливания некоренного населения, прямые угрозы, требование выезда – вы сами можете продлить этот ряд. Дальше: ужесточение законодательства в отношении представителей других наций. У нас в Казахстане никого человеком второго сорта не делали. Нужно ли объяснять, что иной путь привел бы страну к взрыву. Ряд государств вообще не придает значения национальным вопросам, надеясь, что они отпадут сами по себе. По этому пути мы тоже не могли идти – не отпали бы эти вопросы в Казахстане сами по себе. Мы ведем поиск согласия, доверия между народами, хотя мне пытались за эти годы навязать и другую политику в национальном вопросе. Сегодня о нас тоже порой говорят, что и в Казахстане не все так безоблачно и стабильно. А что у нас – война что ли была, серьезные межнациональные конфликты, танки на улицах городов?

**Г. Дильдяев:**

– Спаси и сохрани...

**Н. Назарбаев:**

– Мы избежали печальной участи многих. Это было главной задачей. И что ни говори, а стабильность в государстве основывается на повседневной кропотливой деятельности всех его структур, национальных культурных центров, многих личностей, видящих в этом главное условие выживания нашей страны.

Законность и порядок – без этих двух понятий не бывает государства, без них оно не может жить. Всегда говорил: я за диктатуру, диктатуру закона. Так вот, когда-то за это надо было браться. Взялись. Однако начали наводить порядок и порой слышим: чего это по улицам мальчишки с автоматами ходят, людей тревожат... А когда убивают казахстанцев (в прошлом году убили 4 тысячи человек), это что – демократия? И на эти усилия по наведению порядка тоже надо получить вотум доверия народа. Такую борьбу с преступностью я буду жестко проводить дальше.

Давайте еще раз скажем, отчего происходят все наши сегодняшние беды? Вы помните, за что я боролся, когда распадался СССР. Я был против разрушения единого экономического пространства, однако этот живой организм был сломан, вот где причина всех наших проблем. А ведь известно, к примеру, чехи и словаки, прежде чем разойтись, приняли законы о разделении при сохранении всех связей между предприятиями. У нас, к сожалению, все произошло иначе.

Напомню, все интеграционные инициативы в СНГ, вплоть до Евразийского союза, который, по моему мнению, устроил бы всех, – опять же от

Казахстана шли. С соседями – Узбекистаном, Кыргызстаном – ищем варианты тесного взаимодействия. Потому что и здесь тоже есть дестабилизирующий потенциал и порох. И еще какой! Узбеки и казахи в пограничье живут смешанно, вечны споры за воду для полива огородов. Заурядная кетменная драка может к драме привести. Вот почему я стараюсь выстраивать взаимоотношения со всеми соседями, с Россией, КНР. Стабильность внутри, стабильность вокруг Казахстана – вот что нам нужно. Одно от другого зависит.

Не все в оценках такой интеграционной политики однозначно, кое-кто говорит: Назарбаев сдает суверенитет страны, независимость ее. Не буду давать развернутую оценку таким словам, напомню лишь, что мы получили гарантии безопасности, целостности своей территории от США, Великобритании, России и Китая. На днях в Алматы был министр обороны США г-н Перри. Он подтверждает, что США свои обязательства перед Казахстаном выполнят полностью. Раз так, то на интеграцию мы должны идти смело, она дает нам развитие.

**Г. Дильдяев:**

– Помнится, в телеинтервью, которое я брал у Вас минувшей зимой, Вы много говорили об оппозиции, Вашем отношении к ней...

**Н. Назарбаев:**

– А есть ли у нас оппозиция? Если говорить о наличии серьезных альтернативных программ развития Казахстана, о конкуренции этих подготовленных партиями и движениями программ, то такой оппозиции нет. Не надо путать многопартийность и оппозицию. Партий в Казахстане много, и все они действуют свободно. Что же касается оппозиционных политических групп, то вовсе не моя вина, что они не пользуются уважением в народе. А партийное строительство у нас я всегда поддерживал, принимал участие в создании соцпартии, НКК, СНЕКа, других партий. Я хотел, чтобы они понастоящему встали на ноги, включились в общественную жизнь, возможно, составили оппозиционный блок. Без оппозиции нет демократии.

Часто слышу вопрос, почему нам нужен референдум? Во всех демократических странах на референдум, то есть на всенародное голосование, которое является высшим проявлением демократии, всегда выносятся вопросы государственной важности и с понятной формулировкой, на который можно ответить однозначно: да или нет.

Перед нами стоит задача реформирования экономики, политического устройства страны. Это очень непростые проблемы. Практика их разрешения породила много споров, в том числе выводы о нестабильности, кое-кто ставит под сомнение доверие народа к Президенту. Давайте путем референдума и расставим все точки над "і".

**Г. Дильдяев:**

– Наверняка Вы слышите голоса тех, кто говорит, что Назарбаев не хочет выборов 1996 года?

**Н. Назарбаев:**

– Слышу. Самое интересное, что так говорят те же люди, которые вот уже два года буквально кричат о том, что нужен референдум о доверии Президенту. Сегодня у них другая песня: оказывается, им референдум не нужен, а зачем-то понадобился Назарбаев. Вот такая демонстрируется переменчивость взглядов. И еще, если Бог даст, мы все выдержим и наметившуюся стабилизацию укрепим и разовьем, а я в это верю, то для меня 1996 год был бы для проведения выборов предпочтительнее. Ведь о чем нужно не забывать? На выборах голоса разделяются, есть возможность отдать предпочтение тому или иному претенденту, а на референдуме вопрос стоит жестко: о доверии или недоверии. Согласитесь, это ответственнее, чем пойти на общие выборы. Человек, думающий только о личной власти, причем в условиях кризиса, когда все обострено, на этот шаг наверняка не пойдет. Я – пошел. И потом: говорят о моем "узурпаторстве" и забывают о той ответственности, которую я на себя взял после, не скрою, труднейших размышлений.

Выше народного референдума ничего нет. Это выражение воли всех казахстанцев. И как скажет народ, так оно и будет. Для меня это сейчас самая необходимая и самая важная оценка.

Но было бы дорогим удовольствием проводить референдум лишь ради этого. Главное, он должен помочь создать условия для подъема экономики, быстрого выхода Казахстана из кризиса. Народ, я думаю, понимает, что важнее: улучшать свою жизнь или тешить чьи-то политические амбиции. Люди устали от экономической неразберихи. Нужна предсказуемость в политике, и не на один-полтора года, а хотя бы на пять лет.

Сегодня появились первые признаки стабилизации, но надо решить три главных вопроса: принять ясные, справедливые экономические законы, поддерживающие отечественного товаропроизводителя. Нужно разгромить преступность, прежде всего организованную. Нужно четко решить конституционные вопросы, чтобы избежать бессмысленных политических противоборств. Если страна втянется в двухгодовую предвыборную гонку с критикой слева и справа одного другим по национальному, региональному, клановому и прочим признакам – это далеко заведет.

Не могу не отреагировать и на парламентский кризис, который мы пережили недавно. Да, в этой ситуации торжествовал закон, что является ярчайшим проявлением того, что мы действительно строим правовое государство. Немало было суждений о том, что Президент должен был поступиться законом и выбрать "политическую целесообразность", встать на

сторону Верховного Совета. "Но мы же Вас поддерживаем, Нурсултан Абисhevич, – говорили депутаты, когда я приходил к ним в последние дни. – Поставьте на голосование, прямо сейчас Конституцию поменяем, как Вам надо..." Представляете себе?

А о референдуме, если честно сказать, я не думал, пока сессия Ассамблеи народов Казахстана об этом не заговорила, 29 выступавших подняли этот вопрос. Я просто поразился. Приняли резолюцию, вручили ее мне. Нельзя не прислушаться к мнению ассамблеи – сегодня оно выражает мнение партий и общественных движений, ветеранских организаций, творческих союзов и так далее.

**Г. Дильдяев:**

– *Что будет после референдума?*

**Н. Назарбаев:**

– Казахстан – государство с большим потенциалом, мы можем и должны жить лучше, реальный прогресс обязательно наступит, как только мы преодолеем этот переходный период. Это не только мое мнение. Нам нельзя рассчитывать на то, что ход событий сам по себе все изменит, необходимы усилия. Главное условие – мы должны пройти этот путь в стабильной обстановке, опираясь на последовательное развитие демократии.

Стратегические цели, я думаю, никого не смущают – ничего нового мы не выдумываем, идем по пути, по которому прошли многие государства. Безболезненно реформы никогда не проходят. Но это не говорит о том, что мы должны повторить все чужие ошибки, нужно постараться избежать их.

Все сейчас считают, в том числе многие известные аналитические центры, что в СНГ две страны – Россия и Казахстан – имеют наиболее благоприятные условия и перспективы в проведении перемен. Не устаю повторять: главная отличительная особенность Казахстана – это политическая стабильность, которую мы должны максимально беречь.

Что будет сделано в самое ближайшее время? Мною перед Правительством поставлена задача, чтобы впредь не допускались задолженности по выплатам предусмотренных бюджетом пенсий, заработной платы трудящимся. Более того, к октябрю нынешнего года средний уровень пенсий и заработной платы бюджетников повысится на 20 процентов, усиливается действенность адресной социальной защиты ветеранов, пенсионеров, многодетных семей, инвалидов, вдов, сирот, студентов и других социально уязвимых слоев населения. Государство возьмет на себя затраты по подготовке и переобучению работников, которые могут оказаться временно без работы, в три раза будет повышен пособие по безработице.

Задействованы меры по бесповоротной остановке инфляции. В дальнейшем не будет допущен рост потребительских цен более чем на 1–1,5

процента в месяц. Тенге будет оставаться стабильным по отношению к твердым валютам. Банковские процентные ставки снизятся до уровня, когда станет выгодным брать кредиты для развития производства.

Начнем индексацию вкладов населения, находящихся в сбербанках по состоянию на 1 января или на 1 августа 1992 года. Будут рассчитаны конкретные суммы, которые причитаются каждому вкладчику. Разумеется, не в один год, постепенно, в 97–98 -годах будем выплачивать людям, компенсируя то, что они потеряли. Мы найдем средства, чтобы осуществить жилищную программу, давать желающим долгосрочные кредиты, чтобы можно было купить собственное жилье или построить его.

Чтобы оживить производство, снизятся, и значительно, налоги. Будут быстро приняты все те экономические законы, задержка с принятием которых сильно тормозила нас в последний год. Я могу твердо гарантировать, что снизятся ставки кредитов в банках. Мы примем самые строгие меры по обузданию экономической преступности, в первую очередь коррупции и мошенничества. Ужесточим контроль за деятельностью разного рода финансовых трастов, компаний, наподобие печально известной "Смагулов и К°". Мы поставим жесткий барьер перед теми, кто производит, ввозит и продает низкокачественные товары, особенно продукты питания, угрожающие жизни и здоровью людей.

Будет наведен порядок в приватизации, ход которой часто вызывает справедливые нарекания. Ликвидируем порочную практику задержки оплаты сельхозпродукции, закупленной государством. Отныне государство будет платить селянам сразу по счетам, остальным товаропроизводителям будут торговать сами. Предусмотрена последовательная поддержка чабанских и крестьянских хозяйств, особенно в отдаленных районах.

Всем органам власти даны жесткие указания по обеспечению деятельности школ, больниц, объектов культуры. Вопрос не только о финансировании, но и о прекращении беспредела в "прихватизации" клубов, школ, больниц. Мы обязательно сохраним доступность и бесплатность получений среднего образования в государственных учебных заведениях, обеспечим возможность получать высшее образование по конкурсу в государственных вузах. Наш долг – гарантировать гражданам возможность получения и бесплатного медицинского обслуживания в государственных медицинских учреждениях.

### **Г. Дильдяев:**

– Нурсултан Абишевич, а как же будут решаться те ключевые вопросы, которые Вы ставили на рейтинговое голосование перед Верховным Советом? Которые сейчас у всех на устах – о частной собственности на землю, о языках, государственности...

**Н. Назарбаев:**

– Я об этом много думаю, размышляю вслух в разных аудиториях. В основном мои поиски, взгляды на эти и в самом деле всех волнующие вопросы известны, базируются они на желании найти золотую середину, сблизить крайности, учесть все особенности нашей страны. Сейчас склоняюсь к мысли, что ответ на эти вопросы должен дать сам народ Казахстана. Речь идет о конституционном устройстве, следовательно, возможно и, скорее всего, необходимо всенародное голосование.

**Г. Дильдяев:**

– Можно ли это понимать так, что механизм референдума в Казахстане наладится и заработает?

**Н. Назарбаев:**

– А почему же он должен быть "одноразового" действия? Впереди у нас конституционные реформы, решения по ним нужно народу принимать, а не чиновникам. В практике многих стран мира закрепилось проведение референдумов по основополагающим вопросам государственного строительства.

**Г. Дильдяев:**

– Наверняка и зачастившие к нам высокие зарубежные гости спрашивают: будет ли в Казахстане парламент? И когда?

**Н. Назарбаев:**

– Разумеется, спрашивают. Отвечаю им: а как же, конечно будет. Будет тот парламент, который необходим стране. Я уже об этом говорил. Нам нужен работоспособный, двухпалатный парламент, занимающийся сугубо законодательной деятельностью. И тут не надо больше велосипеда изобретать. Есть апробированное мировой практикой право президентского вето и его же право на роспуск парламента, как, с другой стороны, и институт импичмента президента. Это все нам нужно законом закрепить. А когда будут выборы в новый парламент? Тут мне многие советуют не спешить... У нас опасно упал престиж законодательной власти, меня как президента это не может не беспокоить. Я думаю, парламент должен появиться после обновления выборного законодательства, и состоятся выборы где-нибудь в конце будущей осени – начале зимы. С уборкой вот управимся, и тогда...

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң "ИЗВЕСТИЯ" ГАЗЕТИНЕ БЕРГЕН  
СҮХБАТЫ\***

---

Алматы, 18 сәуір 1995 жыл

Қазақстондағы саяси көктем сирек кездесетін қарқынмен дүркірей келді: парламент тарап кетті, үкімет отставкаға шықты, 29 сәуірде бүкілхалықтық референдум өттепін болды. Республика тұрғындары онда мынаңай бір сұраққа жауап беруі тиіс: "Сіз Президент Н. Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартуға келісесіз бе?"

Оқиғалардың мұндай бетбұрысы Қазақстанның өз ішінде де, одан тыс көптеген жерлерде де түрлі түсініктемелер мен мәлімдемелер тасқынын тудырды. Саяси шолушылар әңгімені сан сақта жүгіртпіп, Назарбаев өзінің Орта Азиядағы көршілерінен үлгі алуға бел буды дегенді айтуда. Өйткені Өзбекстан мен Туркменстанның президенттері ел басқаруды XX ғасырдың аяғына дейін қазірдің өзінде қамтамасыз етіп алғаны белгілі.

**Тілші:**

– Көптеген саяси қайраткерлер мен журналистер Назарбаев сайлау өткізуден гөрі референдум өткізуі артық санап, демократиялық принциптерден кері шегінгенін көрсетіп отыр дегенді ашық айтып жүр. Сіз өзінің қазіргі оқиғаларды қалай бағалар едіңіз?

**Н. Назарбаев:**

– Саясатқа көсіби түрде араласпайтын, оның үстіне өздері сөз етуге тырысатын оқиғалардан тым алыста жүрген адамдардың ол оқиғалар жөнінде әдетте өзге біреулердің ұсынған үлгілерінің шырмауында жиі-жі қалып қоятыны белгілі. Қазір жүрттың бәрі де "референдум" деген сөзге құлағын тіріп алды. Журналистердің арасында өкімет билігіне озбырлық жасалды демейтіні кемде-кем. Бұл ретте олар біздің көршілерімізге қарай иек қағады. Бірақ референдум жөнінде шешім қабылдаудың алдында болған оқиғалардың тізбегі қандай екенін олардың көпшілігі ұмытып та үлгерген

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 сәуір 1995 жыл.

тәрізді. Сөз реті келгенде айта кетейін, мұндай тосын шешімнің қабылданатынын мен өзім де құткен жоқ едім.

Оқиғалардың хронологиясы мынадай. 7 наурызда біздің Конституциялық сотымыз Орталық сайлау комиссиясының сайлау алдындағы қабылдаған бірқатар құжаттарын Конституцияға сай келмейді деп тапты. Мұндай шешімнің құқықтық зардаптары орасан зор еді: Жоғарғы Кеңес заңсыз сайланған, оның қабылдаған заңдары мен қаулылары заңға сәйкес келмейді, ол бекіткен Министрлер кабинеті де заңсыз деп табылды. Келесі күні, 8 наурызда, мен Конституциялық сотқа оның қаулысына наразылығымды білдірген хат жолдадым. Шынымды айтайын, ол кезде аяқ астынан бүрк ете қалған шиеленісті қалай болғанда да тоқтатармын деп үміттенген едім. Бірақ жағдай ушығып кетті – енді Жоғарғы Кеңес ауыздағының қарш-қарш шайнаптыға келді – парламенттің іс жүзінде таратылып кеткеніне қарамай, депутаттар Конституцияға өзгеріс енгізуге таласып бақты. Сөйтіп Конституциялық соттың шілдеге дейін үнін шығармауға тырыстық. Сайып келгенде, біз толық көлеміндегі парламенттік дағдарыска ұшырадық.

Мұндай жағдайда Президенттің не істеуі тиіс еді. Сотқа "Сен өз орныңды біл!" деуі керек пе? Парламентті тізгіndeuge ұмтыла ма? Және мұны қалай жасау керек? Мен былай деп санаймын: егер Президент демократиялық принциптерге адал болса, егер Конституциялық заңдылықты сақтаудың іс жүзіндегі кепілі болуға тырысса, онда оның тек қана заңға бағынудан өзге ешқандай таңдауы қалмайды. Мен, заңның талаптарын толық сақтай отырып, былай жасадым: Конституциялық соттың түсініктемелері негізінде парламент таратылды, үкіметтің отставкасы қабылданды, бұрын маған берілген заң шығарушылық өкімет билігі Президенттің қолына көшті.

### **Тілші:**

– *Бірақ Сіз сайлау өткізуді емес, референдум өткізуді неге қаладыңыз? Егер сайлау өткізетін болғаныңызда Сіздің бақшаңызға қараң өшкім тас лақтырып, тиісе алмас еді ғой?*

### **Н. Назарбаев:**

– "Сіз" деп отырғаныңыз кім? Референдум өткізу туралы шешімге итермелеген мен емес, Қазақстан халықтарының ассамблеясы ғой. (Анықтама: Ассамблеяға қатысқан 305 делегаттың 206-сы шағын ассамблеяларда – облыстық мәслихаттарда, ал, қалғандары ұлттық-мәдени орталықтардан сайланған болатын. Ассамблеяға республикада тұратын барлық ұлттардың өкілдері, сондай-ақ өкімшілік аумақтар түгел қатысты. – автор).

Қоғамымыздағы тұрақтылықты сақтау мақсатымен дағдарыстан шығудың тап осы жолын таңдаған Ассамблеядан өзге өшкім де емес. Парламент таратылғаннан кейін заң шығару өкілеттігі заңға сәйкес Президенттің қолына көшті. Мұның өзі бұған халықтың толық сенімі бар екендігін дәлелдеуді, яғни референдум өткізуді талап етті. Иә, мұндай жағдайда сайлау

өткізуге де болатын еді. Бірақ бізде оның зандық негізі қаланған жоқ еді. Оның үстіне, толық көлеміндегі сайлау науқаның өткізу жағдайдың сөзсіз шиеленісе түсіне алып барып соғатын болды.

Біздің неге бұлай еткенімізді, басқаша әрекет жасамаганымды түсіну үшін Қазақстанның өзіндік ерекшеліктері бар екенін, мейлінше ала-құла ұлттық құрам бар екенін, ал ондағы байырғы халықтың көпшілік болып табылмайтынын білу керек.

Сондықтан да, ең басты мәселе қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады. ТМД елдерінің толып жатқан түкпір-түкпіріндегі шаңырақ шайқалтарлық ұлтаралық этникалық шиеленістер орын алып отырғанда, ондай оқиғалардың 120 (!) ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратын Қазақстанда да қайталауынан қауіптену жағдайында Президенттің мұндай ойды ұдайы қайталап айтып отыруы ешкімді де ығыр етпеуі тиіс.

Президенттің Ассамблеяда сейлеген бағдарламалық сөзіндегі кейір цифrlар мынадай: 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам бар еді, 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мыңға дейін кеміді. Бір жарым миллионға жуық қазақ қырылып қалды, 1,3 миллион қазақ КСРОдан тыс жерлерге көшіп кетті. Елбасының, XX ғасырдың қазақтар үшін қасіретті оқиғалары мол зар заманға айналуына, сөйтіп өз Отанында өздерінің азшылық болып қалуына қазақтардың ешқандай да кінесі жоқ.

Президенттің атап көрсеткеніндей, қазақ ұлтының да кез келген өзге ұлт сияқты өз мемлекеттілігіне ие болуға әбден лайықты құқығы бар. Оның мұндай құқыққа өзінің бүкіл тарихында азапты қүрес жүргізу арқылы қолы жетті!

Оте сирек кездесетін бірден-бір бірегей көпұлтты Қазақстан (мұндай болудың негізінде Қазақстанға ырықсыз айдалап апарылған көптеген халықтардың – україндықтардың, поляктардың, немістердің, Солтүстік Кавказ халықтары өкілдерінің, түріктердің, Қырым татарларының, көрістердің, гректердің қайғы-қасіреті де жатыр) өз көршілерінің басынан өтіп жатқан қасіретті оқиғаларға жол берген жоқ. "Біздің бұдан былай да өз мемлекетімізде бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты сақтай алатынымызға мен көміл сенемін", – дейді Президент.

### **Тілші:**

– Сіз референдум алдында республикадағы орын алып отырған жағдайды қалай бағалайсыз? Көнілді алаңдатарлықтай негіз бар ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Бұл күндері көнілді алаңдатып отырған бір ғана нәрсе бар: тәжік-ауған шекарасында қазақстанның тапты. Ал егер республикадағы жағдай туралы айтатын болсақ, онда менің оптимистік үмітім күшті деуге негіз

жеткілікті. Реформаларды жеделдегу жөніндегі үмітіміз күшті: теңге сегіз айдан бері доллармен салыстырғанда тұрақты болып отыр, ақшаның құнсыздануы 5 пайыздан асқан жоқ, халықтың табысы 1,6 есе артты. Адамдардың тұрмыс жағдайын жақсарта аламыз. Міне, сонда қоғамдағы қызулықтар да басылатын болады.

### **Тілші:**

– Ал "референдум жөніндегі" қызуқанды әңгімелер ше?

### **Н. Назарбаев:**

– Бұл ретте қызуқандылық болмай қалған жоқ. Алғашқыда референдум жөніндегі шешімді бұрынғы депутаттардың бір бөлігі және әртүрлі саяси күштер наизаның ұшымен қарсы алды. (Әсіресе "Азат" азаматтық қозғалысының, "Лад" славян қозғалысының және "Алаш" партиясының кейбір серкелері ерекше қарсылық танытып бақты. – Автор). Ал, бүгінгі таңда тіпті ымыраға келмейміз деген оппозицияның арасында да негұрлым байсалды үндер басым естіле бастады. Бұған мысал ретінде жуырда ең ықпалды деген бес партияның референдум жөніндегі идеяны бірауыздан қолдағанын айтсақ та жеткілікті.

"Известияға" Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшісі Тайыр Мансуровтың берген деректері бойынша, бұл партиялардың қатарында "Қазақстанның халық бірлігі", "Қазақстанның халық конгресі" (Олжас Сүлейменовтың партиясы), "Қазақстанның дәуірлеу партиясы", "Қазақстанның социалистік партиясы", "Қазақстанның халықтық-кооперативтік партиясы" бар. Референдум идеясын соңғы кезде "Қазақстанның орыс одағы" қоғамдық бірлестігі де қолдағанын білдірді.

Мұндай қолдаудың барған сайын күшейіп келе жатқанына қарамай (референдумның Назарбаевтың пайдасына шешілетініне күмәнданушылар кемде-кем), Н. Назарбаев бұрынғыдан да күшті қайсарлықпен әрекет етуде. Ол қылмысқа қарсы барынша қатал курес жөніндегі науқанды өрістетті. Мұны шектен шықкан бассыздықтан мезі болған халықтың бірауыздан қолдап, қызу қарсы алғаны әбден табиғи нәрсе. Бізді өмірлік маңызы бар зандардың қалдырған парламент дәрменсіздігінен болған олқылықтардың орнын толтыруымыз керек. Қазір менің қарауымдағы адамдар кешегі заң шығарушылардың жіберіп алған кемшиліктерінің есесін қайтару үшін күндіз демей, түн демей жұмыс істеп жатыр. Осы сәуір айында біз жаңадан 17 заң жобасын әзірлеп, оларды қабылдауымыз тиіс болатын. Олардың арасында Қылмыс кодексі де бар. Мен сәуір айында бұл зандарға қол қоятын боламын.

Атқарушы өкіметтің заң шығарушы өкіметке, керісінше, заң шығарушы өкіметтің атқарушы өкіметке кінә тағуы жалпыға ортақ нәрсеге айналды. Іс жүзінде алғанда ТМД елдерінің барлығында да Хасбулатовтың парламенті-

нен бастап, барлық алғашқы парламенттер мейлінше сәтсіздік атаулыдан арыла алмады. Атқаруши өкімет орындарына қарсылық көрсету Белоруссиядан Қазақстанға дейінгі ұланғайыр кеңістікті түгелдей дерлік сілкіледі және сілкілеп келеді. Қай жерде болса да заң шығарушыларға деген өшпендерлік күшті және өз қара бастары үшін бәрін де қармап, жұлдып алып қалуға тырысатын кеңестік жаман әдеть сақталған. Соның бір мысалын ғана келтірейін. Ол Қазақстанның тарап кеткен парламентінің мінез-құлқын айқын сипаттайтын. Парламенттің бірнеше депутаты Ресейдегі әріптестерімен кездесіп, Отанына қайтып оралғанда Мемлекеттік Думаның әр депутатының астында бір-бір дербес автомашинасы бар екен, олардың айлық жалақысы Ресей министрінің айлығымен бірдей екен, деген сияқты әңгімелерді айтып келді. (Ал ресейліктер өздері өткізе алмаған заң жобасын меймандарға өзіл ретінде айта қойған болатын). Осындай сайқымазақтық негізінде Қазақстан парламенті ресми шешім қабылдап, өзінің әр депутатына бір-бір автомобиль сатып алу, олардың айлық жалақысын министрдің жалақысымен бірдей ету және оған 50 пайыз мөлшерінде үстеме қосу жөнінде қолма-қол қаулы қабылдады. Бұл қаулы ешқандай кідіріссіз жүзеге асырылды. Парламент шетелдік 190 жеңіл автомашина сатып алды. Бір жылдың ішінде депутаттарға жұмысалған қаржы 1 миллиард теңгеден асып түсті (немесе АҚШтың 20 миллион долларының шамасында болды). Тілі удай бір шенеуніктің мысқылдап айтқанында, мұншалықты ақша түрмедегі 85,000 адамды бір жыл бойы асырауға әбден жетеді екен.

**...Президентке қойылған соңғы сұрақ:**

**Тілші:**

– Егер референдумда Сіздің өкілеттілігіңіз ұзартылатын болса, онда Сіз сол бес жыл ішінде қандай істер тындыруға үміт артасыз?

**Н. Назарбаев:**

– Алдын ала айтуға асықпай-ақ қояйын. Назарбаевтың өз саяси тәжірибелі, өз практикасы бар. Мен өзгере қоймаймын. Мениң жерімде қан төгілген жоқ. Ал, мен алдағы кезде де қан төгілмеуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеймін. Пікір өзгешелігі үшін бірде-бір адам түрмеге отырғызылған жоқ. Саяси көзқарасы үшін бірде-бір газет жабылған емес. Солай бола тұрса да, оппозициядағы баспасөз бізді аямайды. Сөз арасында айта кетейін, оппозиция өкімет билігіне еш уақытта да қолайлы жағдай жасай қоймайды. Солай бола тұрса да оппозиция бізге мейлінше керек, өйткені ол халыққа тиімді. Біз демократиялық, нарықтық реформалар жолымен жүріп келеміз. Басқаша жол бар деп ойламаймыз да. Біз ТМД елдерімен, дүниежүзілік қауымдастықпен интеграцияда болуға тырысамыз. Соның өзінде бір нәрсені қайталап айтудан жалықпаймын: біздің стратегиялық бағытымыз – Ресеймен мейлінше тығыз ынтымақтастықта болу.

Президент Н. Назарбаевтың референдум алдындағы айқында масы, міне, осындай. Оның бұл айқында масы жақында сөздерінің бірінде былай деп мейлінше айқын тұжырымдалды: "Ал мемлекетті басқару менің маңдайым жазылған болса, мен сенімді жолды басшылыққа аламын. Бұл жол кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр... Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тұра келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан мен де батыл, тіпті қатан шаралар қолданбақпын".

Осы сөздердің алдында Назарбаев ортағасырлық философ Фома Аквинскийдөн мынадай дәйектеме келтірген болатын: "Теңіз капитанының ең биік мақсаты кемені аман сақтап қалуғана болса, онда ол әлгі кемені жағадағы айлақта мәңгі ұстап тұrap еді".

Г. Бочаров,  
"Известия" газеті,  
1995 жылғы 18 сәуір

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ГАЗЕТЕ "ИЗВЕСТИЯ" \***

---

*Алматы, 18 апреля 1995 года*

**ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРБАЕВ НАСТРОЕН РЕШИТЕЛЬНО.  
КАЗАХСТАН НАКАНУНЕ РЕФЕРЕНДУМА**

*Политическая весна в Казахстане выдалась на редкость бурная: распущен Парламент, ушло в отставку Правительство, на 29 апреля назначен всенародный референдум. Жителям республики предстоит ответить на один вопрос: согласны ли вы продлить полномочия Президента Н. А. Назарбаева до 2000 года?*

*Такой поворот событий вызвал целый шквал комментариев и заявлений как в самом Казахстане, так и далеко за его пределами. Политические обозреватели на разные лады повторяют: Назарбаев решил последовать примеру своих среднеазиатских соседей. Как известно, президенты Узбекистана и Туркменистана уже обеспечили правление до конца XX века.*

*Об этом же первый вопрос "Известий" Нурсултану Назарбаеву:*

**Корреспондент:**

*– Многие политические деятели, журналисты прямо говорят, что Назарбаев, отдав предпочтение референдуму, а не выборам, тем самым демонстрирует отступление от демократических принципов. Как Вы сами оцениваете происходящее?*

**Н. Назарбаев:**

– Люди, не вовлеченные в политику профессионально, да еще если они находятся далеко от места событий, о которых пытаются судить, часто оказываются в пленах тех схем, которые им предлагают другие. У всех на слуху "референдум", редко кто из журналистов не говорит об узурпации власти – при этом кивают на наших соседей, – но мало кто уже помнит, какая цепь событий предшествовала решению о референдуме. Решению, неожиданному, кстати сказать, и для меня.

Вот хронология событий. 7 марта наш конституционный суд признает неконституционными ряд документов Центральной избирательной комиссии

---

\* Газета "Казахстанская правда", 26 апреля 1995 года.

ции, изданных перед выборами. Правовые последствия этого решения тяжелейшие: Верховный Совет – нелегитимен, все принятые им законы и постановления незаконны, утвержденный им Кабинет Министров – нелегитимен тоже.

На следующий день, 8 марта, я направил в КС свои возражения на его постановление. Признаюсь, я рассчитывал на то, что каким-то образом конфликт удастся погасить. Но не тут-то было – теперь уже Верховный Совет закусил удила: депутаты фактически распущенного Парламента спешно внесли изменения в Конституцию. И "прикрыли" конституционный суд до июля. В итоге мы получили полномасштабный парламентский кризис.

Что должен был сделать Президент? "Поставить на место" суд? Приступить к Парламенту? Да и каким образом? Я считаю так: если Президент верен демократическим принципам, если на деле намерен быть гарантом конституционной законности, то выбора у него нет – он должен следовать только закону. В полном соответствии с законом я и поступил: на основании разъяснений конституционного суда был распущен Парламент, принята отставка Правительства, законодательная власть, делегированная мне ранее, перешла к Президенту.

**Корреспондент:**

– Но почему Вы пошли на референдум, а не на выборы? Ведь тогда никто не мог бы бросить в Ваш огород камень.

**Н. Назарбаев:**

– Кто – "вы"? Толчок к решению о референдуме дала Ассамблея народов Казахстана. (Справка: 260 из 305 делегатов были избраны на малых ассамблеях – областных маслихатах, остальные делегировались национально-культурными центрами. На ассамблее были представлены все национальности, проживающие в республике, а также все ее административные территории. – Авт.)

Именно ассамблея ради сохранения стабильности в обществе рекомендовала избрать этот путь разрешения кризиса. После распуска Парламента законодательные полномочия согласно закону перешли к Президенту. Это потребовало подтверждения волюма доверия народа, то есть референдума. Да, в такой ситуации возможны и выборы – если есть законодательная база. У нас ее нет. А кроме того, полномасштабная выборная кампания неизбежно взорвет ситуацию.

Чтобы понять, почему мы действуем так, а не иначе, надо знать особенности Казахстана, его чрезвычайно пестрый национальный состав, при котором коренное население не составляет большинство. Поэтому главное, обеспечение общественной стабильности и национального согласия. На фоне этнических межнациональных конфликтов, сотрясающих многие уголки СНГ, боязни их повторения в Казахстане, где проживают представи-

тели 120 (!) национальностей, постоянное возвращение Президента к этой мысли не покажется назойливым.

*Вот некоторые цифры из его программного выступления на ассамблее. В 1930 году в республике проживали 5 миллионов 873 тысячи человек. К 1933 году численность населения упала до 2 миллионов 493 тысяч человек. Около полутора миллионов казахов было убито, 1,3 миллиона ушли за пределы СССР. Нет вины казахов в том, говорит Президент, что XX век стал для них веком трагических событий, превративших их в меньшинство на своей родине. И все, кто сегодня позволяет подвергать сомнению право этого народа на государственность, не знают или не хотят знать глубину его драмы.*

*Убежден, подчеркивал Президент, что казахская нация достойна государственности не менее, чем любая другая. Она выстрадала ее всей своей историей!*

*Имея уникальную полигэтничность (причем в ее основе лежала трагедия многих народов, оказавшихся в Казахстане не по своей воле, – украинцев, поляков, немцев, представителей народов Северного Кавказа, турков, крымских татар, корейцев, греков), Казахстан избежал печальной участи ближайших соседей. "Я уверен, – говорит Президент, – что и далее сумеем сохранить мир и межнациональную стабильность в государстве".*

**Корреспондент:**

– Как Вы оцениваете ситуацию в республике перед референдумом? Есть ли основания тревоги?

**Н. Назарбаев:**

– В эти дни тревожит одно: погибли казахстанцы на таджикско-афганской границе. Если же говорить о ситуации в республике, то у меня есть основания для оптимизма. Есть надежды на ускорение реформ: тенге 8 месяцев стабилен по отношению к доллару, инфляция не превышает 5 процентов, доходы населения возросли в 1,6 раза. Сумеем улучшить жизнь людей – улягутся и общественные страсти.

**Корреспондент:**

– А страсти "по референдуму"?

**Н. Назарбаев:**

– Не обошлось и без страсти. Вначале решение о референдуме было принято частью бывших депутатов и различными политическими силами в штыки (особое неприятие демонстрировали некоторые лидеры гражданского движения "Азат", славянского движения "Лад" и партии "Алаш" – Авт.). Сегодня даже среди непримиримой оппозиции преобладают более умерен-

ные подходы. Достаточно сказать, что на днях пять влиятельных партий однозначно поддержали идею референдума.

По данным, предоставленным "Известиям" послом Республики Казахстан в Российской Федерации Таиром Мансуровым, это "Народное единство Казахстана", "Народный конгресс Казахстана" (партия Олжаса Сuleйменова), "Партия возрождения Казахстана", "Соцпартия Казахстана", "Народно-кооперативная партия Казахстана". В поддержку идеи референдума в последний момент выступило также общественное объединение "Русский союз Казахстана".

Несмотря на все более широкую поддержку (мало кто сомневается, что референдум завершится в его пользу), Н.Назарбаев действует все более напористо. Он развернул жесткую кампанию по борьбе с преступностью, которая, естественно, встречает благожелательную реакцию населения, уставшего от беспредела. Необходимо, – говорит Н. Назарбаев, – преодолевать аморфность Парламента, который оставил нас без жизненно важных законов. У меня люди работают сегодня днем и ночью, чтобы наверстать упущенное законодателями. В апреле мы наметили подготовить и принять 17 новых законов, включая Уголовный кодекс. В апреле я их и подпишу.

Претензии исполнительной власти к законодательной и, наоборот, стали уже общим местом. Практически всем странам СНГ фатально не везет со своими первыми парламентами, начиная с хасбулатовского. Конфронтация с исполнительной властью трясла и трясет все пространство – от Белоруссии до Казахстана. Всюду – пренебрежения к законотворчеству и чисто советский инстинкт урвать лично для себя. Вот лишь один пример, характеризующий нравы распущенного Парламента Казахстана. Несколько депутатов после поездки к российским коллегам вернулись на родину с информацией о том, что у каждого депутата Госдумы – персональная автомашина, оклад, равный окладу министра России, и т. д. (гостям был в шутку подсунут проект не прошедшего закона). На основании этого розыгрыша казахстанский Парламент вынес официальное решение: закупить по автомобилю для каждого своего депутата, оклады установить на уровне министров, плюс 50 процентов надбавки и т. д. Это постановление было реализовано без задержки: Парламент закупил 190 легковых иномарок. За год на содержание депутатов израсходовано свыше миллиарда тенге (около 20 миллионов долларов США). Как пошутил один остроумный чиновник, на подобные деньги можно было бы в течение года содержать 85000 заключенных.

**Последний вопрос Президенту:**

**Корреспондент:**

– Если на референдуме будут продлены Ваши полномочия, что Вы надеетесь сделать за отпущенные 5 лет?

### **Н. Назарбаев:**

– Не хочу расставлять приоритеты. Есть Назарбаев со своим политическим опытом, своей практикой. Я не изменюсь. На моей земле не пролилась кровь. И я сделаю все возможное, чтобы этого не случилось впредь. За инакомыслие не посажен ни один человек. По политическим мотивам не закрыта ни одна газета, хотя оппозиционная пресса нас не жалует. Впрочем, оппозиция никогда не добавляет власти комфорта, но она необходима, потому что это выгодно народу. Мы идем по пути демократических, рыночных реформ, иного для себя не мыслим. Мы будем добиваться интеграции в СНГ, в мировое сообщество. При этом не устану повторять: наша стратегическая линия – самое тесное сотрудничество с Россией.

Такова позиция Президента Н. Назарбаева накануне референдума. Еще более жестко она прозвучала в одном из его последних выступлений: "Раз уж мне суждено стоять у руля государства, я должен руководствоваться верными лоциями. А они подсказывают, что любые остановки и промедления губительны для страны и общества... Вести людей иногда против их желания туда, куда им сегодня не хочется, но куда объективно нужно идти. И поскольку речь идет о будущем нашей страны, я тоже настроен решительно и, быть может, жестко".

Приведенным словам предшествовали другие – средневекового философа Фомы Аквинского, на которого сослался Назарбаев: "Если бы высшей целью морского капитана было сохранить судно, то он держал бы его у причала вечно".

Г. Бочаров,  
газета "Известия"

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ДҮНИЕ ЖҰЗІ ҚАЗАҚТАРЫ  
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТӨРАЛҚАСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

*Алматы, 22 сәуір 1995 жыл*

**БІРЛІК – БІЗДІҢ ҚАСИЕТТІ ТУЫМЫЗ**

**Ардақты бауырлар!**

**Алыстан келген ағайын!**

Біз сіздерді атамекендерінізде – тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыда құшақ жая қарсы алғып, "Қош келдіңіздер, бауырлар, төрлетіңіздер!" дейміз. Дүниенің қай түкпірінде жүрсөніздер де елім деп, жерім деп лұпілден соғатын жүректеріңіз үшін, жер-жанадағы жалғыз Отанымыз – Қазақстаннымыз аман болсын, қазағымыз аман болсын деген перзенттік тілектеріңіз үшін баршаңызға шын көңілден шықкан алғысымызды айтамыз!

Осыдан үш жылдай бұрын бүкіл дүниеге тарыдай шашырап кеткен қазақтың басын тұнғыш рет қосып, Құрылтай өткізгенбіз. Ол халқымыздың баянды бірлігінің, ұлттымыздың ұйыған татулығының көңіл толқытарлық келісті көрінісі болып еді. Құрылтайға өлемнің отызға жуық елінен жеті жүзге жуық адам қатысқан болатын. Құрылтай күндеріндегі алыстан келген ағайынның жүреюжарды тілектері құлағымда жаңғырып тұр, туған жерге табаны тұнғыш тиген жандардың жасқа толы жанаарлары көз алдында.

Осы қүнге жеткізгені үшін құдайға тәубе дегеніміз есімізде. Құрылтайда жиналған жүртшылық мені Дүние жүзі қазақтары қауымдастырының төрағасы етіп сайлаған болатын. Соңан бергі өткен үш жылдай уақыт ішінде күнделікті жұмысына менің бірінші орынбасарым, белгілі қаламгеріміз Қалдарбек Найманбаев жетекшілік ететін Қауымдастық басқармасы талай иғілікті шаруа атқарғанын айтуымыз керек. Ең бастысы, Қазақстannan тыс жерде тұратын төрт миллиондай қазақтың мұддесін ұдайы есте ұстап отыратын ұйым құрылды, ол қазақ диаспорасымен байланысты жолға қоя алды. Рас, қазірше ойдағы жоспардың көбі орындала қоймай тұр. Оның себебін де жақсы білесіздер. Еліміз тәуелсіздік жолына жаңа ғана түсіп жатыр. Қындық көп, қаржы жетіспейді. Соған қарамай, шеттеп келген ағайынға төрімізді ұсынып, сыйылысып орын бергендей көмек көрсетіп жатырмыз. Соңғы жылдарда Қазақстанға Монголиядан, Ираннан, Түркиядан жүз мыннан астам қазақ

\* "Егemen Қазақстан" газеті, 26 сәуір 1995 жыл.

көшіп келді, Ресейден, Тәжікстаннан, Түрікменстаннан келіп жатқандар да баршылық. Олардың бәріне үй тауып беру, пәтер салуға несие бөлу мәселе-лері шешіліп жатыр. Эрине, елмен араласудың жалғыз жолы көшіп келу емес. Осында келіп, оқып жүрген іні-қарындастарымыз да көп. Келіп, кетіп, әртүрлі қәсіппен айналыса бастаған бауырларымыз да баршылық.

Мен бұгін Қауымдастықтың жұмысына толық тоқталмақшы емеспін. Ол жөнінде шет елдерден келген ағайындар, осындағы іс басында жүрген азаматтар айта жатар. Алыстағы ағайынның алдында біздің Қазақстанымызыда, баршамыздың ортақ Отанымызда не істеліп жатқанын әңгімелемекпін. Әйткені, сіздерді бәрінен де қазақ елінің бүгіні мен болашағы көбірек толғандыратынына сенімдімін.

Негізгі мәселелерге ауысқанда алдымен айтарымыз, әрине, тәуелсіздіктің тағдыры болмақ. Соңғы төрт жылда жүріп өткен жолымыздың ең басты нәтижесі не дегендे, мен алдымен тәуелсіздігімізді сақтап қалғанымызды, оны саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да баянды ете алғанымызды айтар едім.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы. Әлем халықтарының арасында дүниенің бір қырынан бір қырына өтіп барып ел болғандары да, сан түрлі ұлт пен ұлыстың араласуының нәтижесінде жаңа этнос ретінде қалыптасқандары да баршылық, Қазақ халқы – тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық. Қоюн дәуірдің сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, атажұртта қара шаңырақты сақтап қалған халық. Қазақтың көшпелілігі тек өзінің атамекенінің аумағында өткен. Сондықтан да біздің ұғымымызда туған жердің қадір-қасиеті бөлекше. "Туған жерге туың тік" дейді қазақ.

Әлемдегі талай ел өз тәуелсіздігіне қанқасап соғыспен, қыруар шығынмен жеткен. Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданғалы бері өткен бес жылға жуық уақыт ішінде жалпы дүниенің дидарында да, біздің туған жерімізде де орасан өзгерістер болды. Жер шарының алтыдан бір бөлігін қамтып жатқан КСРО-дай алып мемлекеттің тарауы оңайға түскен жоқ. Жетпіс жыл бойы қалыптасқан шаруашылық байланыстар үзілді, әр республикада бөлініп қалған кәсіпорындар бір-біріне өнімін қаласа беретін, қаламаса бермейтін болды. Әмірдің қай саласында болса да тәртіп босаңсыды, жауапкершілік азайды. Қоғамның өтпелі кезеңіндегі қындықтарды пайдаланып, еңбек етпей-ақ байлыққа кенеліп шыға келгендер көбейді. Қылмыс етек алды. Талай уақытқа дейін баға ауыздықтауға көнбей, бой бермей қойды. Қымбат киім, сөнді бүйім тұрмақ, құнделікті қажет заттарын ала алмай, қысылып қалғандар аз емес екенін жақсы білемін.

Иә, жағдай қазірше қыын. Бірақ, бәрін айтқанда біз мынаны да ұмытпауға тиіспіз. Бұл айтылған қыындықты жиып-теріп келгенде "Азат елміз!" деген бір ауыз сөздің өтеуіне беруге болады.

Осы жылдарда қолымыз жеткен нәрсе аз ба?

Қазір өз тағдырымызды өзіміз шешеміз. Өзіміз өндіргенді өзіміз пайдаланамыз. Бір елдің басшысы кім болуы керектігі Мәскеудегі үлкен кабинетте шешіле салып, бұрын-сонды қазақ жеріне аяқ басып көрмеген көлденен қек аттылар ойына келгенін істей алмайды. Қазақ елін бүгінде бүкіл әлем таниды, экономикасының болашағы мол, саяси ахуалы тұрақты, сан түрлі ұлттың баласы тату тұрып жатқан өркениетті ел деп біледі, құрмет тұтады. Ел басшысын дүйім дүниенің президенттері, императорлары, корольдары, монархтары, премьерлері сән-салтанаты жарасқан рәсіммен қабыл алады. Алуан-алуан компаниялар мен концерндер, фирмалар мен қорлар инвестициясын бөліп, сенім көрсетеді. Ең бастысы – қазақ халқы егемен елі бар, тәуелсіз мемлекеті бар, өзгелермен тең тұрып, иық тірестіре алатын ұлтқа айналды.

"Шығасы шықпай, кіресі кірмейді", дейді халқымыз. Біздің осы өзгерістерден тек қана пайда тауып, ешқандай қыындық көрмеуіміз мүмкін емес еді. Бұл тұрғыдан қарағанда, егемендік алғалы бергі тапқанымыз бен айрылғанымызды таразыға тартар болсақ, безбенниң басын олжамыз жағы бірден-ақ басып кететіні күмәнсіз.

Мен солардың кейбірін ғана тілге тиек етейін.

Шаруашылық реформасы алғашқы онды нәтижелерін бере бастады. Ең алдымен айтатын жетістік – экономиканы мемлекеттік басқарудың бүгінгі заманға сай, біртұтас жүйесі жасалғандығы. Ұлттық валютамызды енгізіп, қаржы жүйесінің белгілі бір дәрежеде қалыпқа түсүіне қол жеткіздік. Инфляция бірте-бірте ауыздықталып келеді. Өткен жылдың ортасынан бері оның қарқыны бәсенедеді. Желтоқсанда 10 пайыз еді, өткен наурыз айында 5 пайызға төмендеді. Тенге құнының түсін тоқтағаны валютамен алыпсатарлық жасаушылардың жолын кесіп, қолын байлан отыр.

Қоғамдық-саяси ахуалымыздың тұрақтылығының арқасында республикамызға шетел инвестициялары мен несиелері еркін келе бастады. Бұл көрсеткіш бойынша ТМД елдерінің арасында Қазақстан Ресейден ғана кейін тұр.

Нақты қайтарымы болуы күмәнді деген жобаларға үкімет атынан кепілдік беруді қойдырдық. Бұрынғы үкіметтің екі миллиард доллардан астам ақшаға берген кепілдігі қайтарылды.

Кейінгі кезде өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің құлдырауы тоқтады. Былтырғы қараша айынан бері өнеркәсіп өнімінің көлемі аздал болса да көбейе бастады. Атап айтатын жай – өнеркәсіп кешенінің белді салаларында, мысалы, химия өнеркәсібінде, ағаш дайындауда, машина шығаруда едәуір ілгерілеу бар. Соңғы айларда тұрғын үйдің көбірек салына бастағаны да қуанды. Әсіреле, жеке үй салу көлемі арта түсті.

Мұның бәрі тәуелсіздікті баянды ете алғанымыздың арқасы. Олай болса, ағайын, біз осы ұстанған бағытымыздан таймауымыз керек. Осы залдағы шет елдерден келген бауырларымыз жақсы тұрудың нарықтан басқа жолы жоқ екенін әбден біледі. Барлық елдер ауыртпалықты өткеріп барып, не түрлі қызындықты қөріп барып тұрмысын түзеген, жағдайын жақсартқан.

Қазақстанның басты байлығы – тыныштығы, ынтымағы.

Әрине, бұл байлық та өзінен-өзі келіп тұрған жоқ. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы бірқатар елдерде ұлт пен ұлт жаға жыртысып, кей жерде тіпті бір халықтың өзінің ішінде іріткі шығып, азамат соғысы жүріп жатқанын естіл, қөріп отырсыздар. Тіл-көзден сақтасын дейік.

Мен көп ұлтты, көп дінді, көп тілді елдің Президентімін. Қазақстанның бұл жағдайы талай заманғы, әсіреле кейінгі екі ғасырдағы саясаттың салдары. Өз қызыметімде республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мұддесін жүзеге асыруды көздеймін. Мұндай мемлекетті ойдағыдан басқарудың мұнан басқа жолы жоқ. Ең маңыздысы бұл саясаттың осы елдің негізгі этносы болып табылатын қазақ халқының ұлттық мұдделеріне нұқсан келтірмеуі. Бұл міндет ешқашанда есімнен шыққан емес. Шықпайды да.

Қазақ жерінің ұлан-байтақ аумағы, асты мен үстінің байлығы көздің құрты. Біздің ата-бабаларымыз кіндік кесіп, кір жуған жерді жат жүрттыхтардың табанына таптатпау үшін қасық қаны қалғанша айқасып өткен. Ат ауыздықпен су ішіп, ер етікпен су кешіп жүріп, қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған. Бірақ жиырмасыншы ғасырдың күрделі сипаты елдің іргесін бүтін сақтау үшін білекпен ғана емес, ең алдымен ақыл, білім арқылы да күресу керек екенін көрсетіп отыр.

Откен төрт жылда тынған жұмыстардың қатарында алдымен аталар шаруаның бірі – қазақ елінің территориялық тұтастығының заңды негізін қалағанымыз. Ең алдымен Конституцияда Қазақстан бөлінбейтін, біртұтас мемлекет екені басы аша айттылды. Сол арқылы еліміздің құрылымында федерализмге жол берілмейтін болып біржола шешілді. Күні кеше ғана қабылданған референдум туралы Жарлықта да Қазақстан Республикасының статусы, елдің шекарасы, әкімшілік-территориялық құрылымы туралы мәселелер референдумға салынбайтындығы қадап көрсетілді.

Қазақстанды бөлшектеуге ешқашанда жол берілмейді!

Сонан кейінгі айрықша атап айтатын жетістік – ұлы көршіміз Қытаймен арадағы мемлекеттік шекараның заңды түрде, қазақша айтқанда, шегеленіп бекітілгені. Сонау Абылай заманынан бері шешімі табылмай келе жатқан, Ресей дипломатиясының шамасы келмеген, ал Қенес өкіметі жылдарында шешілмек тұрмак, қайта бұрынғыдан да шиеленісіп кеткен бұл түйінді біз төрт жылда тарқата алдық. Ендігі жерде болашақ үрпақ бір миллиардтан аса халқы бар ұлы елдің достас, сенімді көрші екенін сезініп, еркін өмір сүретін болады.

Келешекте көп пайдасы тиетін тағы бір аса үлкен ісіміз әлемнің ұлы мемлекеттерінен қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз. Қазақстанның ядролық

қарудан бас тартқанын, ішкі және сыртқы саясатының ұстамдылығын, сенімділігін ескере келіп, Америка Құрама Штаттары бастаған бес мемлекет еш үақытта Қазақстанға соғыс ашпайтындығына кепілдеме берді. Оның бел ортасында екі ұлы көршіміз – Ресей мен Қытай бар. Бұл кепілдік арқылы Қазақстанның халықаралық аренадағы қымылды әлдеқайда сенімді бола түсетіні, мұның өзі түтпеп келгенде армияға, қару-жараққа, шекарага жұмсалатын шығынды шектеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ал ол қаржы халықтың әл-ауқатын жақсартуға ауадай қажет.

Бұл шешімдердің территориялық тұтастық тұрғысынан қарағанда тарихи мәні бар. Замана өте келе тәуелсіз Қазақстанның іргесі оның тұнғыш Президентінің тұсында тұнғыш рет заңды түрде бекітілгенін, бейбіт өмірінің негізі сол жылдарда қаланғанын болашақ ұрпақтар разылықпен еске ала-рына мен сенемін. Оны мақтаныш ететінімді жасырмаймын.

Біз мемлекет құру барысында идеологиялық жұмыс мәселесін ұдайы есте ұстауымыз керек. Мұның үлкен бір саласы – халықтардың достығын насихаттау.

Бес арысымыз – Тұrap Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майліннің жүз жылдығына арналған Тарихи зерде кешінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көп көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Нарықтың қындығы деп жүріп басқаларды бауырымызға тартатын кең мінезімізден айырылып қалмауды қатты құнтау қажет.

Егемен ел атандып, тәуелсіздік туын тіккелі бері рухани бостандыққа қол жеткізіп, бұрын жабық қалып келген тақырыптарды еркін талқылай бастағанымыз белгілі. Қазақ ғалымдары мен публицисттері еліміздің тарихы тура-лы талай-талай тағылымды ойға толы еңбектер, мақалалар, хабарлар даярлап үлгерді. Олардың арасында бүгінгі ұрпақтың тарихи зердесін оятуға, ұлттық сана-сезімін ұштауға септігін тигізетін дүниелер қыруар. Арғы-бергі-дегі атақты батырларымызды, ақын-жырауларымызды, әнши-қүйшілерімізді еске алып, ат шаптырып, ас беріп жататынымыз да, түтпеп келгенде, жастардың санасына "Бабаларымызға лайықты болып өсейік" деген ойды ұяла-туға, өзінің халқы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бірақ тек өткеніміздің айтып қана қоюмен шектелсек дұрыс болмас еді.

Қазақ баспасөзінде отаршылдық саясаттың зардабы, бүгінгі демографиялық ахуал жайында айтқанда сол үшін нақты адамдарды кінәлап сейле-гендей сарын байқалып қалатыны бар. Кей газеттерде Қазақстанда қатар өмір сүріп жатқан өз азаматтарымызды "келімсектор" деу қалыпты нәрсеге айналып барады. Бұлайша кемсітүге ешқандай жол беруге болмайды. Пат-шалық Ресейдің отаршыл зорлығы үшін, Кеңес өкіметі жылдарындағы бел-ден баса жүргізілген ұлт саясаты үшін біздегі орыстардың, украиндардың, немістердің, көрістердің, қысқасы, ешкімнің де нақты кінәсі жоқ. Олардың

ата-бабалары негізінен алғанда, бір кезде Ресей империясының шет аймағына тағдыр айдап келгендер, тың көтеру, елді индустрияландыру науқандарында партияның нұсқауымен осы жақта жіберілгендер. Отаршыл халық болмайды. Отаршыл саясат болады. Саясатты халық айқындайтын заман, демократия заманы жаңа-жаңа орнығып жатыр.

Әткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алатындағы етіп айту керек. Қазақтың күллі адамзаттан ала-бетен тағдыры жоқ, болуы да мүмкін емес. Отар болу тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Бізден алып, бізден халқы көп елдер де отаршылдықта болған. Білегі мықты елдің бәрі күші басымдығын жасап, әлі жеткен жерді басып ала берген өткен дәуірлерде, әсіресе, он сегізінші, он тоғызыншы ғасырларда бүкіл әлемнің тәң жартысына жуығы отарларға бөлініп біткен болатын. Бұл алапаттың дауылды дүниенің бір қырында емес, Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан қазақ даласын айналып өтуі тіпті де мүмкін емес еді.

Әлем тарихын қарап отырсаңыз, ешқашанда ешкімге бағынышты болып көрмеген елді табу қыын. Бірақ, тарихи дамудың өзіндік қисыны, логикасы болатының ескеретін өркениетті мемлекеттерде өткенді кек тұтып, бүгінгі өмірді қолдан қыыннату ойға да келмейді. Өткен – өтті, кеткен – кетті. Ендігі мәселе басқада. Келешекте қандай өмір сүреміз, қайткенде өркениетті әлемдегі өзге елдермен тереземіз тәң болады – мәселе, міне, осында.

Өркениетті елдерге тән жолмен дамудың басты бір шартты өзіміздің ұлттық бірлігіміздің ығайту.

Келешегін ойлаған ел тарихтан тағылым алады.

Келесі жылы бір кезде Көк Орданың құрамында болған ру-тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Шу бойына келіп жаңа хандық – Қазақ хандығын құрғанына 540 жыл толады. Кейбір ғалымдар 530 жыл деп жазып жүр. Бірақ қалай болғанда да біз бұл датаны атаусыз қалдырмауымыз керек.

Тарихи зерде кешіндегі мына бір ойымды қайталап айтпақпын. Осы бес жарым ғасыр ішінде қазақ елінің озып, үдеген кезі де аз болмаған. Соның бәрінде де үдеудің сырьы – бірлікте, жүдеудің сырьы – алауыздықта еken. Қашанда, қай істе болсын ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрғанда мемлекет ығайып, ел ырысы тасады еken, ал халқы ханың қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады еken.

Көрі тарихтың күелігіне жүгініп, бабалардың өткен жолын бүгінгі үрпақ мұддесімен пайымдар болсақ, екі мәселе екшеліп алға шығады.

Оның бірі – халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күнге айналғалы тұрған сырғындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа сырып тастап, намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан азаматының төнірегіне топтаса білгендігі. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп. Әріден тартсақ, сонау көне за-

манда түп тегіміз тұріктер бастарына қатер төнгенде бөрілі байрағын көтеріп, Бумын қағанның төңірегіне топтасып, жұдырық болып түйілген еken. Соңда жауын жеңіп қана қоймай, құдірет күшке айналып шыға келген еken. Одан беріге келсек, кешегі Керей мен Жәнібек шаңырағын көтерген Қазақ хандығы үрпақ ауыспай жатып, босағасы босап, қабырғасы қақырап, ханы халқынан қашып, құлауға айналғанда қазақтар "қасқа жолды" Қасымның қасынан табылып, хандығын қайта қалпына келтіріп, заманындағы қуатты елге айналған еken. Одан да беріге түссек, осыдан екі жарым ғасыр бұрынға қалмақтар қамсыз жатқан елді қара орманынан айырып, "ақтабан шұбырындыға" ұшыратып, жұртыймызды жоқ қылуға айналғанда үш жүздің баласы Абылайдай арысының төңірегіне топтасып, елдігін сақтап қалған.

Аталарымыздың өнеге тұтып, үлгі аларлық осынау тірлігі "Береке басы – бірлік", "Бірлікте болсан, биіктегі боласың" деген өмірлік қагидаларын алға тартады, кісілікке, парасатқа шақырады.

Алайда, атадан қалғанның бәрі бірдей алтын емес. "Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей еken жақсысы жаманымен" деп Қадыр ақын айтқандай, аталарымыздың тар кезенде табысып, бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен қатар кеңшілікке шыққанда кесірлік танытып, ала болып ауыздағыларынан айырылып, өзара қырқысып кететін жаманшылығының қабат жүретіндігі де өзекті өртейді. Ақиқатын айтайықшы: алапат бейнет, қымбат құрбандықпен келген тәуелсіздігін барынша баянды етудің орнына, еркіндік еншісіне тиісімен кейде бабаларымыздың билікті бір-біріне қимай, өзара тіресіп шыға келген кездері тарихта аз емес қой. Мысалы, Ақтабан шұбырындының азабынан кейін атойлап ұран шақырып, Алаш туынды астына біріккен аталарымыз ата жауымен айқастағы атақты жеңісін аяғына дейін жеткізе алмай, басшылары бас хандыққа таласып, тарасып кеттеп пе еди. Оның аяғы не болғаны баршаңызға белгілі. Ақырында келіп бодандық қамытын мойнымызға іліп, отар елге айналдық. Ең жаман жері сол – бауырына қимаған билігі басқаның қолына көшкенде әлгі ежірейіскендердің ентігі басылып, баяғы өрлігінен түк қалмай, жатқа жағынып, жалпаңдап шыға келген кездері де аз емес.

Жақсысы мен жаманы алма-кезек алмасқан аталар өмірінің бір ашы сабағы осындай.

Адам ата-бабасын жамандап абырой таппайды. Бірақ өткеннің жақсысынан үйреніп, жаманынан жирене алмаған үрпақтың да көсегесі көгере қоймасы белгілі. Несін жасырамыз, ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездік-ке тартып келген осы екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып кете алмадық. Жаман жағынан біржола безіне алмадық.

Күні кешеге дейін қалай жүріп, қалай тұратынымызға дейін Мәскеу белгілеп келген кезде қазақтың қазақты жамандыққа оп-оңай қия беретінін көзіміз талай көрді ғой. Бір-біріміздің үстімізден арызызды қардай боратпасақ, тасада тұрып тас атпасақ, өз сыбағамызды басқаға асатпас едік қой,

елімізді көрінген біреуге билетіп, екі-үш жылға болса да, ұлттық рухымызды жасытпас едік қой. Рас емес пе, ағайындар?

Тарих тағы да қазаққа кезекті сыйнын тосып тұр. Тағдырдың өзі берген осы бақытымызды бағалай білуіміз, осындай ұрымтал тұста бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қимылдауымыз, сейтіп елдіктің іргетасын берік қалап алуымыз керек. Бізді әлсіреткісі келетіндер, аңсызын аңдып отырғандар табылуы мүмкін. Онсыз да алуан-алуан адамдар: "Бұл өзі ежелден басы біріклеген ел екен, қазірге дейін жүзге, руға бөлінеді екен", дегендегі әңгімені ауық-ауық бықсытып қоятынын естімей жүрген жоқпыз.

Бұл – біздің бірлігізді қаламайтындардың мысық тілеуі.

Бұл – қазақ тарихынан хабарсыз, қазақ қауымының өзіндік сипатын білмейтін адамдардың жел сөзі.

Кез келген этнос тайпалардан құралады. Басқасын айтпай-ақ өзіміз қоян-қолтық өмір сүріп жатқан орыс халқын алсақ та ұлт ретінде кезінде радими-чи, уличи, вятиви, дреговичи, тиверцы, кривичи, древляне, волыняне деген сияқты сан түрлі тайпалардан құралғанын көреміз. Олардың князьдықта-рының арасында талай-талай қанды айқастар болғанынан да мектеп окулы-ғынан хабардармыз. Кейін ортақ мұдде тұрғысынан ортақ этносқа біріккен. Қазір жаңағы тайпалардың атын тарихшылар болмаса, басқалар онша біле де қоймайды.

Қазақтың да бүкіл тарихы – бірігу тарихы.

Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атага бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына орай руға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптас-тырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне қарай жүзге бірігу, мемлекеттік мұдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен, эволюциялық жол-мен, әлеуметтік сілкініссіз, қақтығыссыз өтті. Бұл – біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктін, ынтымақтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Ойлап қараңыздаршы, Атырау мен Алтайдың арасын-дағы алып даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуіші тетіктері толық іске қосылмай тұрган кездің өзінде ешқашанда, еш жерде қазақта жүз бен жүз, тайпа мен тайпа тұрмак, ру мен ру соғысып көрмегені, өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымта-ның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған. Тек кейінгі екі-үш ғасырдағы отаршылдық қамыты мойнына салынғанда, басқаға күні түсіп, жалтақтап қалған тұста ел азаматтарын шен-шекпенге таластырып, ұлттың үйіған татулығын қолдан бұзды. Әлі күнге анау ана жүзден, мынау мына рудан деген бықсық әңгіменің бәрі негізінен креслоның немесе лауазым маңайында қозғалатыны да сондықтан.

"Алтау ала болса ауыздағы кететінін, төртеу түгел болса тәбедегі ке-летінің" ұмытпайык.

Мен қазақ елінің Президенті ретінде де, өз халқымың бір перзенті ретін-де де ұлттымыздың тұтастығын, ынтымағын, бірлігін көзімнің қарашығын-

дай сақтауды қасиетті парызыым санаймын. Президент антын қабылдаған күні маған халқымыздың қадірменді қариясы – Шәкір Әбенов ақсақалдың берген батасы қашанды көнілімнің тәрінде тұрады. Ақсақал дүние салғалы бері ол мен үшін әрі бата, әрі аманат. Иманы саламат болсын.

Ал жалпы жұрттымыз үшін аманат боларлық сөз бар ма?

Бар. Ол сөз – Абай сөзі. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары.

Ұлы Абайдың бір жарым ғасырлық тойы біздің елдігімізге үлкен сын болатынын ұмытпауымыз керек. Абай – мерейтойы дүние жүзі көлемінде аталып өтетін тұңғыш қазақ. Оған қол жеткізу де оңайға түскен жоқ. ЮНЕСКО-ның тәртібі бойынша кем дегендे екі нәлі бар даталар ғана қаралады екен. Мысалы, жұз жыл, екі жұз жыл, бес жұз жыл, мың жыл деген сияқты. Әйтеуір, елдің беделін, өзімнің беделімді салып жүріп, Абай атамыздың 150 жылдығын ЮНЕСКО-ның ресми календарьна енгізе алдық.

Сол ұлы тойға бүкіл халық болып өзірленуіміз керек. Мен бұл сөзді әдейі ерекше қадап айтып тұрмын. Мәселе тойдың өзін өткізуде ғана емес. Қазір бұл мәселені мен өзім тікелей бақылап отырмын, істі жігерлі жас қадрлар қолға алып жатыр, ойдағыдай өтетініне сенеміз. Жаңағы сөзімнің мәнісі мынада. Осы тойдың алдында әрбір азамат өзіне-өзі іштей есеп беріп, Абай атам шақырган биікке ұмтылдым ба, Абай атам берген насихатты бойыма сіңірдім бе, Абай атам айтқан сыннан қорытынды шығардым ба, қысқасы, қалың еліме, қазағыма иненің жасуында болса да жақсылық жасай алдым ба, алмадым ба деп толғанысқа түссе деймін. Сонда Абай тойы тұсында біздің халқымыз рухани жағынан бір түлеп, жаңа биікке көтеріліп қалар еді.

Іә, ардақты ағайын, жаңадан мемлекет құру дегеннің қандай қыын міндет екеніне бәріміздің де көзіміз жетті. Оның үстіне біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы қадамдары дүниенің дидары өзгеріп, қоғам бір сипаттан бір сипат-қа ауысып жатқан аласапыран кезеңге тұспа-тұс келді. Бір жағынан, демократия принциптері орнығып, халықтың пікірі ескеріле бастады, екінші жағынан, демократияны ойына келгендей істеу, аузына келгендей айту деп санайтындар шықты. Бір жағынан, нарық қатынастары өмірге еніп, экономикалық реформалар жүзеге аса бастады, екінші жағынан, нарықтың алғашқы қадамындағы қыындықтарды пайдаланып, еңбексіз пайда табатындар, қымбатшылық дегенді жамылып, қарапайым халықты сүлкітей соратындар шықты.

Өзіміздің де қателіктеріміз аз болған жоқ. Ал бірақ қателік жібермеу мүмкін бе еді? Меніңше, мүмкін емес еді. Ойлап қараныздаршы, бізге дейін кім жаңа мемлекет құрып көріпті? Алдымында нақты үлгі болды ма? Мемлекетінің талай ғасырлық тарихы бар, оны айтпағанда КСРО-дай алып елдің негізі болып келген Ресейдің өзі де әлгі қүнге аяғын әрпіл-тәрпіл басып, кең адымдап кете алмай жатыр. Украина қандай қуатты республика еді, олар да дағдарыстан шыға алмай тұр. Басқалар да солай. Демек, бүгінгі қыындықтардың теренде жатқан себептері болғаны.

"Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ", дейді аталарымыз. Дер кезінде алдын алмаудан, артықша сақтанудан біраз кемшілік жіберілгені рас. Ұлттық валютамызды сөл ертерек енгізгенде жақсырақ болатын еді. Аса құпия жағдайда даярлатқанша үлгергеніміз сол болды. Нанның бағасын 1993 жылдың өзінде босату керек еді. "Нанның бағасы босатылса ашаршылық басталады" деп сол кездегі парламент отырып алды. Жалақы тәмен болған соң бұл шешімге тәуекел етпедім. Жаңа үкімет өз жұмысын бірден нанның бағасын босатудан бастады. Дүние төңкеріліп түскен жоқ қой. Соның арқасында үкімет алғаш рет ауыл-селомен есеп айырыса алды. Егінді сырттан көмек сұратпай, толық өз күшімізben жинап алатын болдық. Қазақстанның шекаралас облыстарынан Ресейге мәшинемен ұн тасып әкету тоқталды.

Ең негізгі мәселеде – экономикалық реформаның басты бағыттарында, саяси теуелсіздігімізді нығайтуда, елде демократиялық процестерді орнықтыруда, ұлтаралық татулық саясатын жүргізуде жаңылыс басқан жоқпыш деп көміл сенемін. Басқаша айтқанда, тактикалық тұрғыда кемшіліктеріміз болғанымен, стратегиялық тұрғыда қателік жіберілмеді деп ойлаймын.

Осы қыын да қасиетті істе өздеріңіз сайлаған Президентке үнемі сенім білдіріп, қолдан келгендеріңіз үшін, уақытша ауыртпашилықтарды біздің халқымызға ежелден тән сабырмен, көнбістікпен көтере білгендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды айтамын!

Мұндай халық үшін қандай сынға да шыдауға, қандай іске де тәуекел етуге болады! Мен оның бәріне дайынмын.

Дүние жүзі қазақтары қауымдастырының бұл жиыны ел өміріндегі аса маңызды оқиғаның қарсаңында өткелі отыр. Өздеріңіз білесіздер, жақында өткен Қазақстан халықтарының ассамблеясына қатысуышылар республиканың көп ұлтты халқына Президенттің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту туралы ұсыныс енгізді. Енді бір аптадан кейін, сәуірдің 29-ы күні қазақстандықтар бүкілхалықтық референдумға қатысып, елдің болашақ тағдырына қатысты шешім қабылдайтын болады. Бұл оқиға Қазақстан Конституциясы мен зандарына сәйкес өткізілмек.

Бүгін орайы келіп тұрғанда мен референдумға қатысты ойларымды да ортаға салсам деймін. Туған Отанының тыныс-тіршілігіне құлақ тұріп, бұл жақтағы жаңалықтың бәріне елендеп отырған отандастарымыздың да талайын бұл мәселелер толғандыратыны талассыз.

Референдум не үшін өткізілмекші? Біреулер бұл референдумның мәні Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартып, билігін қүшейту деп ұғатын сияқты.

Мәселе мениң жеке өзіме тіреліп тұрған жоқ. Бүкіл өлемде халық өмірінің ең маңызды мәселелері референдум арқылы шешіледі. Қазір еліміздің азаматтарының талқысына мемлекеттің тағдырына тікелей қатысы бар сауал ұсынылып отыр.

Президент сайлауы өткелі төрт жылдай болды. Экономикалық реформаны жүзеге асыру үшін талай шаруа атқарылды. Нарықтық қатынастар орныға бастады. Ең бастысы – Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастырудың алғашқы белесінен өттік. Осы тұста "Алған бағытымыз қалай? Осы жасап жатқан ісімізді халық қолдай ма?" деген мәселенің басын ашып алу керек болып тұр. Егер халық қолдаса, осы қолға алған шаруаны жеріне жеткізу керек десе, мен қазіргіден гөрі сенімді, еркін қимылдаймын. Жалпы, өз басым халықтың бүгінгі саясатты қолдайтынына көміл сенемін.

Біздің оппозиция өкілдерінің көбі сынап сөйлегені болмаса, нақты жұмыс-қа қыры жоқтар. Кейбіреулері сайлауда дауыс жинау үшін қазақтың жерін, халқының тілін саудаға салудан да тайынбайтындар. Сондықтан, тағы да айтамын: мәселе Назарбаевта емес. Мәселе – халықтың болашағында. Халықтың болашағымен ойнауға болмайды.

Оның үстіне, жасыратын несі бар, халық саясаткерлердің сайысынан шаршады. Екі рет өткізілген парламент сайлауының өзі-ақ елді өбден дүрліктіріп, өуре-сарсанға түсірді. Егер қазір жаяу көкпарды бастап жіберіп, онсыз да жағдайы ауыр елді енді кемі бір жарым жылға созылатын Президент сайлауының дау-дамайына салып қойсақ, бастаған шаруаларымыздың көбі жайына қалады. Айналып келгенде, мұның зардабы халыққа тиеді.

Міне, осының бәрін ескере келіп, мен Қазақстан халықтары ассамблеясының бүкілхалықтық референдум өткізу жөніндегі ұсынысын қабыл алдым. Референдумның қажеттігін еліміздегі саяси күштер, қоғамдық бірлестіктердің бәрі де айтып отыр. Оларына раҳмет.

Біз референдум арқылы тәуелсіздігіміздің тағдырын түбегейлі шешуге тағы бес жыл уақыт қосып алғалы түрғанымызды ұмытпайық. Қазақстандағы қазіргі тыныш ахуалды сақтай алсақ, енді бес жылда ойдағы талай шаруамыз реттеліп қалатынына сенімдімін.

Болашақта қолға алынатын ауқымды істерді, кеңінен жоспарлап жүзеге асыратын шаруаларды дәл қазір айтып жатқым келмейді. Дегенмен, таяу арадағы бірқатар жоспарларды ортаға салған орынды сияқты.

Алдымен атқарылар шаруаның бірі – болашақ парламенттің құрылымын, сипатын анықтау. Президенттік республика жағдайында парламент заң шығарушы орган ретінде өз міндетімен шұғылдануы керек. Тегі, болашақ парламент екі палаталы болғаны жөн сияқты. Бұл зандарды тереңдеу талқылауға, алдын ала сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді.

"Парламент керек пе өзі?" деген сөздерді де естіп қаламыз.

Әрине, парламент керек. Бірақ, ол өзінше түрған бір билік түрінде емес, биліктің бір тармағы түрінде болуы керек. Парламентті, үкіметті, сотты "үш билік" деп сөйлейтіндер бар.

Билік – біреу. Тармақтары – бірнешеу.

Осыны есте ұстауымыз шарт. Мемлекеттің қалыптасып кеткенше біз елдігіміздің негізін, биліктің мүмкіндігін күшейтуіміз керек.

Маған берілген қосымша өкілеттікке байланысты кезек күттірмейтін заңдарды алдымен қабылдау қажет. Бәрінен бұрын Салық кодексін бекітуді ойлап отырмын. Жақында Салық кодексін әзірлеуге байланысты мәселе-лер бойынша кеңес өткіздім. Бұл құжаттың елдің тыныс-тіршілігі үшін маңызы зор, ол әрбір салық төлеушінің алдында жататын кітабына айналуы керек. Ол табысты адаптациялықтың үкіпты жүргізуіне ынталандыруға, өндіріс көлемін арттыруға, шаруашылықтың үкіпты жүргізуіне ынталандыруға тиіс. Біздің бүгінгі қыындықтарымыздың көбі осы салық жүйесінің жете ойластырылмағанынан. Бұкіл әлемде мемлекет саясаты салық арқылы жүргізіледі. Табысын жасырғандар, салықты толық төлемегендер өшкөреленіп, жазаланып жатады. Ал бізде қазірше кімнің не тауып жатқанын, қалай тауып жатқанын адам біліп болмайды.

Қазірдің өзінде қолға алынған, референдумнан кейін түпкілікті шешілуге тиіс тағы бір шаруа – жалақыны, зейнетақыны уақытылы төлеу. Ендірі жерде бұл үшін кінәлілерді нақты атап, жеке жауапкершілігі қаралатын болады.

Инфляцияның аяқ астынан шарықташ кетуіне байланысты жүртшылықтың жинақ кассаларына салған ақшасы құнсызданып қалғаны белгілі. Бұған дейін біз бұл проблеманы көріп, біліп отырғанымызben, оның орнын толтыруға мүмкіндік таба алмаған едік. Жүртшылықтың 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі ақшасы қайта есептеліп, бүгінгі бағаға байланысты өтеуі берілетін болады. Бұл істі биыл бастауға мүмкіндік жоқ, оны тек келесі жылдан қолға аламыз.

Инфляцияны ауыздықтаудың сәті түскенін айттым. Ендігі міндет – оны тоқтату. Бұл үшін тұтыну бағаларының өсімі алдағы кезде айына бір, бір жарым проценттен аспауы керек.

Экономикалық қылмысқа, өсіреле коррупцияға тосқауыл қоюымыз қажет. Жекешелендіру ісіне де тәртіп керек. Енді ол тек ашық конкурс бойынша, азаматтардың бақылауымен жүргізілетін болады. Жер реформасы жүзеге асырылады. Басқа да жоспарлар бар.

Все мы – граждане одной страны. В Казахстане всегда делалось и впредь будет многое делаться для всемерного развития национальных культур, взаимного обогащения народов нашего государства. Мы последовательно выступаем за всесторонний извешенный подход к решению многих назревших проблем представителей различных национальностей, населяющих Казахстан, в том числе и немцев. Убежден, что преодоление социально-экономических трудностей переходного периода, последовательное проведение реформ будет способствовать снижению миграционных процессов, обеспечит достойную жизнь всех казахстанцев.

Надеюсь, что второй Конгресс немцев пройдет в деловой и конструктивной обстановке.

Передаю всем вам теплые пожелания успехов, благополучия, здоровья и счастья!

---

\* Газета "Deutsche Allgemeine Zeitung", 1 июня 1995 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ  
ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ БАЯНДАМАСЫ\***

---

Алматы, 30 маусым 1995 жыл

**ӨТКЕНДІ САРАЛАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫ ОДАН ӘРІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ  
ЖОЛМЕН РЕФОРМАЛАУ**

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясына қатысуышылар!

Сіздердің бастамаларыңыз бойынша биылғы сәуір айында республика тарихында бірінші рет референдум өткізілді. Мен Қазақстанның барлық көп үлтті халқына және ассамблея мүшелеріне біздің түбекейлі түрде реформаланып жатқан қоғамның аса маңызды проблемаларын терең түсінгендеріңіз үшін шын көңілден алғысымды білдіремін.

Оз табиғатымнан реалист бола отырып, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанның 1-іне дейін ұзартуды қолдаған адамдардың тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Тұрақтылық пен келісімді біз Қазақстанда қантегісті жанжалдарға жол бермей сақтап келеміз. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық бейбітшілікті сақтауға, демек, саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияны жалғастыруға кепілдік беретін саяси бағытымызды қолдан дауыс берді.

Қайта құру ұранымен басталған өзгерістер бүкіл бір үрпақтың мұраты мен тағдырын қүйретіп, олардың өмір ырғағын біржола бұлдірді, экономиканы құлдыратты, соның салдарынан жүздеген мың адамдардың әл-ауқаты тәмендеп кетті. Қысқасы, шығын аз болған жоқ, бірақ соған қарамастан референдумға қатысушылардың басым көпшілігі бюллетеньде қойылған сұраққа "иә" деп жауап берді. Таңғаларлық жай ма? Жоқ дауыс берудің нәтижелерін шешкен қазақстандықтар біздің егемен республикамыздың болашағына деген сенімін танытты.

Сондықтан мен референдум өткізуге бастамашы болған ассамблеяға ризамын. Айтқандайын, іс жүзінде мәслихатты кеңесу органынан белсенді әрекет етуші қоғамдық институтқа айналып, ассамблеяның жоғары беделін көрсетті. Ол адамдардың шынайы мақсат-мұратын білдіретін, көпүлтті

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 маусым 1995 жыл.

Қазақстан халқын бірлікке жұмылдыратын үйім. Сондықтан ол туралы жаңа Конституцияда айта кеткен жөн болар.

Азаматтардың референдумға жаппай қатысусы, олардың көзқарастары мен пікірлерінің үйлесуі жаңа ғасыр басталғанға дейін елдегі саяси тұрақтылық үшін негіз жасап, мемлекет басшысының алдынан тактикалық қана емес, сонымен бірге белгілі дәрежеде стратегиялық кеңістік ашты, жүріп өткен жолымызды ой елеғінен өткізуге және бұдан былайғы ілгерілеуіміздің бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

1992 жылы "Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында", сондай-ақ 1993 жылғы "Қоғамның идеялық бірігу – Қазақстан дамуының кепілі" деген еңбегімде жариялаған басты мақсаттарым өзгеріссіз қала бермек. Осы басым бағыттарды еске түсіре кетейін. Олар:

- реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың сөзсіз саяси шарты ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету;
- меншіктің мемлекеттік емес нысандарын қамтитын өлеуметтікрыноктық экономиканы қалыптастыру;
- адамның экономикалық еркіндігінің принципін жүзеге асыруға қажетті құқықтық шарттар мен практикалық база жасау;
- өзінің барлық азаматтарының жеткілікті әл-ауқат дәрежесін қамтамасыз ететін қоғам құру;
- Қазақстанның этникалық ерекшелігін дамыту мен ұлттық-мәдени сан алуандығын сақтау;
- демократиялық өзгерістерді тереңдету, саясатта алуан пікірлікті қамтамасыз ету;
- адамның еркіндігі мен құқықтарын сақтау, дүниежүзілік экономикада бекем шептерге ие болу негізінде Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы лайықты беделін қалыптастыру;
- Қазақстанның мемлекеттік құрылымын президенттік сипаттағы демократиялық республикаға айналдыру.

Біз осы бағытта жоспарлы түрде ілгерілеп келеміз. Мен осы жыында жағдайды өзімнің қалай көріп отырғанымды баянdap, қоғамдық өмірдің басты салаларында референдумның қорытындыларынан туындейтын саясатты дәлелдеп, республикада демократиялық құқықтық мемлекеттің берік іргетасын ең жақын арада қалап шығу үшін жүзеге асырылуға тиісті жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Әңгіме, ең алдымен, нарықтық даму мен мемлекеттік құрылыштың стратегиясы туралы болып отыр.

### **Мемлекеттілік: қалыптасу проблемалары**

Қазақстан қазір ТМД-ның барлық елдеріне тән күрделі, өтпелі кезеңді бастан кешіп отыр. Бұл халықтардың біртұтас мемлекетте бірлесіп өмір сүруінің дәстүрлеріне, ортақ қасиет пен саяси мәдениетке, өлеуметтік-

экономикалық міндеттерді біртұтас халықшаруашылық кешені шеңберінде шешу дағдысына, еңбекті бөлу мен өндірісті мамандандырудың жаңа деңгейнің жоқтығына байланысты.

1991-1992 жылдарда, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанда, сондай-ақ, Достастықтың басқа да елдерінде жаңа жағдайға оп-оңай әрі тез өте қою жөніндегі қияли түсініктер басым түсті. Алда тұрған жұмыстың бүкіл күрделілігін және оның нәтижелері жөніндегі жауапкершіліктің шараларын айқын жете бағаламау орын алды. Баспасөз еркіндігі, халықтың демократиялық жолмен еркін білдіруі, ар-ождан мен жиналыстар бостандығы, сондай-ақ демократиялық қоғамның басқа да атрибуттары тәрізді құбылыстармен алғаш кездесіп, адамдардың көвшілігі аласып қалды.

Сол кездегі кейбір саяси лидерлер, ашықын айтсам, жағдайды өз мұддесінә әдейі пайдаланып қалуға тырысты. Сол кезде Қазақстанды реформалаудың қаншалықты идеялары, бағдарламалары мен үлгілері ұсынылмады десенізші! Бұларға ойша ғана теориялық болжамдар және негізінен арзан бедел алу сипатындағы қағидалар тән болатын.

Осының бәрі сол кездегі өкіметтің көбіне әдепсіз сынаумен және тез арада иғлікке жеткізетіні жөніндегі онды-солды берілген уәделермен үштасып, адамдардың санасына құйылып жатты. Әрине мұның бәрі осы лидерлер мемлекеттегі түйінді қызметтерге орналасқанда ғана орындалмақ болатын. Бұл жерде Лев Троцкийдің Коминтернің алтыншы конгресіндегі – социалистердің кейбір сейлеген сөздеріне орай жазылған хатының бірнеше жолдарын еске түсірген де орынды. Ол конгрестің жұмысын Алматыда айдауда жүргенінде қадағалаған болатын. Ол достарына: "Көюжиектегі бұлтты түйеге немесе тіпті балыққа, ал ханзадаға (яғни кезекші көсемге) қажет болса оны жеке алынған бір елдегі социализмге және кез келген өзіндік бір құймаққа ұқсатып, теориялық дәлелдемелер ұсынуға болады" деп жазған. Бізде де шамамен нақ осылай болды, бірақ ол басқа бір тарихи жағдайда өтті.

Оппозициялықты адамдардың көвшілігі сол кезде елдің басшылығы мен саяси партиялар арасындағы қатаң еgestің көрінісі ретінде, сөз бостандығын нені болса соны айтуға және жазуға болатын мүмкіндік ретінде түсінді, тіпті бұл ұлтаралық және әлеуметтік қайшылықтардың отын өршітуге қауіп төндірсе де солай түсінді. Оппоненттің ар-намысы мен қадір-қасиетін аяқта басудан да тайынған жоқ. Сайламалылықты шағын топтық мұдделер үшін "өз" кандидатурасын өткізуға деген құқық ретінде бағалады. Демократиялық принциптердің мұндаи бүрмалануы қоғамның оларды қабылдауға дайын болмағандығынан, сондай-ақ демократияның маңдай тұсын ғана асырыс түрғызудан туындағы. Мұның өзі халықтың демократиялық еркіндіктер мен олардың келеңсіз жүзеге асырылуы туралы түсініктерінің алшақтығына әкеліп соқтырды. Бұл адамдардың терең түнгілісін туғызыды. Олар дәстүрлі мемлекеттік қамқорлықтан айырылудан, құқықтар мен міндеттердің қатаң қыспаққа түскенінен, өзінің тағдырын өзі пішу қажеттігінен қорқа бастады.

Осы кезеңде бәрі де іс жүзінде ескі қоғамды бұлдіруге тырысқан якобиншілерге айналды. Кең қоғамдық бірлік, қордаланып қалған проблемаларды бірақ сілтеп шеше алатын демократиялық басшылар туралы қиял басым болатын. Толыққанды нарықты қындықсыз-ақ қалыптастыру, халықтың тұрмыстық дәрежесін шапшаң көтеру, өте қысқа мерзім ішінде саяси бостандықтары дамыған құқықтық қоғам құру жөніндегі желікпе үміт көпшіліктің ойында басым түсті. Қаласаң болғаны, бәрі де он шешілетін сияқты көрінген.

Алайда, бұрынғы режим күйретілгеннен кейін азаматтық қоғам мен Бастыстағы демократиялар тәрізді демократиялық мемлекет көп ұзамай орнайды деген барлық ТМД елдерінің үміті елес болып шықты.

Бұгінгі таңда бұған тоталитарлық қоғамның шығатын тәте және қысқа жолдың жоқ екені белгілі болды, "Революциялық" шырқауда тарихтың обьективті зандары ұмыт қалдырылды. Батыс өркениетінің ғасырлар бойы құрылғаны ескерілген жоқ; онда ұлттық рынок талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқаны, демократиялық құқықтар жолында аса ауыр қарастар жүргізілгені, парламенттік жүйенің де оп-онай қалыптаса қоймағаны белгілі.

Нарықта тез арада көшу дәмесі де елес болып шықты. Нарық көбіне алғашқы қауымдық жайма базарға айналып; меншікті жекешелендіру оның иесі болмағандықтан пәрменді қызмет атқара алмады; мемлекеттік бюджет несиелік алайқытың көзіне айналды. Халық билігі ретіндегі демократия көбінесе әр түрлі ықпалды топтардың билік жолындағы қарастар, жершілдіктің қүшінде алмасы.

Бостандықтың жемістерін көп ретте қатардағы азаматтар емес, неше түрлі қылмыстың және бүлікшіл элементтер пайдаланып кетті. Бірақ "қысылтаян" кезеңдегі арсыздықтен баудың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың, құқық қорғау органдарының, қаржы-банк, коммерциялық құрылымдардың жылпос өкілдері мен қылмыскер алпауыттарды біріктіріп жібергенін қиналасақ та, мойындауға тұра келеді. Қазір нақ солармен ең қатал қарастар жүргізіліп жатқаны сіздерге белгілі.

Бастаң кешіп отырған әлеуметтік дағдарыстың себептері әзірше әлсіз саяси күштердің тайталасынан ғана емес, сонымен қатар бір жағынан, прогрессіл демократиялық процесс пен екінші жағынан, ескі сананың көрінісі болып табылатын консервативтік күштер арасындағы қайшылықтардан да туындалап отыр.

Ахуалдың шиеленісүнің мәні мынада: адамдардың реформалар мен еркіндікке деген бастапқы ынта-ықыласы нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси тірек тауып, табандай алмауында. Біз әлі толық айқын емес қоғамда өмір сүріп жатырмыз, онда ескі мемлекеттік социализм жүйесінің қуатты блоктары мен демократиялық өмір салтының шашыранды элементтері әбден араласып кеткен.

Бұл проблемалар қайdan туындалап отыр? Ең алдымен, қайта құрудың якобиндік кезеңі халықтың реформаларға, тіпті демократиялық ұғымға де-

ген сенімін біржола үзді. Біздің бұрынғы жүйемізді көрегендікпен саралай білген шетелдік білгілердің бірі сол кездегі ахуалды былайша дәл сипаттайды: "Бәрін де істеуге болады, бірақ жасалып жатқан ештеңе жоқ. Бәріне де рүқсат берілген, бірақ еш нәрсені де жүзеге асыруға болмайды".

Гәп мынада: ол кезде Қеңес Одағы басшыларының сыйндарлы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ешқандай бағдарламасы болған емес. Қеңестік жүйенің іргелі негіздерінің бірде-біріне – КОКП-ның жетекші рөліне, мемлекеттік меншік монополиясына, идеологиялық өктемдікке – қудік көлтірлген жоқ. Ал дәл осы ұстымдар қайта құрудың басты обьектілері болуға тиіс еді. Нәтижесінде жүйені реформалау жүзеге асырылмай, қайта ол қүйреп тынды.

1991 жылғы тамыз айындағы белгілі қызығалардан кейін жаңа Тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу және қазіргі таңдағы әрі болашақтағы проблемалардың бәрінен құтқаратын құдіретті күш ретінде жаппай егеменділік идеясына еліктеу кезеңі басталды. Ашық айтылмағанымен, тәуелсіздік туралы жарияладап, демократия мен нарық бағытын белгілесе болғаны, барлық қыыншылықтар артта қалады деп түсіндіріліп келді. Қазақстанда да осындаі пікірлер орын алды.

Ал шындық бұдан әлдеқайда қатал болып шықты. Ол жарияланған тәуелсіздікпен нақты егемендікке қол жеткізу дің арасында ұзақ жол жатқанын көрсетіп берді. Демократия мен нарықты жариялаудан оларды нақты қалыптастыруға дейін дамудың күрделі кезеңінен өту керек. Бұл әсіресе 1993-1994 жылдары ерекше түсінкіті болды. Бұл кезге дейін әлеуметтік топтардың арасы құрт ажырап кетті. Қоғам біртұтас емес, қайта онда оның болашақ құрылымы туралы өз мүдделері мен түсініктері басым мұлдем бөлек топтар бар болып шықты.

Осы кезең ішінде өздерін партия және қозғалыс деп дабырайта атап жүрген, шектен тыс өзімшіл және қоғамдық мұдделерді көзdemейтін лидерлер бастаған толып жатқан ұсақ топтар пайда болды. Мемлекеттіліктің қалыптасуындағы осындаі ауру екі бірдей парламенттік дағдарыстан, ал мұның немен біткені белгілі және үкіметтің екі рет отставкаға кетуінен көрініс тапты.

Іә, бұл адамдардың реформалардан көнілі қалған, терен қоғамдық саяси қүйзелістің кезі болды. Бірақ бұл сауығу және реформаторлық жолдың барлық қындықтарын біртіндеп сезіну кезеңі де болды.

Мұның бәрін мен тек атап өту үшін ғана емес, өзімнің де қателіктерімді сезіне отырып айтып түрмүн. Бұл жерде тек байқап көру және қателіктерден тағылым алу тәсілін пайдалана отырып, бұрын-сондық көріп-білмеген жолмен жүретініміз арқылы ғана ақталуға болады.

Осыны бәрі түсіне білгенін биылғы 29 сәуірдегі референдумда білдірген халыққа раҳмет.

Сонымен қатар, 1991-1994 жылдары өмірдің барлық салаларында елеу-сіз болғанмен, іргелі сипат алған маңызды ілгерілеулер де болып жатты.

Экономиканы алайық. Біздің өмірімізге әлі толыққанды болмағанымен, өз ережелерін әкелген, республика ішіндегі және мемлекетаралық шаруашылық қатынастарына өз түзетулерін енгізген нарық келіп енді. Мысалы, біз ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі бұрынғы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру туралы жиғайтамыз, олардың үзіліп қалуы өндіріс дағдарысының терендей түсінің елеулі факторы болып отыр. Бұрын бұл байланыстарды мемлекет жоғарыдан реттеп отыратын, ал қазір олар нарықтың жүйе арқылы төмennен реттеле бастады. Тағы бір жайт: бәсекелестік пен оның салдары ретіндегі тауарлардың сапалылығы және олардың нақты бағасы тәрізді нарықтық атрибуттар пайда болды. Мен мұның иғі іс екендігін атап өтпеклін. Сонымен қатар, нарықтық инфрақұрылымның жекелеген элементтері қалыптаса бастады, отандық кәсіпкерлер пайда болды. Меншік режимі белсенді түрде алмаса бастады, сыртқы сауда ырықсыздандырылып, ұлттық валюта нығая түсті.

Тек 1993 жылғы қараша айында тенге алғаш енгізілген сәттен бастап біз елдегі қаржы-экономикалық процесстерін және реформалар барысын нақты басқара бастағанымызды естен шығармау қажет. Мемлекеттігіміздің нақты қалыптасуы да сол кезде басталды. Қазақстан дүниe жүзіне танылды, оның бейбітшіл мемлекет ретіндегі беделі арта түсті. Шетелдік инвесторлар үшін біздегі саяси тұрақтылық басты кепіл болды: сондықтан да олар бізге сенім білдіріл, елімізге келе бастады.

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қоғамдық шырғалаңдардың бәрінен Конституция мен заңдардың негізінде өттік. Таяуда өткенмен салыстырғанда мұның маңызы аз емес: өзгеше ойлайтындар мен жеке адамды тұншықтырудың бұрынғы практикасының орнын проблемаларды шешудің саяси тәсілдерінен және өзгерістердің бейбіт, табиги ағымына деген адалдық басты. Мен мұны жаңа мемлекеттілікті қалыптастырударғы қазақстандық нұсқаның айрықша бөлгісі деп бағалар едім. Біз саяси тайталастың қантегісті қақтығыстарға ұласуын болдырғанымыз жоқ, біздегі парламенттік дағдарыстар қалалардың көшелеріне танктерді шығарудан аулақ болды, біз азамат соғысона кірісkenіміз жоқ, жікшілдік пиғылдармен байланысты шиеленістің ушығына жол берmedік.

Біздің үлесімізге тиғен қындықтар аз емес, бірақ басқа елдердің басынан кешіргенімен салыстырғанда, өтпелі кезеңнің көптеген сұмдығынан біз аман қалдық және сол үшін мақтана аламыз. Сондықтан да мемлекеттіміздегі татулық пен тұрақтылықты бағалап, көзіміздің қарашығындаңай сақтауға тиіспіз. Бүгінгі таңда бұрынғы режимге қайтып оралудың мүмкін еместігі баршаға аян деп ойлаймын – экономикалық жүйеде, адамдардың санасында және қоғамның әлеуметтік құрылымында өте көп нәрселер өзгеріп кетті. Міне сондықтан, үш-төрт жылда жүріп өткен жолымызға кез жүгірте отырып, мынаны ашып айтуда болады: ол халық пен мемлекет үшін тарихи жағынан ондаған жылдарға барабар.

## **Шынайы демократия, тұрақтылық, рухани жаңғыру жолында**

Біздің қоғамымыз жаңа, шынайы демократиялық өзгерістердің табалдырығында тұр. Алайда, егер біз құқықтық мемлекет болуды шынымен қала-сақ, онда Конституцияны мұлтіксіз сақтауға тиіспіз, өйткені ешқандай жағдай заңнан жоғары болуға тиіс емес. Өкінішке орай, біздің идеологиямыз мемлекеттің қогам мен жеке адамға қатысты құқықтық жүгендіздігін олардың мұдделерін қорғаудың қажеттігімен өте ұзақ әрі жиі бүркемелеп келді. Ал сонау қайта өрлеу дәүірінің заңгері Гуго Гроций былай деп сақтандырған болатын: "қажеттілік дегеніміз адамның әлсіздігін көреметтей қорғап, кез келген занды ғүлдіреді".

Қазір ұзақ мерзімге арналған іргелі құжатты қабылдау алдында тұрған кезде біз жағдайдың салдарларынан, қунделікті кездесетін қыындықтардан және неше түрлі "өтпелі кезеңнің қажеттіліктерінен" жоғары тұруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз – күшті мемлекет құру болып табылады, бірақ ол бәрін жаныштайтын күш емес, барша жүрт мойындаған демократиялық бостандықтар мен мұраттардың негізінде азаматтарды қорғайтын құрал болуға тиіс. Бұл орайда жол біреу ғана – мемлекеттің меншікке деген монополиясын белгілі деңгейге дейін шектеу, оның басқа тұрлерін дамыту және әрбір азаматқа қасіпкерлік еркіндігін беру.

Осыланысты әлі күнге дейін "кеңестік күпіден" шыға алмай, мемлекеттік сектордың мұдделерін қорғайтын адвокаттар сияқты болып отырған үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға сын айтқан жөн. Олар меншіктің басқа тұрлерімен тығыз айналысып, жеке бизнеске қемектесуі қажет. Зандар бұған мүмкіндік беріп қоймай, соған ынталандырып та отыр.

Экономикадағы пайда болған жақсарудың жемістерін халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің, ең алдымен – табысы аз, еңбекте жарамсыз азаматтардың, зейнеткерлер мен окушылардың көкейкесті мұқтаждарын қанағаттандыруға жұмсаған жөн. Ал басқаларына келетін болсақ, мұнда мемлекет еңбекте және шығармашылықта өзін-өзі көрсетуі үшін олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджетті жүйелі және сенімді түрде толықтырып отыру керек. Бұл тұста барынша реттелген салық жүйесі шешуші рөл атқаруға тиіс. Біз салық қыспағының салмағы халықтың экономикалық белсенділігін тұншықтырып, қазынаның кірісін қысқартатын-дай шектен асып кетпеуге тиіспіз. Мынадай асыл мәтел бар: салық төлеуші – ертең ауланатын аң емес, мемлекеттің серіри.

Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету және осының негізінде – халықтың жақсы тұрмысқа қол жеткізуі үшін мен үкіметке биылғы жылы қараша айына дейін 1996-2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативті жоспарының жобасын жасауды тапсырған едім. Көптеген егжей-тегжейлі жайттарды қозғап жатпай-ақ, ең бастысын айтайын: бұл құжат Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін кемінде екі есе көтеру, 1998 жылға

қарай инфляцияның жыл сайынғы өсу қарқынын 10 пайызға дейін азайту, 1996 жылға дейін өндірістің өрлеуін қалпына келтіру үшін қажетті шараларды айқындауға тиіс.

Жасалып жатқан осы бағдарламада шағын және орта бизнестің тиімділікпен жұмыс істеуі, жеке меншік көсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыру белгіленді. Сондай-ақ, бұл жерде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін оңтайлы етуге, оған неғұрлым нақтылық беруге, соның ішінде мемлекеттік басқару органдары арасында міндеттемелерді айқын бөлуге және жергілікті органдарға халыққа қызмет көрсету міндеттерін беруге баса назар аударылатын болады, бұрын бұл көсіпорындар мен шаруашылықтардың құзырына жатқызылып келген болатын.

Кеңірек айтсақ, жарияланған демократиямыз, еркін экономика болмаса, диктатура туындастын негізге айналады. Бұл арада жеке тұлғанын, адамдар тобының немесе партияның диктатурасы болса да – бәрі бір. Қоғамның құрылымы қалыптаспаған және тұрақтылығы жеткілікті болмаған жағдайда кез келген кездейсоқтық, оқиғалардың кез келген әрбірі орын алуы мүмкін.

Жақында біз Жеңістің 50 жылдығын мерекеледік. Әлем қазіргі өмір үшін кенес халқының мәнгілік ерлігіне борыштар. Ал дүниежүзілік қырғынды өршіткен Гитлер де өкімет басына демократиялық сайлау арқылы келген жоқ па? Және де адамдардың мудделерін бүркене отырып, қазір де алуан түрлі өрекпіген элементтер әр жерде билікке ұмтылып жүрген жоқ па? Біз өткеннен және осы бүгінімізден тағылым алуға тиістіміз.

Қазақстанда демократияның қажетті саяси кепілдіктері бар. Мен өзіміздің дұрыс даму жолын таңдал алғанымызға сенімдімін. Біздегі көппартиялылыққа кепілдік жасалғанының, баспасөз еркіндігі қамтамасыз етілгеннің өзі осыны дәлелдейді ғой. Мемлекеттік өкіметтің саяси бағыты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге бағдарланған.

Өкінішке қарай, біздің адамдардың бәрі бірдей болып жатқан өзгерістердің қайта айналып соқпайтынын сезіне бермейді. Республикада қоғамда жеткілікті дәрежеде жаппай қолдауға ие болып отырған партиялар әлі қалыптаса қойған жоқ, ал бұл мемлекеттік өкіметтің қоғамдық көңіл-куйді объективті түрде біліп отыру мүмкіндігінен айыруда. Бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін өркениетті саяси құрылым қалыптасып, қоғамға ықпал ете алатын, бағдарламалары мазмұнды және елеулі кадрлар әлеуеті бар партиялар нығая түседі. Олардың өкімет басына келуі нормаға айналып, ең бастысы – бұл қоғам үшін пайдалы болмақ!

Демократиялық қоғам құрудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы бірер сөз айта кетейін. Бұдан бұрын да айтқанымдай Қазақстанда еркін де тәуелсіз баспасөздің болуы – біздің баға жеткісіз демократиялық табысымыз. Көп адамға бұл жайсыз да. Көбіне осыған байланысты мен түрлі топтардан қысымды да аңғарып жүрмін. Дегенмен, мына жайты ба-

тыл түрде мәлімдеймін – біз алдағы уақытта да Қазақстанда еркін журналистика әрқашан орнығуы үшін жағдай жасай бермекпіз.

Ендеше мына жағдаймен де келісу керек: мемлекет баспасөз үшін қалыпты жұмыс жағдайын туғызатын болса, онда ол да заң мен журналистік этика шенберінен шықпауға тиіс.

Өйткені абайсыз айтылған бір сөз болжап білуғе болмайтын оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Кейбір басылымдар өз таралымын ұлғайту үшін ұлттық немесе діни нағым-сенімдерді ашық немесе астыртын түрде пайдалануға әрекет жасауда. Әмірдің қыыншылықтарын құлшына жазып, оның тек көлеңкелі жақтарын көрсету жаппай орын алып отыр. Мұның өзі қоғамда тұйықтан шығар жол жоқ деген сезім мен әлеуметтік қүйзеліс туғызатының және адамның жаңа жағдайда өз орнын тауып, оған бейімделе білуіне зиянын тигизетінін журналистердің түсінбеуі мүмкін емес.

**Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!**

Мен түрлі аудиторияларда және сан алуан адамдармен әңгімелескен кезде жүргізіліп жатқан реформалар рухани азғындауға әкеледі, қаласақ та, қаламасақ та нарық психологиясы қара күшті, қандай жолмен болса да баюды, өзімшілдікті құрметтеу сезімін туғызады деген пікірді жиі естімін. Сіздер де жастарымыз адамгершілік бағдардан айырылып қалды, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінің бастауын құрметтемейді, үлкенді сыйлауды мұлдем қойды-мыс, олар мәңгүрттер, жоғалған үрпақ, бұдан басқа ештеңе емес, деген күнкілді талай естіген боларсыздар.

Үзілді-кесілді мұндаидар тұжырым жасау – ежелден келе жатқан "әкелер мен балалар" дау-таласында ең жақсы дәлел болмаса керек. Бұл проблемаға бұра тартпай қарайықшы: қазір жастардың басым көшілігі шет тілдерін баса үйреніп, басқа елдердің мәдениетіне, салт-дәстүріне ықылас қойып жүр, өз халқының рухани тамырын зерттеп, маркетинг пен менеджменттің негіздерін, басқа да ілім-білімді үйренуде. Және мұның бәрін әбден саналы түрде, жаңа білім алдағы уақытта өздеріне міндетті түрде көрек болатынын толық түсіне отырып істеуде. Мұның өзі шынайы рухани байлыққа, дүниежүзілік, яғни ұлттық мәдениеттің де бастауына жеткізер жол осы емес пе?

Екінші жағынан, меніңше, жас үрпақтың рухани және адамгершілік саласындағы мұралардан толық қол үзіп қалуының қаупін де мұлдем жоққа шығару елеулі қате болар еді. Иә, ақпарат ағынына жол ашқаннан кейін біз шынайы адамгершілік қасиеттерді әсем де жылтыр қағазға оралған арзан да жасанды құндылықтармен алмастырып жүрген бұқаралық мәдениет деп аталатын қоқыспен де кездесіп отырмыз. Әрине, жылдар өте келе жастар шынайы құндылықтарды жасандысынан ажыратса болады. Ал оның күрдөлі әлемде бағдарын тауып, рухани бағытын анықтауына біз, аға үрпақ өкілдері көмектесуге тиіспіз.

Біздің көп ұлттық қоғамымыздың адамгершілік негіздерін қалау мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін көтерілуге тиіс деп ойлаймын. Анығырақ айтқанда – бұл бағытта мемлекеттік саясат қажет, таяу және алыс болашақ-

тағы іс-қимылдардың мұқият өзірленген бағдарламасы қажет. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанында, өміріміздің қайтарымы ең көп "салалары" – білімнің, мәдениеттің, өнердің басым дамуы үшін Қазақстанда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс екеніне барша жұрт келіседі деп ойлаймын. Адам, оның білімі мен мәдениеті үшін жұмсалған қаржы мемлекеттің болашағына жұмсалғаны. Сондықтан жаңа Конституцияның жобасы адамға барынша бағытталған, оның рухани және адамгершілік мұқтаждарының қанағаттан-дышылуына кепілдік береді.

### **Негізгі принциптер**

Қазіргі уақыт өткенді өзгерте алмайды, бірақ одан тағылым ала алады. 1993 жылғы Конституциядағы ағаттықтар мен шалғайлықтар, еріксіз жол берілген мәмілелер кейіннен бірқатар жағдайларда өлді құқықтық және саяси тұйыққа әкеліп соқтыруды.

Қысқа мерзім ішінде парламенттің екі рет тарағанын еске алайықшы. Мұның әрқайсысында ол белгілі бір дағдарысты жағдайда өтті. Ал мұндай жағдай Конституцияда көзделмеген. Оның үстіне өкіметті тежейтін және оған қарсы салмақ бола алатын жүйесін сез жузінде жариялағанымен, іс жузінде Конституцияда бұлар жоқ болып шықты. Социалистік өткеніміз бен нарықтық болашақ арасындағы қыспақта қалған өр алуан түрлі және өзара үйлеспейтін ережелердің берекесіз жиынтығына айналды да, бұл оны дәйектілік пен біртұастықтан айырды.

Алғашында қолданылып келген Конституцияға мейлі көп болса да, тек түзетулер енгізумен шектелу керек деген нұсқаның ұсынылғанын көпшілік біледі. Бірақ одан соң Негізгі Заңның құрылымын ауыстыру, аса принципті ережелерді өзгерту қажеттігі айқын болды, ал бұл ережелер көптеген басқа баптардың түзетілуін керек ететін, ал бәрін бірдей біртұтас және өзара байланысты құжатқа жинақтаудың мүмкін еместігі анықталды.

Соның нәтижесінде сапасы өзгеше Конституцияның жобасы сіздердің қолдарыныңда, онымен соңғы жарты жыл бойы белсене жұмыс істедім. Маған отандық заң ғылыминың үздік өкілдері көмектесті. Жоба отандық және шетелдік сарапшылардың тәуелсіз талдауынан өтті.

Жекелеген ережелер қоғамдық пікірді зерттеу жолымен тексерілді. Менің ойымша, барлық бұлтарыстар мүмкіндігінше ескерілді. Ұсынылып отырған тұжырымдардағы ең өткір мәселелердің құқықтық реттелуі – аса қыын толғаныстардың нәтижесі және оның мақсаты – баршаны біріктіру, біздің қоғаммызда белгілі бір жақтардың тайталасын тудырмау. Жаңа Конституция "халықтың өкіметпен" біртұтас, анық әрі нақты шарты ретінде ойластырылып, ұсынылуы арқылы ерекше болып отыр. Ол адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің, қоғамды үйимдастырудың, мемлекеттік жүйе құрудың және оның жұмыс істеуінің әркімге аян іргелі жүйе түзетін басым элементтерін

тағайындаиды. Және бұдан басқа ештеңе де емес. Қалған жекеше сипаттағы жайттар көдімгі немесе Конституциялық заңдарда өз алдына реттелуге тиіс.

Бұл Конституцияны халық қолдайды деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекеттің өзіндік сипаты бар, "халық еркіндігінің ұлы хартиясына" айналады деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекет ретінде, дүниежүзілік қоғамдастыққа толық құқығы бар мүші болып енген Қазақстанның Әмір сүруі мен дамуының бес негізгі принципі тұжырымдалған деп есептеймін.

Сонымен, біздің конституциялық басым бағыттарымыз мыналар болып табылады:

1. Мемлекетте оның барлық азаматтарының құқық тәңдігі негізіндегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық.
2. Республиканың бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму.
3. Елдің тұтастығы мен оның көп ұлтты халқының бірлігі.
4. Мемлекеттің бірінші кезекте Қазақстан азаматтары туралы жан-жақты қамқорлығына негізделген қазақстандық патриотизм.
5. Мемлекеттік маңызды мәселелердің бәрін референдумда немесе парламентте дауыс беру жолымен бейбіт әрі демократиялық жолмен шешу.

Жобада бұл принциптер келтірілмеген. Бірақ мен олар Конституцияның I-бабында жазылуға тиіс деп есептеймін.

Сіздер жаңа Конституция жобасымен танысқан болар деп пайымдай отырып, оның тек өзекті ережелеріне ғана тоқталмақпын. Қазақстан мемлекеттігінің табиғаты, оның мәні туралы мәселеден бастайын. Бұл орайда Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы идеясы басым болып табылады, ол елдің жаңа Конституциясында көрініс табуға тиіс.

Өзінің қай ұлтқа жататынына қарамастан әрбір қазақстандық азамат Қазақстан – өзінің жан-тәнімен біте қайнасқан туған мемлекеті екенін, жер шарының қай түкпірінде жүрсе де ол әрқалай өзіне көмекке келуге, оның құқықтары мен бостандығын қорғауға дайын екенін сезінуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін өркендету және тәрбиелеу үшін түбірлі негіз пайда болады. Тек осы жағдайда ғана біздің азаматтарымыз қазір бүкіл дүние жүзі Қазақстан ретінде біліп отырған мемлекеттің азаматы болғаны үшін мақтаныш сезіміне бөленетін болады.

Дәл осыған байланысты жобада бұл мәселені шешудің тұтас екі жолы көзделген. Бір жағынан, біздің елімізді Қазақ Республикасы деп атау ұсынылып отыр. Ол ондаған жылдар бойы Қазақ КСР-і деп аталып келді және бұл ешкімді шамдаңдыра қоймаған болатын. Бұл орайда екінші бапта "Қазақ Республикасы" және "Қазақстан" деген түсініктердің тен дәрежелі екендігі көзделген.

Сонымен бірге, қазір күшіндегі Конституциядағы Қазақстанның өзін-өзі билейтін қазақ ұлттының мемлекеті болып табылатыны туралы жазба біздің кейір отандастарымыздың алаңдаушылығын туғызды.

Менің өзім үшін Қазақстан – бір ғана қазақтардың емес, елімізді мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің мемлекеттік өзін-өзі билеуінің нәтижесі.

Жобада Президенттік басқару нысанындағы республика ұсынылады. Мұндай мемлекеттік құрылым бүгінгі мемлекет басшысының әлдебір мүдделері мен жеке ниетінен емес, қайта объективті факторлардан туындалап отыр. Және де бұл біздің еліміз үшін айтартықтай ұзақ келешекке қажет.

Парламенттік республика кезінде үкімет басшысы мен үкімет құрамын парламент белгілейді және олар парламенттің алдында саяси жауапты болады. Оның үстінен үкімет құрамы парламентте көпшілік орынға ие болып, партияның лидерлерінен құрылады. Парламент сайлаған Президенттің мемлекеттік өкіметтің жұмысына ықпалы аз болады және оның шешімдері тек парламент пен үкімет мақұлдағаннан кейін ғана қүшіне өнеді.

Бұл жолмен журу үшін елде парламентаризмнің жетілген дәстүрі мен мәдениеті, көппартиялылықтың дамыған жүйесі және ең бастысы – осының бәрін ой елегінен өткізе алатын халықтың сан алуан жіктерінің түсінігі болуға тиіс. Қазір бізде бұл жоқ.

Президенттік республика түріндегі мемлекеттік құрылыш барынша икемді нысан. Ол Президенттің, парламент пен үкіметтің өкілеттіктерін нақты үйлестіруді көздейді, іс жүзінде билікті заң шығаруши, атқарушы және сот салаларына бөлөтін классикалық қағиданы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда бүкіл халық сайлаған Президент Конституцияны сақтаудың кепілі бола отырып, сондай-ақ биліктің барлық салаларының және халық алдындағы олардың жауапкершілігінің үйлемдастырушысы әрі төрешісі бола алады. Ол мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекет басшысының рөлін және Конституцияны, адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндігін сақтаудың кепілді рөлін атқаруына, биліктің барлық салаларының және бүкіл мемлекеттік организмнің үйлесімді және жемісті міндет атқаруын қамтамасыз етуге көмектесетін органдар құрады. Демократиялық елде "бәрін бірдей шешетін" адам да, орган да болмауға тиіс.

Әрине, президенттік республиканың нысаны өкімет билігін дербестендіруге бейім келеді, бірақ демократиялық тәжеулер бар болған кезде мұның өзі белгілі жағдайда тіпті қажет те. Мұндай басқару реформалар кезеңінде және ахуал тұрақсыз жағдайда басқа қоғамдық жүйеге көшу кезінде, сондай-ақ аумағы кең-байтақ елдер мен көпұлтты мемлекеттерде ерекше тиімді. Қазақстанда және бұрынғы одақтың басқа республикаларында болып жатқан саясаттағы түбегейлі бетбұрыстар мемлекет басшысының басқаруы арқылы мемлекеттің бақылауымен жүргізілуге тиіс, өйтпесе бәрін түгелдей сыйбайласқан жемқор әрі қылмысты топтар билеп алады.

Бұрынғы одақтың аумағында мұндай тенденцияның сорақы мысалдары толып жатыр. Демек, бүкіл реформалар процесінің түпкілікті табысы үшін мұндай бақылаудың маңызы айрықша.

Президенттік республикадағы Президент қалай көрінбек? Оны бүкіл халық сайлайды, ал ол Премьер-министрді және оның ұсынысымен үкіметтің

мүшелерін тағайындаиды. Оларды қызметтөн Президенттің өзі ала алады немесе үкіметке парламенттік сенім көрсетілмеген жағдайда осылай істейді. Парламент белгілі жағдайда президенттік өкілеттікті мерзімнен бұрын тоқтата алады, бірақ Президент те, Конституцияда көрсетілген жағдайда парламентті де таратуға құқылы. Конституциялық сот Президенттің қол қойған заңдарын немесе оның жарлықтарын, егер бұлар Конституцияға қайшы келетін болса, заң қүшінен айыруға құқылы.

Көріп отырғандарыңыздай, президенттік биліктің арбитрлық билікке айналуына жол бермейтін тежеулер мен жақсы салмақтар жүйесі бар. Мен жеке-дара билікті жақтамаймын. Бірақ, сонымен бірге мен Қазақстанда биліктің және мемлекеттік институттардың барлық салаларынан – жас мемлекетті дағдарыстан алып шығуға, оның аяғынан нық тұруына, шынайы демократиялық қоғам құруға қабілетті, құшті өкімет құруды жақтаймын. Мұндай қоғамда азаматтар демократияны елдің заңдарына қатаң бағынудың өзін бостандық ретінде бағалауға тиіс. Және ең бастысы барлық азаматтардың құқықтарының тенденциясында саяси және ұлысаралық тұрақтылықты сақтау. Құшті Президенттік өкімет билігі әрбір жеке азамат пен тұтас алғанда бүкіл қоғамды қорғау мүддесі жолында барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың өктемдігін шектеуге және оның жолын кесуге тиіс.

Оркестрде бір дирижер болуға тиіс, сонымен бірге ол әрбір сазгердің абыройы мен міндеттін төмендетлеуі керек. Өткен жылдардың тәжірибесін талдай келіп, басқаша жолды көре алмай отырмын. Өзіміздің жаңа тарихымызда біз алғашқы қадамдар жасаудамыз және олардың былықтың күшеюіне немесе жаңа қоғамдық тығырыққа тірелмеуі өте-мете қажет. Дүниежүзілік ахуал, сайып келгенде, бүкіл әлем тек демократия тілімен сөйлейтіндей кезеңге қарай ілгерілеп барады дегенге сенетін ел басшыларына қосыламын. Біздің де осы бағытта жүруге тиіс екеніміз даусыз.

Мен демократияға терең берілгенмін, сондықтан осынау биік мінберден өзімнің жүрекжарды сөзімді мынадай тұжырыммен аяқтағым келеді: "Демократияға байыпты қарайтын адамға алынбайтын бөгет қойылады, ал оны жеке көретіндерге – шексіз мүмкіндіктер беріледі".

Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрғанымен, демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті турде өзіне тән бір ерекшелік қосады.

Бұрын айттылғанында, біз үшін демократияны құрудың басты шарты бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, реформаларды тереңдете түсу, жем-қорлық пен үйымдасқан қылмысты жою болып табылады. Әлсіз өкімет елде ең қарапайым тәртіптің өзін орната алмайды, тіпті соншалықты қымбатқа түсken реформаларды орга жығады. Бұл менің ойымнан шығарғаным емес, объективті шындық. Шешуші сөзді Қазақстан халқы айтады.

Жұртшылықты толғандырған жерге жеке меншік енгізу және азаматтық проблемалары, менің пікірімшe, Конституция жобасында оңтайлы шешімін

тапқан. Жердің мемлекеттің меншігінде де, жеке меншікте де бола алатыны Конституциялық жолмен тұнғыш рет айқындалып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында жер сату – сатып алу объектісі болуға тиіс. Бірақ, біздің шындыққа келейікші. Қазір ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді осында жұмыс істеп жүрген біздің азаматтарымыздың қолында қаражаты болмай тұрған кезде сату мен қайтадан сатудың жаппай процесін енгізу бұл адамдарды торап алуды, олардың еріксіз жатақ болуына әкеліп соғар еді.

Біздің қоғамымыз жерге жаппай жеке меншік енгізуге әлі дайын емес. Жер – кез келген мемлекеттің басты байлығы болып табылады. Конституцияны жасау жұмысы процесінде көптеген елдердің жер қатынасы саласындағы практикасы зерттелді. Барлық елдерде де өз ерекшеліктері еске ріле отырып, бұл мәселе көптеген түсінік-ескертпелерді алға тарту арқылы аса мүқият та сақтықпен шешілген. Иә, оларда жер сатылады және қайта сатылады, бірақ бұл процестер өмірлік маңызды ұлттық мұдделерге қысым жасауға мүмкіндік бермейтіндей шеңберде және тиісті процедуралар арқылы жүргізіледі. Біздің қоғамымыз оның басқарушы органдарымен шаруашылық субъектілері осы проблеманы білу мен түсінудің мұндай деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Сондықтан біз тек өзімізге ғана емес, еліміз азаматтының келесі үрпақтарының да меншігі болып табылатын өзіміздің басты байлығымыздан бір-ақ сәтте айрылып қалу қаупіне душар болуымыз мүмкін.

Сондықтан біздің Конституциямыз "жай жүріп жалпақ бас" принципі бойынша "жүріп келеді" және бұл мәселелердің болашақта шешілуін көздейді. Ал қазір жердің жеке меншікке тек заң бойынша белгіленген негізде, шартта және шекте болуы ықтималдығы қарастырылған. Осы ережеге сүйене отырып, бау-бақшага және үй жанындағы участкеге, сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық жұмысы үшін қажетті жерге ғана жеке меншік енгізілетін болады.

Бұлардың соңғысы отандық және шетелдік инвестордың біздің елімізде өз кәсіпорның батыл ашуына мүмкіндік береді. Өндірістік аумақта жеке меншік құқығының болуы оны жергілікті өкімет орындарының өктемдігі мен неше түрлі қоқан-лоққы жасаушылардан қорғайды. Жерге жеке меншік енгізу туралы мәселеге тым саяси мән беріліп жүргенін ескерте кетейін. Қазір қүшіндегі жерді 99 жылға мұрагерлікпен пайдалануға болатындей етіп, ұзақ мерзімге жалға берудің "толық" жеке меншікке беруден айырмашылығы аз. Тек бұл құқықты жалға берушінің өз бетімен мерзімін қысқартта алмайтындей және әлдебір ойдан шығарылған талаптар қоя алмайтындей нысанға енгізу керек.

Азаматтықка келер болсақ, Конституция ешкімді де шет қалдырмай, тек Қазақстан азаматтығын ғана бекітеді. Бізде Ресеймен азаматтық берудің өзара женілдетілген нысаны туралы келісімге қол қойылғанын білесіздер. Таяуда мен бұл тәртіпті бүкіл ТМД көністігіне тарату туралы мәселе қойдым. Қазір біз азаматтық берудің женілдетілген нысаны жөніндегі концеп-

цияның жобасын дайындал жатырмыз және оның ТМД басшыларының келесі кездесуіне қарауға ұсынбақызы.

Реформалау процесін бастан кешіп жатқан және ішінде сенімсіздікке ұшыраған қоғам жағдайында тек біртұтас азаматтық қана айқындық енгізіп, адамдардың санасындағы екіудайлышты жояды. Екі тұғырға сүйену ешқашан да жемісті болып, абырой әперген емес. Негізгі принциптерде айттылғанында, біз тек Қазақстан азаматының жағдайы басқаның бәрінен басым болатының қамтамасыз етуге тиіспіз.

Тіл жөнінде айқындалу бәрінен қыын болды. Түрлі ықтимал нұсқалар қаралды. Талай рет жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар мен ұзақ айтыстардан соң қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қалдырылсын деген бір тұжырымға келдік. Оған мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі ресми турде қолданылады деген мазмұндағы маңызды ереже қосылды. Бүгінгі таңда бұл проблеманың ең оңтайлы шешімі деп ойлаймын. Бұған қоса белгілі бір тілді білмегендігі үшін азаматтардың құқығын көмсітүге тыыйм салатын арнайы ереже енгізілді. Тиісті баптың орындалуына қатаң мемлекеттік бақылау жасалды.

Бірден айтайын, қос мемлекеттік тіл енгізу туралы ұсыныстар болды, олар барынша мұқият және жан-жақты талқыланды.

Халықтың әр түрлі топтарында қоғамдық пікірді зерттеу жүргізілді. Ақырында көптеген себептер бойынша мұның жарамсыздығы туралы пікір басым түсті. Мұндай жағдайда азаматтардың барлығы үшін екі мемлекеттік тілді білу міндетке айналатыны – маңызды дәлелдердің бірі бола алады. Қазір бұл мүмкін емес, сонымен қатар осының салдарынан шиеленістер мен қақтығыстардың туып кетуі ықтимал екені өздерінізге де түсінікті.

Қазақ тілінің мемлекеттілігі ең алдымен оны қазақтардың өздері менге-руі үшін қажет. Бұрын оның әдейі аз талап етілуі салдарынан, көптеген қазақтар қазір ана тілін нашар біледі, бірталайы мүлдем білмейді. Бұған олар кінәлі емес. Ал тағы да екінші мемлекеттік тілді енгізу қазақ тілін түйіктап, іс жүзінде теңсіз жағдайын тереңдете түсер еді. Мұның өзі қазақтарға жасалған тарихи қылмыс болар еді және бұрынғы империялдық саясаттың салдарын жоюдағы біздің дәрменсіздігімізді көрсетер еді.

Біздің тағы бір маңызды нәрсені ескермеуімізге болмайды. Кейбіреулердің ұсынғанында, мемлекеттік қазақ тілін сақтамау қазақтарды мемлекеттік тілі сақталған Орта Азиядағы көршілерінің алдындаған емес, сонымен бірге ТМД-ның басқа да елдерінің алдында кемшін жағдайға қояр еді. Бұл әсіре ұлттыл топтардың пайдаланып кетуі мүмкін ұдайы тұрақсыздандыру факторына айналар еді.

Тіпті Қеңес өкіметінің кезінде де бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Егер Қазақстан егемен ел болмаса да, қазақ тілін қайта еркендету мәселе сі көтерілетінін түсінген абзал. Өзіне тән мәдениеті бар, әлемдегі 1113 халық пен ұлттың арасында саны жағынан 80-ші орын алатын, миллиондаған өкілі бар өмір сүріп отырған халық тапа-тал түste өзінің тарихи Отанында ана

тілінен айырылып, басқа бір ұлысқа сіңіп кетуіне өшкім де бұдан былай төзбес еді. Ал бұрынғы Қеңес Одағының бүкіл аумағында осындай, шын мәніндегі арсыздық әрекет белсенді турде жүргізіліп келді және ол барлық халықтарға қатысты болды.

Егер орыс тілі туралы айтар болсақ, оның қазіргі бекем жағдайы сол қалпында сақталады, өйткені ол қоғамда мемлекеттік тілмен қатар ресми түрде қолданылады деп көзделген. Басқаша айтқанда, Қазақстанда орыс тілінде алынған оқу мен білімнің қажеттілігі, аттестаттар мен дипломдардың басқалармен тең бағаланатындығы сақталады. Бұл біздің ұлты орыс азаматтарымыздың өз келешегі және өз балалары мен немерелерінің тағдыры үшін алаңдауын тыюға тиіс.

Орыс тіліне нақты мәртебе беруге қарсы шығып жүргендерге ашық айтқым келеді: оның ресми тіл ретіндегі мәртебесі елдің орысша сөйлейтін азаматтарының тең құқығын қамтамасыз етеді. Тек бұл ғана емес. Мұның өзі біздің білім алушымызға, дамуышымызға қажетті ақпараттарды алып жүрген тілге деген құрметіміз. Бұл – қазақтарға жан дүниесі жақын орыс халқына және бұдан былай да бауырластық сенімді қатынастарды сақтап, дамыта бергіміз келетін Ресейге деген сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі құрметіміздің көрінісі.

Орыс тілі бұрынғысынша білім берудегі басты тіл және алуан түрлі ақпараттар алушың негізгі көзі екендірі аян. Көптеген қазақтар осы тілде жоғары білім алуша. Ұлы Абайдың өсietтін еске түсіріп көрейікші: "Орыс тілін білсөн, көкірек-көзің ашылады... орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті...". Республиканың барлық тұрғындары дерлік орыс тілінде сөйлейді. Сондықтан орыс тілі тәмемдетіліп отыр деуге еш негіз жоқ.

Мәселе мынада, бұрынғы абсолютті түрдегі этникалық жайлы жағдай мен орыс тілінің бәрін де қамтитын монополиясында кейбір өзгерістер болды.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы – орыс тілінің қолданылу аясын тарылту мақсатымен оған ор қазу емес, қайта қазақ тілінің жоғалып кетуін болдырмауға және оны Қазақстандағы орыс тілінің денгейіне дейін көтеруге деген ұмтылыс екендігін баршаның түсінуі және қабылдауы қажет. Тіл төнірегіндегі айтыстар кезінде орыс тілінің шектес жатқан Ресей тәрізді қуатты да мәнгілік бесігі тұрғаны тәрізді маңызды жайт назардан сырт қала береді.

Осылардың бәрін қоса алғанда, "таяу болашақ ішінде осы ұлты тілге төніп тұрған қауіп бар ма?" деген сұрақ туады.

Ал сонымен қатар лингвист-ғалымдардың пайымдауы бойынша, қазақ тіліне төнген қауіп қазірдің өзінде аса зор болып отыр. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне бес жыл өтсе де, оның қоғамдағы жағдайының өзгерे қоймағанына өкінемін. Сондықтан басқа тілдердің кемсітіліуіне жол бермestен, қазақ тілін сауықтыру жөніндегі арнаулы Заң мен әбден ойлас-

тырылған, салмақты шаралар қабылдау талап етіледі. Бұл Конституцияның етпелі кезең ережелерінде жазылған.

Жобада құқықтар мен бостандықтар туралы нормалар жаңаша ұсынылған. Олар өкіметтің қоғамға "барқыт қолғап киген темір қолын" көтеруі мүмкіндігінің жолын кеседі.

Бұл бөлімге тек азаматтың ғана емес, сонымен қатар адамның да құқықтарына қағысты нормалар алғаш рет енгізілген. Онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын өктемдікпен шектеудің кез келген түріне қатаң Конституциялық кедергілер қойылған.

Әзінің социалистік мазмұны бойынша сан алуан, әсем сөзбен өрнек-телген және шексіз құқықтар мен бостандықтардың орнына Конституциялық жаңартылған бөлімінде күнделікті өмірде нақты қажет және іс жүзінде асырылатындары ғана келтірілген. Әңгіме әр адамның қажетті қорғаныстың қоса алғанда занға қайшы келмейтін барлық әдістер арқылы өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сот арқылы қорғамау, занмен сот алдында барша адамның теңдігі, кез келген белгілері бойынша цензура мен құқықтарын кемсітуді болдырмау құқығы, сондай-ақ, басқа да нормалар туралы болып отыр.

Жобаға адам мен азаматтың жеке бостандығының классикалық элементтерін құрайтын төмендегідей қосымша конституциялық құқықтары енгізілген жеке басының бостандығы, құқығы және оған ешкінің қол сұға алмауы; жеке басының және отбасылық құпиясы, өзінің абыроны мен жақсы атын қорғауы; жеке салымдары мен жинақтарының, жазған хаттарының, телефон арқылы сәйлескен сөзінің, пошта, телеграф арқылы жолдаған және басқа хабарларының құпиялығы; өзінің қай үлтқа жататынын көрсетуді немесе көрсетпеуді таңдай алу құқыны; өз ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиесін, окуын және шығармашылығын еркін таңдау құқығы.

Жобада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін көбірек айтылып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір конституциялық шектеулер де қойылғанын ескерте кетуге тиіспін. Бірақ бұл конституциялық құрылышты, қоғамдық тәртілті, халықтың денсаулығы мен адамгершілік мұраттарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, соншалықты деңгейде ғана болмақ. Біздің еліміздегі үлтаралық көлісімді бұза алатында кез келген әрекет Конституцияға жатпайды деп танылатыны айрықша атап көрсетілген.

